


Әмірова Мейізхан Жолдыбайқызы



КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ
Жоғары оқу орындарының психология
мамандығына арналған оқу құралы



Алматы, 2012

Тұран университеті Кеңесінің шешімен ұсынылған

Пікір жазған: ф.ғ.д., ?????

Әмірова М.Ж.

Б ??? Кәсіби қазақ тілі. Оқу құралы// Профессиональный казахский язык: Учебное пособие. – Алматы: ????, 2012. - ??? стр.

ISBN ?????

Оқу құралы қазіргі кезде орыс тілді аудиторияда отырған ұлты қазақ немесе қазақ тілін екінші тіл дәрежесінде меңгерген студенттерге пәнді мамандыққа қарай тереңдете үйрету басты мәселелердің бірі болып отыр. Бұл оқу құралы жоғары оқу орындарындағы психология мамандығының қазақ тілін үйренуші орташа және тереңдетіп оқитын топтарға арналған.

Б ????

ISBN ?????

АЛҒЫСӨЗ

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кәсіби материалдар арқылы оқыту – өмір талабы. Яғни, тіл үйренуші өзінің өмірлік кәсібіне байланысты мәліметтер алуы қажет. Күнделікті қарым-қатынас кезінде, болашақта кәсіби терминдерді қызмет барысында еркін қолдану үшін барлық жоғары оқу орындарында *кәсіби қазақ тілі* пәні енгізілуде. Сондықтан мемлекеттік тілді студенттің кәсіби мамандығына қалыптастырып оқыту – кезек күттірмейтін мәселе.

Оқу құралының басты мақсаты – өзі таңдаған мамандық саласы бойынша студенттердің сөздік қорын байыту. Бұл ұсынылып отырған оқу құралы жоғары оқу орындары *психология* мамандықтарының орыс тілді студенттеріне арналған.

Оқу құралындағы лексикалық тақырыптар *психология* мамандығына қатысты ең қажетті деген тақырыптар сұрыпталынып, сол тақырыптардың мақсатын ашатын іріктелініп алынған шағын мәтіндер мен коммуникативтік бағыттағы тапсырмалар жүйесі тілді меңгертудің жүйелі түрде беріліп, студенттердің ауызша және жазбаша тілін дамытуға, яғни еркін сөйлетуге, сауатты жазуға бағытталған. Әр мәтін студенттің қазақ тіліндегі сөздік қорын молайтып, олардың танымдық көкжиегін кеңейтеді. Әр мәтіннің мазмұнына сәйкес сұрақтар, сұхбаттар мен аударма жұмыстары қатар берілген. Осы ретте ескеретін жәйт – мәтінді мазмұндауда өз түсінігін өз сөздерімен жеткізуге тырысу керек. Өз сөзімен мазмұндау студенттің тілді меңгеру дәрежесін жоғарылатады. Осындай материалдардың негізінде ауызша сөйлеу, ой түйіндерін жасау кәсіби тілін жетілдіруге септігін тигізеді.

Лексикалық бірліктерді дұрыс айтуға, жазуға арналған грамматикалық жаттығулар лексикалық тақырыптың негізінде құрылған. Орыс бөліміндегі студенттерге қазақ тілінде ойын дұрыс жеткізе білуде бірден-бір қажетті грамматикалық құрылымдар етістіктің шақ, жақ, рай және етіс категорияларынан жасалған құрылымдарды меңгерту аса қажет. Оның ішінде күнделікті сөйлеу тілінде аса қажетті айтылмақ ойды жүйелі, анық, әрі ұғынықты жеткізу үшін тірек болатын сөз табы – етістік. Сондықтан етістік тұлғаларына әртүрлі ситуациялық жағдайларға сәйкес тапсырмалар беріліп отырады.

Кейбір сабақ соңында тәрбиелік, танымдық мақсатта құрылған тапсырмалар ұсынылған.

Жинақтап келгенде тілдік дағдыларды жетілдіруде *жызылым, оқылым, тыңдалым, сөйлесім* әрекеттерінің түрлерін қатысымдық мақсатта меңгерту – қазіргі заманғы лингвовоидиактикадағы өзекті мәселелердің бірі.

Оқу құралы соңында қосымша мамандыққа қатысты терминдер мен сөз

тіркестерінің түсіндірме сөздігі берілген. Жалпы студент мемлекеттік тілді өз мамандығы аясында қолдана алатындай білім дәрежесіне жетуі тиіс.

1-САБАҚ

СӨЗ ӘДЕБІ

Күнделікті тіршілік барысында адам әр түрлі адамдармен кездеседі, сөйлеседі, пікір алысады, тәжірибе алмасады. Ал олар адамдардың өзін-өзі ұстауы, мінез-кұлық, жүріс-тұрыс, киім киюі, сөйлеуі арқылы жүзеге асады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас моральдық нормамен реттеледі. Қоғамдық ортада адамның мәдениеттілігі, өресі көбіне оның сөйлеуінен көрінеді.

Сөйтіп сөйлеу әдебінің өзіне тән нормалары мен ерекшеліктері қалыптасады. Сөз арасында қолданылатын: *кешірініз, мүмкін болса, мақұл көрсеңіз, рұқсат етсеңіз, қалауыңыз білсін* т.б. сөздер тілге сыпайылық сипат береді. Мұндай майда сөздер үлкенге де, кішіге де жарасымды болып, адамның кішіпейілділігін көрсетіп тұрады. *Шырағым, қарағым, қарындас, інішек, ағай, апай, атай, әжесі* сияқты қаратпа сөздер үлкен мен кішінің арасындағы ілтипат, әдептілік көрсеткіштері. Адамның «сіз» бен «сен» сөзін орынды қолдануы да әдеп сақтауға жатады. Жылы, жағымды сөздер адамның көңіл-күйіне тікелей әсер етеді.

Сөздің қолдануы мен мағынасынан тыс сөйлеуде интонация, дауыс ырғағы да зор рөл атқарады. Айтылатын сөз немесе сөйлем интонация арқылы да әр түрге өзгереді.

Мысалы интонация арқылы сөзді немесе сөйлемді мәнерлі, жұмсақ әрі көркем етіп жеткізуге болады. Әдепті адамның ісі де сөзі де жағымды әсер береді. Сөйлемде басқа тілдің сөздерін араластырып, тілді шұбарламай таза сөйлеу де адам өресінің деңгейін көрсетеді.

Сөздік

әдеп - этикет

сөз - сл. речь

пікір алысу - обмен мнениями (опытом)

өзін-өзі ұстау - владеть собой

мінез-құлық - характер
өре - интеллект
жүріс-тұрыс - поведение
кішіпейілділік - вежливость
ілттипат —любезность
қаратпа сөз - обращение
ерекшелік - особенность
тіршілік - существование, зд. бытие
майда сөз - вежливые слова
ырғақ - ритм
мәнерлі - выразительно
әсер - впечатление
деңгей - уровень
шұбарламау — не искажать

Тапсырмалар:

1. Мәтінді мәнерлеп оқып, аударыңыздар.

2. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрыңыздар.

3. Берілген сөздердің мағынасын түсініп, сөз тіркестерін құрастырыңыздар: *кішіпейіл, жарасымды, ерекшелік, мәнерлі, жұмсақ, өре, тіршілік, көңіл-күй.*

4. Төмендегі сөз тіркестерінің мағынасын қалай түсінесіздер? Қарама-қарсы мағынасын жазыңыздар.

Майда сөз, жылы сөз, сыпайы сөз, жағымды сөз, мәнерлі сөз.

5. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар.

Күнделікті тіршілік, пікір алысу, тәжірибе алмасу, адамның мәдениеттілігі, ілттипат көрсету, әдеп сақтау.

6. Мәтіндегі сыпайылық танытатын сөздер мен қаратпа сөздер тізіміне тағы қандай сөздер қосар едіңіздер.

7. Сөздерге тиісті жалғауларды жалғап сөйлем құрастырыңыздар.

а) Адам, кездесу, әр түрлі, адам, күнделікті тіршілік.

ә) Сөйлеу, әдеп, қалыптасу, норма.

б) Жағымды, әсер ету, көңіл-күй, сөз, адам.

в) Сөйлеу, интонация, рөл атқару, зор, дауыс ырғағы.

г) Таза сөйлеу, көрсету, адам, өре, шұбарламай, тіл.

♦ Өзімізді байқап көрейік!

1. Күнделікті қарым-қатынаста тілдесу, сөйлесу әдебін-сақтап жүрсіз бе?

2. Тіл шұбарлығы деген ұғымды қалай түсінесіз? Қазақ тілінің шұбарланбауына қандай үлес қосар едіңіз?

2-САБАҚ

ӘДЕПТІЛІК

Қазақ халқының салтында үлкенді сыйлау әдептіліктің бір үлгісі болып табылады. Ата-ананы сыйлау, оларды қадірлеу, ізет көрсету адамның ең қастерлі қасиеттерінің бірі. Кіші үлкенді сыйласа, үлкендер де өз тарапынан оған лайық ықылас білдірген. Содан барып үлкен мен кіші арасында жарасымды қарым-қатынас орнаған. Ол әдетке айналып әдептілік ережелерін тудырған. Үлкендер отырған жерде сөз жарыстырмай, ізет көрсете білу, көңілге қарай сөз айту, қажет кезде өзінді ұстай білу халық дәстүрінде қалыптасқан қасиеттер.

Әдептілік адам бойында бірден қалыптаспайды. Ол -біршама жылдардың, қоршаған ортаның, жақсы тәрбиенің жемісі. Ата-ана өз балалары үшін тәртіптілік пен сыпайылықтың, жарасымдылықтың, қамқорлықтың үлгісі, отбасындағы тәрбие күдіреті осында.

Адамдар арасындағы қарым-қатынас әдептілікке негізделсе, жан-жағына жылуын шашады, әдепсіз болса қапаланландырады.

Адам ең әуелі адамгершілігімен, әдебімен көрікті.

Әдептілік - өзінді әр түрді жағдайда мінез-құлықтың жалпы ережелеріне, эстетикалық, этикалық талаптарға сәйкес ұстай білу.

Әдепті адам ыңғайсыздық тудыратын жағдайды болдырмауға тырысады. Әдепті болу үшін өзінді-өзі ойша болса да басқа адамдардың орнына қоя білуің керек. Әдепті адам өзінің басқа адамды жек көретінін немесе өте жақсы көретінін көпшіліктің алдында білдірмейді, бұл басқаларды ыңғайсыз жағдайда қалдырмау үшін қажетті.

Адам мәдениеті жоғары болған сайын, оның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы сыпайы бола түседі.

Сөздік

қадірлеу — ценить, уважать
ізет көрсету — оказать уважение
өз тарапынан — со своей стороны
лайық — соответствующий
жарасымды қарым-қатынас — взаимные отношения
жеміс — плод
үлгі - пример
құдірет — всемогущество
негізделу — основываться
қапаландыру — огорчать
ең әуелі - сначала
ыңғайсыздық - неудобство
айналасындағы - в окружении

Тапсырмалар:

1.Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрастырып, мәнін түсініңіздер.

Ізет көрсету, жек көру, жақсы көру, қастерлі қасиет, сөз жарыстыру, өзіңді ұстай білу, көңілге қарау.

2.Берілген сөйлемдерді мәтін бойынша толықтырыңыздар.

- а) Қазақ халқынын салтында үлкенді сыйлау өдептіліктің бір үлгісі..*
- ә) Әдептілік адам бойында бірден ...*
- б) Адамдар арасындағы қарым-қатынас*
- в) Әдептілікке негізделсе...*
- г) Әдепті адам ыңғайсыздық тудыратын жағдайды болдырмауға ...*

3. Мәтіннен психологиялық терминдерді көшіріп жазып, есте сақтаңыздар.

4. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Мәтінде сіз келіспейтін пікір бар ма?*
- 2) Сіздің ойыңызша әдепті адам кандай болуы керек?*
- 3) Салт-дәстүрдің адам психологиясының қалыптасуына әсері бар ма?*

ӘДЕП

Үлкен-кіші болсын әдеп сақтау – халықтық тәлім-тәрбиенің аса үлгілі, тәрбие ісінде қалыптасқан заңы. Ұлтымыздың үлкеннің кіші алдындағы, кішінің үлкен алдындағы, ерінің әйел алдындағы, әйелдің ері алдындағы әдеп сақтау үлгілерінің тамаша көріністері өте көп. Мысалы, үлкеннің жолын кеспеу, үлкеннен бұрын сөйлемей, келінге сыпайы сөйлеу, ата алдында иба сақтау, сәлем беру, сәлем алу жолы тағы басқа әдептілік белгілері. Әдептілік – әр адамның бет-бейнесі, өзін-өзі таныту жолындағы үлгісі, адамның қасиеті.

ӘДЕТ

Адамдарда әр түрлі әдет болады. Халқымызда мынадай мақал бар: «Жирен жаман әдеттен, үйрен жақсы әдеттен». Әдеттің жақсысы да болады, жаманы да болады. Мысалы, біреу өсек айтады, арыз жазғыш, енді біреу үнемі таңертең жүгіреді немесе жана әндерді міндетті түрде үйреніп алады. Мұның бәрі халық ұғымында әдет деп аталады.

1. Әдеп пен әдеттің айырмашылығын біліп алыңыздар. Өздеріңіз білетін жақсы мен жаман әдеттерді екі бағанға тізіп жазыңыздар:

Әдеп әліппесін есте сақтаңыздар!

Танысын, танымасын үлкен кісіге сәлем бермей өтпейді.

Орынсыз жерде күлмейді.

Көпшілікке қарап түшкірмейді, есінемейді, кекірмейді.

Жасы үлкен кісілердің алдын кесіп өтпейді.

Адамның аяғын аттамайды.

Білетін адамдардың қуанышты, қайғылы істеріне үнсіз қалуға болмайды.

Жасы үлкен адамдар отырған жерде жастар қисаймайды, жатпайды.

Көпшілік отырған жерде көз қысу, саусақ шығару, ерсі қимылдар жасау ұят.

Жұрттың көзінше бергенін айтпайды, қарызын сұрамайды.

Үйге жүгіріп кіріп, жүгіріп шықпайды.

Жасы үлкен кісіден жоғары отырмайды.

Қонақ келгенде үй сытырмайды, баласына не басқа біреуге ұрыспайды.

(М.Мамаева және басқалар.

«Қазақ тілі» оқу құралынан алынған).

♦ Өзімізді байқап көрейік!

1-оқиға

Көше бойымен таяққа сүйенген қарт келе жатыр. Белін жаза алмайды, басын көтеріп жолға қарауға шамасы келмей келе жатыр. Сіз оған қарсы кездестіңіз. Не ойлайсыз? Не істейсіз? Не дейсіз?

2-оқиға

Сіз автобуста отырсыз, бір әжей кірді. Әрине тұрып орын бересіз. Әжей қуанып алғыс айтады. Отырғызып жатып сіз байқамай артыңыздағы адамды итеріп қалдыңыз, не аяғын басып алдыңыз. Ол адам ашуланып шу көтерді. Кім қандай сез айтты? Кім не істеді? Мұның аяғы немен бітті деп ойлайсыз?

3-САБАҚ

ПСИХОЛОГИЯ

Психология - (грек. сөзі psuche- ішкі сезім, жан және logos -сөз ой, сана) – жануарлар мен адамдар психикалық әрекетінің заңдылықтары туралы ғылым. Бұл ғылымның өзіндік таңбасы (пси деп аталатын грек әрпі).

Психикалық құбылыстар (түйсік, елес, ой, сезім, тілек, ерік, қабілет, мінез, әрекет т.б.) сыртқы дүние мен заттар құбылыстарының әр түрлі формаларының (психикалық процесс, қалып, қасиет) заңдылықтарын қарастырады. Адамның жан-дүниесін – байқау эксперимент, әңгімелесу, интервью, сауалнама, өмірбаян т.б. әдістер арқылы зерттейді.

1879 жылы неміс ғалымы неміс В.Вунт Лейпцикте тұңғыш рет Психологиялық лаборатория ұйымдастырды. Осы кезден бастап психологияның ғылым ретіндегі жаңа теориясы басталып, ол экспериментті ғылымға айналды. Адамның жан дүниесін түсіндіруде ғалымдар қарама-қарсы екі бағытта болды. Мәселен, идеалистер (Платон, Беркли т.б.) табиғат, болмыс, дүние идеядан кейін пайда болды десе, материалистер (Демокрит, Чернышевский т.б.) материя алғашқы, ал психика, сана, идея табиғаттан туындайды деп түсіндіреді. Психика жайлы байсалды ғылыми пікірлер әр заман ойшылдарының еңбектерінен кездеседі. Осы арада қазақ жерінде туған энциклопедист ғалым әл-Фарабидің орны ерекше. Ғұлама осы ғылым саласында жеті трактат жазған.

Сөздік

әрекет – действие; старание; попытка

құбылыс – явление; изменение

түйсік – восприятие

қабілет – способность

бейне – образ; облик

заңдылық - закономерность
ұйымдастыру – организовать
ерекше особенно; особо
жан дүние – душевный мир
байқау – следить; наблюдать; замечать
пікір – мнение; мысль
ойшыл – мыслитель

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер:

- а) Психология қандай ғылым?*
- б) Психикалық құбылыстар дегеніміз не?*
- в) Психологияның басқа ғылым салаларынан қандай ерекшеліктері бар?*
- г) Адамның жан дүниесін қандай тәсілдер арқылы зерттеуге болады?*
- д) Психологиядағы тарихи ағымдар жайлы не білесіз?*

3. Мәтінде кездесетін психикалық әрекет, психикалық құбылыс, тәжірибелік ғылым деген тіркестердің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыздар.

Берілген слайдтарға назар аударыңыздар!

Психологияның даму тарихы


Ψ

Ежелгі дамуы

Бұл "жан туралы ілім" деген ұғымды білдіреді. Психологиялық ғылыми білімдердің тарихы екі кезеңге бөлінеді. Оның біріншісі — шамамен 2500 жылға созылған, көшбасы Аристотельден басталатын жан дүниесі жайлы түрлі ой-пікірлердің ілкі тарихы. Осы кезең ішінде психология басқа ғылымдармен, әсіресе, философиямен қосақтаса дамып келеді.



"Психология" терминінің бірінші қолдануы 1590 жылы Неміс схоластик пәлсапасышы Рудольф Гекельге беріледі. Алайда одан алты ғасыр бұрын Хорват гуманисті - Марко Маурулиц бұл терминді өзінің кейіннен жоғалған еңбегінің есімі ретінде қолданған. Бұл әрине терминнің ең бірінші қолданылуы болмауы мүмкін, бірақ бұл бүгінгі күндегі терминнің ең алғашқы құжатталған қолданылуы болып есептеледі.



Геккель



Маурулиц

Бұл термин қауымның кең қолданулуына Неміс идеалист пәлсапасышысы Кристиан Вольфтің (1732-1734) *Psychologia empirica және Psychologia rationalis* (1732-1734) атты еңбегі жарық көргеннен бұрын еңбеген. Эмпирикалық және рационалды психологиялардың арасындағы бұл ажыратылуы Дидьероның Энциклопедиясынан алынып, Францияда Мэн дө Биғанның көмегімен кең тараған.


Өзінің "жан" мен "тану" деп көне грек тілінен аударылған түбірлеріне қарамастан, психология ғылымы өзінің діни мәнінде адам жанының зерттеуі болып тек одан көп уақыт өткеннен кейін, христиандық заманда танылды.

Психология медицинаның тарауы ретінде танылуы Томас Уиллистің ми функцияларының мәніндегі "Жан Доктринасы" мен анатомиялық трактаты "Хайуан Жандар Жайлы Екі Пікірлесу" ("De Anima Brutorum") атты еңбектерінде көрінеді.

19шы ғасырға дейін психология пәлсапаның бір тармағы ретінде қарастырылды.



Вольф



Уиллис

Ерте жаңа заман


1879 жылы "психологияның атасы" болып танылған Вильхельм Вундт (1832-1920) Германияның Лейпциг Университетінде психологиялық зерттеу зертханасын ашты. Вильям Джеймс, америка пәлсапасышысы өзінің "Психология Принциптері" (1890) атты жемісті кітабын жариялап, келесі жылдарда психологтардың назарын жинақтаған көптеген мәселелерінің іргетасын қалады. Бұл өріске өздерінің үлестерін қосқан, тәжірибелік түрде еске салу, есте сақтау, еске түсіру функцияларын Берлин Университетінде зерттеген Херманн Эбингауспен бірге қазір классикалық шарттастық болып танылған тәлім тану процесін зерттеген орыс физиологы Иван Павловты атап айту керек.



Вундт



Джеймс



Павлов


Осы тұста, 1890 жылдары Аустрия дәрігері, невролог, тәжірибелік психологияда бейресми білімі бар Зигмунд Фрейд психотерапияның жаңа әдісі — психоанализді дамытты. Фрейдтың ақыл-ой жөніндегі түсініктері интрепретативтік және интроспективтік әдістемелерге кең шамада негізделген, ақыл-ой дерттілігін шешу мен психопатология үстінде жинақталған. Фрейдтың теориялары кең тараған, оның себебтерінің үлкен бірі — теориялардың сексуалдылық және жаншу психологиялық дамудың негізгі аспектілері ретінде қарастыру сияқты мәселесін қозғау. Бұл сол кездің аттеріс мәселері болып саналған, ал Фрейд болса олардың оқымысты қоғам ішінде кеңінен қарастырылуына жол ашқан. Фрейд теориялары жалпы психология теорияларына ықпалы зор.



Жаңа заман

Әйткенмен бихейворизм айтарлықтай жаңалықтарды ашса да, адам іс-әрекетін зерттеуіндегі жолбасшысы болуы үшін жеткіліксіздігі анық көрінді. Ноам Хомскийдің Скиннердің "Ауызша Іс Әрекет" атты кітабі жайлы шолуы бихейворизм патшалығының біту себебінің ең басты факторларының бірі болып танылады.

Өзінің Туғызушы Грамматика теориясында Хомский тіл үйрену тек шарттастық арқылы орын алынбайтығын дәлелдеді. Адам мағынасы мен құрастырылуы жағынан бірегей сөйлемдерді тек табиғи тіл тәжірибесі арқылы өндіруі мүмкін емес. Бұл бихейворизм алдамшы деп мойындамаған ақыл-ойдың ішкі ахуалының бар болуын білдіреді.



Бұл мектептің негізін қалаған кей теоретиктер — адам мұқтаждылығының иерархиясын шығарған Эбрахем Маслоу, клиент айналысында орнаған терапияның жасаушысы Карл Роджерс және Гештальт терапиясын тудыру мен дамуына ат салысқан Фриц Перлс.

Ми мен жүйке жүйесінің әрекеті арасындағы қатынас кең тарады, бұл бір жағынан Чарльз Шеррингтон және Дональд Хебб сияқты адамдардың зерттеулері, екінші жағынан ми зақымдалуы туралы зерттеулерге байланысты. Ми әрекетін дәлділікпен өлшеу технологияларының дамуымен бірге невропсихология мен когнитивттік невроғылым бүгінгі күннің ең іскер өрісі болып танылды. Басқа ғылымдармен (пәлсапа, информациялық технологиялар, невроғылым) үлкейіп келе жатқан қарым қатынаспен бірге ақыл-ойды түсіну және шығындарды өнімді түрде пайдалану үшін әртүрлі салаларды бір шатыр астына бекіткен ғылым — когнитивттік ғылым жаратылды.



4 -САБАҚ

ЭТНОПСИХОЛОГИЯ

Этнопсихология - халықтық психологияның теориялық мәселелерін зерттеумен айналысатын ғылым саласы.

Ал халықтық психология - адамдардың қоғамдық және жеке тәжірибесінен, өмірдегі пайымдауларынан туындайтын психологиялық білімдердің жүйесі.

Халықтық психологияда белгілі бір этностың жалпы мінез-құлқы, ғасырлар бойы сұрыптала жинақталып, жүйеге түскен ұлттық дәстүр сөз болады.

Этнопсихология әрбір халықтық рухани әрекеті (миф, фольклор, тіл, дәстүр, әдет-ғұрып, діл, дін т.б.) сол халықтың психологиясын, сана-сезімін көрсететін негізгі өлшемдер деп есептеледі.

Қазақ топырағында этнопсихология мәселесімен көбірек айналысқан Ш.Уәлиханов болды.

Этнопсихология ғылым ретінде XIX ғасырдың ортасында Ресейде, кейінірек Батыс Европа елдерінде пайда болды.

Сөздік

Пайымдау-вывод

туындау – образоваться

сұрыпталу – сортироваться

жүйеге түскен – систематизированный

діл — менталитет

өлшем – мера

есептеу – считать

Тапсырмалар:

1. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер:

- а) Этнопсихология нені зерттейді?*
- ә) Халықтық психология неден туындайды?*
- б) Халықтың рухани әрекетіне не жатады?*

- в) Қазақ топырағында этнопсихология мәселесімен алғаш кім айналысты?
- г) Этнопсихология ғылым ретінде қашан және қайда пайда болды?

1. «Жеке» сөзімен құрастырылған тіркестердің мағынасына назар аударыңыздар.

Жеке тәжірибе, жеке адам, жеке меншік, жеке тұлға, жеке еңбек.

2. Сөз тіркестерінің орысша баламасын табыңыздар.

Зерттеумен айналысу, білімдер жүйесі, ғылым саласы, рухани әрекет, сөз болады, қазақ топырағы.

3. Өз халқыңыздың ұлттық ерекшелігін, ұлттық мінез-құлқы жайлы әңгімеленіңіздер.

4. Қазақ халқының қандай ұлттық мінезін, ерекшелігін білесіздер?

5. Сөйлемдерді аяқтаңыздар.

- а) Этнопсихология әрбір халықтың ...
- ә) Халықтық психологияда ...
- б) Халықтық психологияның теориялық мәселелерімен...
- в) Ұлттық дәстүр....

5-САБАҚ

КАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ

Қазақ халқының тарихы мындаған жылдарды қамтиды. Оған дәлел – қазақ халқының тілі, әдет-ғұрыптары, салт-санасы, өмір сүруі, шаруашылығы. Мәселен, қазақ халқының киіз үйі өте ертеден қалыптасқан, соңғы мыңжылдықта ешбір өзгеріске ұшырамаған.

Қазақ халқы мақал-мәтелдерге өте бай. Әрбір мақал-мәтелден өмір тұжырымдарын, философиялық ойларды көруге болады. Мақал-мәтелдерден қауымдасып өмір сүрудің тиімді екенін, қоғам дамуы үшін әр түрлі әлеуметтік топтар мен шаруашылық түрлерінің қажет екенін халықтың ерте түсінгендігін байқаймыз. Сонымен қатар мақал-мәтелдердің дидактикалық, тәрбиелік мәні зор. Тек мақал-мәтел ғана емес шешендік сөздер мен айтыстардан да қазақ тілінің байлығын көруге болады. Тіл байлығы ой байлығын көрсетеді, Тіл арқылы адам ой тереңдігін, рухани мәдениетінің деңгейін көрсетеді. Біздің заманымыздан бұрынғы VII-VI ғасырлар арасында көшпелі скифтер аралынан грек еліне келіп, олармен араласып, көп жылдар бойы олардың арасында тұрған Токсарис (Токсары), Иданфирис (Ыдарбарыс), Анахарсис (Анарыс) өздерінің ой толғамдары, пайымдары арқылы гректерді көшпелі елдің дүниетанымдарымен, әдет-ғұрыптарымен таныстырған. Платон, Аристотель, Геродот, Лукиан, Страбон шығармаларында олар жоғары бағаланып, есімдері құрметпен аталған.

Сөздік

Дүниетаным – мировоззрение

қамтиды – охватывает

өзгеріске ұшырамаған – не изменялся

тұжырым – вывод

қауымдасып өмір сүру – жить общинами

әлеуметтік топтар – социальные группы

шешендік сөздер – слова красноречия

рухани – духовный

ой толғамдары – размышления

пайымдау – толкование

тиімді – выгодный

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, мағынасын түсініңіздер.

2. Мына сөздермен сөйлем құрастырыңыздар.

Дүние, дүниетаным, әдет-ғұрып, тәрбие, мән, рухани, көшпелі, мәдениет

3. Берілген сөз тіркестерінің қазақша баламасын беріңіздер.

По народному обычаю, мировоззрение народа, хозяйство кочевого народа, казахская юрта, пословица, поговорка, красноречивые слова, духовная культура, социальные группы, кочевой народ, уровень развития.

4. Өз еліңіздің салт-дәстүрі туралы қысқаша әңгіме құрастырыңыздар.

5. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ құрастырыңыздар.

6. Төмендегі мақал-мәтелдерде қандай философиялық мән бар? Мақал-мәтелдерді жаттап алыңыздар.

Атаңның баласы болма,

Адамның баласы бол.

Халық – дана

Туған жердің қадірін

Шетте жүрсең білерсің.

Отан оттан да ыстық.

7. Төмендегі сөздердің менін қалай түсінесіз? Мысал келтіріңіздер.

Айтыс, шешендік сөз, жыр, аңыз, рухани мәдениет, мақал-мәтел.

Берілген слайдтарға назар аударыңыздар!

Қазақ халқы-ғажап тәлімгер

- Халықтық педагогиканы оқыту үрдісінде пайдалана отырып, ұлттық тәрбие беруде жеткіншектерге тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт-дәстүрін меңгерту-оқушыға қажет.
- Халқымыздың рухани мұраларының бірі-салт-дәстүр. Сол арқылы ұрпаққа адалдық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, отбасы тәрбиесіне байланысты тәлім-тәрбие беретіні ежелден белгілі. Жасөспірімдерді, нашақорлықтан, ұрлықтанарашалауда, олардың санасына кісілік, адамгершілік қасиеттің рухын ұялатуға берері көп Ата-бабаларымыз әдептілігімен, өнерпаздығымен отбасы мүшелерінің бір-біріне деген өзара достық қарым-қатынасымен, ерең еңбегімен балаларына үлгі өнеге көрсеткен. Тілі енді шығып келе жатқан нәрестенің дұрыс анна тілінде сөйлеуіне де зор мән берілген, әртүрлі жаңылтпаш, мақал-мәтелдер үйрететін, ерптегілеп айтып беретін ата-аналарының «Бала біздің болашағымыз» деп қарауы болашақ ұрпағының жақсы адамзат болып өсуіне зор ықпалы тигізері анық.



- **«Елдің көркі тіл десек, тілдің көркі сәби ме деп қаласың», -деп Қ. Мырзалиев тегін айтпаған. Сондықтан отбасы мүшелері арасында жақсы қарым-қатыныс қалыптасқан болса, олар өз анна тілінде сөйлесе, ол жанұяда мәдениетті азамат өсіп шығатыны сөзсіз.**




- Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін отбасы қоғаммен тығыз байланыста болуы керек. Ғалым-педагог И.Гребенников отбасы қызметін 5 топқа бөледі: ұрпақжалғастырушылық, экономикалық, тәрбиелік, қарым-қатынастық және бос уақытты демалуды ұйымдастыру.
- Демек, отбасында ата-ана осы қасиеттерді барынша бірігіп, жақсы ұйымдастыра білсе және педагогикалық жағынан білімді, психологиялық әдіс-тәсілден хабардар болса, отбасындағы ахуал ерекше болмақ.



- Қиын балалардың жұмыс істеудің негізгі шарттары:
- 1) Әрбір қиын баланы жан – жақты зерттеп, мінез – құлықтарының бағыт – бағдарын айқындау, оның ішіндегі адамгершілік типтегі қасиетін іріктеп алу.
- 2) Әрбір оқушының адамгершілік сынды тәжірибелердің құра біліп, соның негізінде тәртіпті, айналасындағы өмірге көзқарасты, ұжымдық қарым – қатынас дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастыру.
- 3) Әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне және творчестволық талап – тілектеріне орай, қабілеті мен икемдерін дамыту, қоғам жұмыстарына қатыстыру.
- 4) Кейбір қиын оқушылардың оқу – тәрбие процесінде ұжымдық өмір қарым – қатынастарында ұсқынсыз ауытқушылықтар болса, деп кезінде өл үшін беріп, одан сақтандыру, оны туғызатын әрекеттерді жою. Әңгімелеу оқу – тәрбие процесінде ең қажетті құралы. Оқушының жеке басына түскен жағдай, оны ортаға салуға болмайтындай болса, онда мұғалім тәжірибелі педагог баламен жеке сырласу арқылы көздерін жеткізеді.



- 
- The background of the slide features a warm, orange-toned sunset or sunrise sky. In the foreground, the silhouettes of a family are visible, walking from left to right. There are two adults and two children, with one child holding the hand of an adult. The overall mood is contemplative and hopeful.
- Қиын оқушыларды тәрбиелеу процесіндегі әдістік – тәсілдерді әдістемелік жағынан қолданудағы тәрбиелеу жүйесінің кезеңдері:
 - - дайындық кезеңі;
 - - қиын баланың тәртібінің төмендеуіне себепті болған жағдайларда аңықтау;
 - - екінші кезең – қиын оқушылар мен көш жора – жолдастары арасындағы байланыстырудың дәрежесін тереңдігін аңықтау.
- Үшінші кезең өзгеріс кезеңі. Көптеген қиын оқушылардың ішкі жан дүниесінде өзгерістер тұл бастайды. Жеткіншіліктердің мінезіндегі теріс қылықтар, әдет дағдылар мен қалыптаса бастаған жаңа адамгершілікті сапалардың арасында күрес басталады.

6 - САБАҚ

ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ

Бұл - қазақ халқының әлеуметтік, географиялық, тұрмыстық жағдайына байланысты қалыптасқан қастерлі қасиеті. Тәуліктің қай мезгілінде келсе де қонақты жылы жүзбен қабылдап, дастархан жайып күту - қазақ халқының санасына орнаған адамгершілік белгісі.

Жолаушы келе жатқан, ешбір туыстық не таныстық қатынасы жоқ бейтаныс адам тоқтаған үйіне "құдайы қонақ" болған. Құдайдың атын атап келген соң мұндай қонаққа ерекше сый көрсету - әрбір отбасының парызы. Қазақ ауылында қонақтың көңілін көтеру үшін "қонақ кәде" жасайтын дәстүр бар. Мұнда күй тартылып, ән, өлең-жыр айтылады.

Келген қонақты аттан түсіріп алу, қолына су құйып, сүлгі ұсыну, төрге шығару, сырт киімін алу т.б. ілтипатты отбасында жас балалар атқарған. Қазақ салтында қонақтарға сусын ұсынудың өзіндік рет, салты бар. Мәселен, шай құю үйдің бойжеткеніне тапсырылады. Қазақ әйелдері қонақ күтуді өздері үшін қатал сын деп түсінген.

Сөздік

қастерлі - святой

бейтаныс - незнакомый

парыз - долг

ілтипат - любезность

сын - испытание, критика

рет - порядок; раз

ұсыну - предлагать

адамгершілік белгі - знак человечности

Тапсырмалар:

- 1. Мәтінді оқып, мазмұнын түсініңіздер.**
- 2. Түсінгендеріңізді тексеріңіздер.**

- а) "Құдайы қонақ" деп қандай қонақты атаған?
- ә) "Қонақ кәде" деген ұғымды қалай түсіндіңіз?
- б) Келген қонақты қабылдауда қазақ халқының қандай ерекшелігін байқадыңыз?

3. Өз пікіріңізді білдіріңіз.

- а) Қазіргі кезде қонақты қарсы алу, күту, шығарып салуда қандай ұлттық дәстүр байқалады? (әр халықта)
- ә) Сіз қонақжайсыз ба?
- б) Қонақта болу, қонаққа шақырудың адам психологиясына әсері.

4. Сөз тіркестерімен сөйлем құраңыздар.

Тұрмыстық жағдай, адамгершілік белгісі, халықтың санасы, сый көрсету, әрбір отбасының парызы.

7-САБАҚ

МАКАЛ-МӘТЕЛДЕР – ХАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ АЙНАСЫ

Халықтық психологияда ғасырлар бойы жинақталып, жүйеленген ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, эстетикалық таным, халықтың жан дүниесі сөз болады. Халықтық психологияның теориялық мәселелерін зерттеумен этнопсихология деп аталатын ғылым саласы айналысады.

Этнопсихология қарастыратын психологиялық жайттар фольклор, ауыз әдебиетінде мол. Психологиялық мәні жағынан қазақ фольклорының түрлі жанрларының ішінде мақал-мәтелдер өте қызықты зерттеу объектісі болып табылады. Мақал-мәтелдер адам іс-әрекетін бақылау арқылы тұжырымдар жасайды. Олар белгілі бір шешім мен істің дұрыстығын немесе дұрыс еместігін анықтап, ойлауда маңызды рөл атқарады.

Мақал-мәтелдер – айналадағы сыры мол дүние туралы білімнің сұрыпталған жиынтығы. Олар ұстаздық, тәрбиелік рөл атқарады. Мұндағы ақыл-кеңестер қысқа, әрі тұжырымды болады. Сөздер бейнелі, орынды қолданылады. Мақал-мәтелдерден халықтың тіл байлығы көрінеді. Бай сөздік қорымыздың ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмай берілуіне көмегі мол. Адамның жан-дүниесінің тілдегі көрінісі мақал-мәтелдерде жақсы бейнеленген.

Мақал-мәтелдерде оқу мен еңбек, ойын мен өнер, адамның жақсы-жаман қасиеттері, елін сүю, ата-ананы құрметтеу т.б. үлгі-өнегелер сөз болады. Өмірдің әр саласына байланысты болғандықтан оларды әр түрлі тақырыпқа бөлуге болады.

Сөздік

Жинақталу — собираться
жүйелену,— систематизироваться
дәстүр — традиция
әдет-ғұрып — обычай

психологиялық жайт — психологические
ауыз әдебиеті — устная литература
іс-әрекет — действие
бақылау — наблюдать
ойлау — мышление
сұрыпталған — сортированный
жиынтық — совокупность

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыздар, мағынасын түсініңіздер.

2. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер:

- а) Этнопсихология ғылымы нені зерттейді?*
- ә) Мақал-мәтелдер ойлауда қандай рөл атқарады?*
- б) Мақал-мәтелдердегі сөз қолданысы қалай іске асады?*
- в) Мақал-мәтелдердің психология ғылымымен байланысы қандай?*

3. Мәтін бойынша сөйлемдерді аяқтаңыздар:

- а) Мақал-мәтелдерден*
- ә) Мақал-мәтелдердегі ақыл-кеңестер....*
- б) Мақал-мәтелдерде халықтың*

4. Төмендегі мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні туралы айтыңыздар:

Бірлік жоқ болса, ұйым жоқ,

Ұйым жоқ болса, күйің жоқ

Дос сыртыңнан мақтар,

Дұшпан көзіңе мақтар.

Кісінің көркі киім емес — білім.

Білім — арзан, білу — қымбат.

5. Өнер-білімге, тәлім-тәрбиеге, еңбекке байланысты мақал-мәтелдер

жазыңыздар.

8-САБАҚ

ШЕШЕНДІК ӨНЕР

Шешендік өнер – көрген-білгенді көкейге тоқып, үйреніп ізденудің арқасында талай айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы жетілетін өнер. Қазақ шешендерінің сөздері жазбаша емес, ауызша айтылып дүниеге келеді де, одан кейін бірден-бірге жатталып, ұрпақтан-ұпаққа жетеді. Шешендік сөздер мән-мағынасының тереңдігімен ғана емес, сондай-ақ тақырыбының кеңдігімен де ерекшеленеді.

Ертеден-ақ халқымыздың өзіндік басқару жүйесі болған. Ел қамын жеген ерлері, сөзін сөйлеген, әділін айтқан шешендері, білімпаз билері болды. Би – халықтың көкейіндегісін айтқан, ойын жарыққа шығарма әділет жоқшысы. Қазақтың атақты билері Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекеден қалған сөз дәстүрі ғасырлыр бойы үзілген емес.

Халқымыздың психологиясын аса биіктен көрсететін ұлттық ерекшеліктердің бірі – суырып салма шешендік. Ш. Уәлиханов: «Қазақ шешендікке құмар, сөз өнерін, әсіресе әзіоспақты жаны сүйеді», - деп айтқан еді.

Шешен сөйлей білу – адамдардың асыл қасиеттерінің бірі. Халық оны өзгелерге психологиялық жағынан әсер етудің ерекше құралы, тәсілі деп те санаған.

Шешендік өнер дарыған кісі отаншыл, елінің салт-дәстүрін айтатын болуы керек. Бөлтірік шешеннің

Жер деген - байлық,

Ел деген – халық,

Жер сәні – мыңғырған мал, ағылған аң,

Аққан су, жайқалған ну.

Ел сәні – атаға қарап өскен ұл,

Анаға қарап өскен қыз.

Елді ер көтереді,

Жердің құты күйінде болады,

Ердің құты үйінде болады,
Елдің құты биінде болады – деген мына қанатты сөздері елін, жерін қадірлеп-қастерлеуге, қорғап сақтауға бағытталған деп айтуға болады.

Сөздік

Шешендік – ораторство

Әзіл-оспақ – ирония

Тәсіл – способ

Өнер дарыған – одаренный

Суырып салма – импровизатор

Құрал – средство

Жетік – в совершенстве

Тапсырмалар:

1. Мәтін мазмұнын әңгімеленіздер.

2. Сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, орыс тіліндегі баламасын табыңыздар:

сөз өнері; жаны сүйеді; шешен сөйлей білу; өнер дарыған кісі; суырып салма
шешендік; ұлттық ерекшелік.

3. Сөйлемдерді аяқтаңыздар.

- а) Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерінің бірі
- ә) Шешендік өнер өзгелерге психологиялық жағынан әсер етудің ...
- б) Шешендік өнер дарыған кісі ...
- в) Шешен сөйлей білу

♦ *Өз бетімен орындайтын тапсырмалар.*

ЖАҚСЫ МЕН ЖАМАН АДАМНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ

Жақсы жігіт ел-жұртының қаласындай,

Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай.

Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,

Көреді бәрін де өз баласындай.
Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады,
Қыранның қырдан байқар баласындай.
Жаман парқы жақсыменен бірдей емес,
Жақсы жігіт елінің ағасындай.
Жақсының сөзін әркім пайдаланар,
Миуалы алма, өріктің ағашындай.
Жаманның көкірегі – көр, көзі – соқыр,
Жүрер жолдан тал түсте адасып-ай,
Жақсы адам қай жерден ажырайды,
Жақсымын деп бәрі жүр таласып-ай.
Жамандар - өтірікші, өсегі көп,
Ел-жұрттың іріткі салар арасына-ай.
Жалған сөзбен бықсытар ел арасын,
Жанбай қалған ағаштың шаласындай.
Соқтығып әркімге бір ұрынады,
Сиырдың тентек болған танасындай.
Сондай жанның ешкімге сүйкімі жоқ,
Жылқының қотыр болған аласындай.
(Сүйінбай Аронұлы. Бес ғасыр жырлайды. Алматы.1989.)

9- САБАҚ

ПСИХОЛОГИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

Психология - психикалық құбылыстардың пайда болуы, даму және қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Психикалық құбылыстар бізді қоршап тұрған сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының мидағы әр түрлі бейнелері болып табылады. Олар: түйсік, елес, ой, сезім, тілек, қабілет, қызығу, мінез, әдет т.б.

Психикалық құбылыстардың мәнін ғылыми тұрғыдан түсіндіретін психология ғылымы. Психология ежелгі Греция жерінде дүниеге келген. «Психология» грек сөзі, "психо" (жан), екіншісі "логос" (сөз, ілім). Сонымен психология «жан туралы ілім» деген ұғымды білдіреді. Психология адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне көмектеседі. Өз ерекшеліктерін ажырата білуге жәрдемдеседі.

Психология ғылымы ұжымның жеке адамдарға жасайтын ықпалын көрсетеді. Ол қоғам мүшелерінің көңіл-күйі мен талғамдарын, қызығуларын, мұраттарын да қарастырады.

Әр түрлі әлеуметтік топтардың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпына қарай этнопсихологиялық қырларын қарастыратын да психология ғылымы. Психологияның мұғалімдер үшін де маңызы зор. Психологияны білмейтін мұғалімнің оқу-тәрбие саласындағы еңбегі нәтижелі болмайды.

Сөздік

қалыптасу – формироваться

құбылыс - явление

елес - представление

сезім - чувства

тілек - желание

қабілет - способность

қызығу - интересоваться

әдет - привычка

мінез - характер
ұжым -коллектив
мұрат - цель
ежелгі - древний
талғам – вкус

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, сөздікті пайдалана отырып, мазмұнын түсініңіздер.

2. Берілген сөздерді орыс тіліне аударыңыздар.

Түйсік, елес, ой, сезім, тілек, қабілет, қызығу, мінез, әдет, ұжым, ұғым

3. Берілген сөздермен сөз тіркесін құрастырыңыздар .

Психология, мінез, ой, қабілет, қызығу, әдет-ғұрып, тұрмыс-салт, ереже.

4. Берілген етістіктерді өткен шақта жіктеңіздер.

Табыну, жәрдемдесу, білдіру, қарастыру.

5. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

а) *Психология қандай ғылым?*

ә) *Адамның жан - дүниесін қандай тәсілдер арқылы зерттеуге болады?*

б) *Психология ғылымының мұғалімдер үшін қандай маңызы бар?*

6. а) "Психология адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне көмектеседі".

ә) *"Өз ерекшелігін ажырата білуге жәрдемдеседі".*

б) *"Күнделікті өмірде психологияның маңызы қандай? "* - деген сұрақтар

төңірегінде өз ойларыңызды білдіріңіздер.

7. Берілген сөздерді орыс тіліне аударыңыздар.

Құбылыс – құбылу – құбылып отыр

Елес – елестету – елестетіп отыр

Сезім – сезіну – сезген – сезімтал

Нәтиже – нәтижелі – нәтижелі еңбек

10 - САБАҚ

АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Адамды адам ететін қоғам, еңбек. Адамның туып өскен, тәрбиеленген қоғамы қандай болса, оның өзі сондай деп есептеуге болады. Әрине, мұны әрбір дара адамға жатқызып, тікелей түсіну дұрыс болмайды. Дүниеде канша адам болса, сонша мінез, сипат болмақ. Әркімнің жеке басына тән қайталанбас ерекшеліктерінің болатыны талассыз ақиқат.

Өз ісінің (личность) қалыптасуы оның әрекеттену және басқа адамдармен ой алмасу процесінде өтеді. Бұл процес кісінің басқа қоғам мүшелерімен араласуымен өзінің әрекетімен мінез-құлқын қоғам талабына лайықтап, үнемі дұрыс жолға салып, өзгертіп отыруы арқылы іске асады. Соның арқасында адамдардың өзін-өзі тану қабілеті жетіледі.

Адам өмір сүріп, іс-әрекет жасап отырған қоғамның мәні, даму деңгейі, сипаты жас адамның қалыптасуына маңызды рөл атқарады. Ғылымда бұл факторды макроорта дейді. Екінші - микроорта. Оған макроортаның нақты адаммен тікелей байланыста болатын бөлігі, яғни отбасы, ұжым, араласып жататын ортасы жатады. Үшіншісі - білім және тәрбие. Төртіншісі - өзін-өзі тәрбиелеу. Осы аталған факторлардың мән-мағынасы, өзара байланысы адамның кісілік болмысын анықтайды.

Сөздік

адам ету - формирование человека

есептеу - считать

сипат - характерность

талассыз ақиқат - бесспорная истина

кісінің қалыптасуы - формирование личности

әрекеттену - действовать

қоғамның мәні - значение общества

даму деңгейі - уровень развития

орта - среда

өзара - между собой

кісілік болмысы - свойство личности

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, сөздікті пайдалана отырып, мазмұнын түсініңіздер.

2. Сөздікті пайдаланып, мына сөз тіркестерін аударыңыздар.

Адамды адам ететін қоғам, адамның тәрбиеленген қоғамы, адамның басына тән ерекшеліктер, кісінің қалыптасуы, қоғам талабына лайықтау, адамның тәрбиеленген ортасы, өзін-өзі тәрбиелеу, кісілік болмысын анықтау.

3. Мына сөздердің түбірін табыңыз, сөйлем құрастырыңыздар.

Өскен, тәрбиеленген, қайталанбас, талассыз, болатын.

4. Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

- а) Қоғамның адам өміріндегі мәні қандай?*
- ә) Кісінің қалыптасуына не әсер етеді?*
- б) Қоғамның мәні, даму деңгейі туралы өз кезқарастарыңыз қандай?*
- в) Адамның қалыптасуына отбасы, ұжым қандай әсер етеді?*
- г) Адамның өмір сүріп, іс-әрекет жасап отырған ортаны ғылымда қалай деп атайды?*

5. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар: *қоғамның мәні, адамның қалыптасуы, даму деңгейі, өзін-өзі тәрбиелеу, өскен орта.*

6. «Қоғамның жеке адамның қалыптасуына әсері» тақырыбында әңгіме құрастырыңыздар.

7. «Микроорта», «Макроорта» туралы білгеніңізді әңгімсленіңіздер.

Оқыңыздар!

Нақыл сөздердің мәнін түсініңіздер.

Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектік бәрі бекер.

Абай

Бізге ешқашан болмаған нәрсе туралы армандауға қабілетті адамдар керек.

Джон Кеннеди

Ауылыңның жастарын көрсет, еліңнің болашағын айтып берейін.

Дана қарияның сөзі

11 –САБАҚ

ҚАБЫЛДАУ

Қабылдау – заттар мен құбылыстардың мида тұтас бейнелену процесі. Қабылдауда заттардың түсі, дыбысы, иісі, дәмі, формасы т.б. қасиеттері тұтас күйінде қабылданады. Қабылдау – ми қабығының күрделі анализдік және синтездік қызметінің нәтижесі. Қабылдау процесіне адам мамандығының тікелей қатысы бар. Мыс., «түбір» деген сөзді математик бір мағынада түсінсе, ботаник не тілші өздерінің мамандығына қарай өзгеше мағынада түсінеді. Адам тәжірибесінің қабылдау процесіне тигізетін бұл ықпалын апперцепция деп атайды (латын сөзі қазақша қабылдауға қосымша деген мағынаны береді). Қабылдау адамның алдына қойған мақсатына тәуелді болып, таңдамалы түрде жүзеге асады. Мыс., сөредегі кітаптардың арасынан бір кітапты іздей бастаймыз. Егер сол кітаптың жанындағы кітаптардың түстері өзгеше болса, олар іздеп отырған кітапты тез қабылдап тауып алуға мүмкіндік береді. Қабылдауға тиісті затты объекті дейді де айналасындағыларды фон дейді. Фонның атқаратын рөлі объектіні қабылдауды күшейту, әлсіретумен ғана шектелінбейді, кейде алдамшы («иллюзия») тудыруы ықтимал. Мыс., орта бойлы кісінің қасында ергежейлі тұрса, жаңағы адам биік сияқты болып, ұзын бойлы кісінің қасында тұрса, тапал болып көрінеді.

Адам тәжірибе негізінде біліп, қатесін түзетіп отырады. Демек тәжірибе қабылдау үстіндегі қателіктерді шешуге басты рөл атқарады.

Уақытты қабылдау кезінде алдану жиі кездеседі. Егер адам белгілі бір іспен қызу айналысса, уақыттың қалай өткенін сезбей қалады, мұның керісінше, ермегі жоқ болса, іші пысып, уақыт өтпейтін сияқты болып көрінеді.

Сөздік

Қабылдау - принимать.

Бейнелеу - обрисовать; изобразить; иллюстрировать.

Қабық - оболочка; скорлупа.

Нәтиже - результат.

Таңдамалы - отборный;избранный.

Мүмкіндік - возможность.

Әлсіреу - ослабеть;становиться немощным.

Шектеу - ограничить.

Қызу - 1.нагреваться;2.температурить;3.горячиться

Сезу - чувствовать,чуять,догадываться.

Керісінше - наоборот.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, мазмұнын түсініңіздер.

2. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

а) Қабылдау процессі қалай жүреді ?

ә) Бұл құбылысқа мамандықтың қандай қатысы бар ?

б) Қабылдауда объекті мен фонның мәні қандай ?

в) Алдамиы құбылыс қалай туады ?

г) Қабылдау процесінің адамдар қатесін түзетудегі рөлі қандай ?

3. Төменде берілген нақыл сөздердің мағынасын өз сөздеріңізбен түсіндіріп беріңіздер.

1.Халық даналығында «Қорыққанға қос көрінеді» деген сөз бар.Бұны қабылдаудың екі жақты көріну дейтін түріне қандай қатысы бар ?

2. «Көрмес түйені де көрмес», «Түймедей нәрсені түйедей етіп көрсетті» деген сөздерді психологиямен байланыстырып өмірден мысалдар келтіріңіздер.

3.Ұлы Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас,үйретуден балаға» деген нақыл сөзінің қабылдауды жетілдірудегі маңызы қандай ?

4.Адамның жасы ұлғайған сайын уақыт жылдам өтетін секілді болып көрінеді .Себебі неде деп ойлайсыз ?

4. Берілген қысқаша мәтінді оқып, не себепті бұлай болғанын

түсіндіріңіздер.

Көне грекияның ержүрек жаяу әскерлері сақ, сармат, скифтердің аттылы жауынгерлерін алғаш көріп, «Бұлар адам емес ,адам басты, жылқы денелі жартылай құдайлар ал, құдаймен соғысуға болмайды» деп,қару-жарақтарын тастай қашыпты. Кейін әлгілерді «кентавр» деген атпен әспеттеп мифологиясына кіргізеді.

5. Қазақ тіліне аударыңыздар.

Сангвиник (от лат. Sanguis – кровь) – это человек живой, жизнерадостный, подвижный, быстро возбудимый, бурно, хотя и не глубоко реагирующий на происходящие вокруг события. Сангвиник легко привыкает к новым требованиям и обстановке .быстро налаживает контакты с людьми, быстро переключается с одной работы на другую. Мимика и движения его выразительные. Он очень энергичный и работоспособный.

12 – САБАҚ

АҚЫЛ

Ақыл – адамның ойлау процесіндегі ұғымдылық пен тапқырлыққа байланысты қасиет. Ерте заманғы оқымыстылар (Герраклит т.б.) ақыл мен білім бір емес деп санаған. Өйткені, білімі бардың бәрі бірдей ақылды болып келе бермейді. Сондықтан ақылды деп білімді тәжірибе негізінде дұрыс пайдалана білгенді айтады. Ақыл сипаттамасы қазақ халық ауыз әдебиетінде де жиі кездеседі. Ақылға байланысты тапқырлықтың, алғырлықтың неше түрлі шеберліктерін Қожа Насыр, Алдар Көсе, Жиренше т.б. сөздерінен аңғаруға болады. Ақыл жайында ақындар айтысында да көп сөз болады. Грек оқымыстысы Фелес айтыс кезінде адамның ақылы байқалады, айтқан пікірдің шын не қате екені анықталады деген.

Психология ақылды (ой процесін) адамның іс- әрекет кезінде түрлі міндеттерді шешуіне немесе шеше алмауына байланысты зерттейді. Қыруар міндеттерді шешуде ақылдың сан – алуан сапалары, мыс., сыншылдығы, тапқырлығы, тереңдігі, асқақтығы, алғырлығы, айқындығы, сабырлығы, ұшқырлығы, т.б. көзге түседі. Адамның бұл сапалары жеке дара кездеспейді. Белгілі бір сапаның бір адамда екінші адамға қарағанда басым болуы оның шұғылданатын ісіне де байланысты. Адам ақылы қоғамның өндірістік күштің және ғылыми тәжірибенің өрістеуіне қарай үнемі өзгеріп отырады.

Сөздік

Ақыл	- ум; разум; рассудок
Ұғымды	- понятный; понятливый
Тапқырлық	- находчивость
Аңғару	- понимать; догадаться
Оқымысты	- образованный; ученый
Айтыс	- прения; дискуссия

Анықтау	-	выяснить , определять , уточнять
Сыншылдық	-	критическое отношение; критика
Алғыр	-	бойкий
Айқындық	-	конкретность
Сабырлық	-	терпеливость; сдержанность; спокойствие.
Ұшқырлық	-	резвость; развешивать
Өрістеу	-	развивать; развешивать

Тапсырмалар:

1. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

А) Қожа Насыр, Алдаркөсе, Жиреншенің тапқырлығына мысалдар келтіріңіздер.

Б) «Ақыл жастан, асыл тастан» деген мақалдың мағынасын түсіндіріңіздер..

В) «Адам» деген ұғымның мәнін түсіндіріңіздер.

2. Төмендегі сөйлемдерден тірек сөздерді табыңыздар.

1. Ақыл – адамның ойлау процесіндегі ұғымдылық пен тапқырлыққа байланысты қасиет.

2. Білімі бардың бәрі ақылды болып келе бермейді.

3. Белгілі бір сапаның бір адамда екінші адамға қарағанда басым болуы оның шұғылданатын ісіне байланысты.

4. Әдет – адамның қажеттілігін өтеуге сәйкес қайталанып отыратын әрекет.

3. Қазақ тіліне аударыңыздар.

Флегматик – (от греч. Phlegm - слизь, мокрота) – человек, отличающийся медлительностью, спокойствием, безразличием.

Эмоционально сдержан. Он с трудом сходится с людьми, с трудом откликается на события. Отличается терпеливостью, усидчивостью, выдержкой,, самообладанием, работоспособностью.

13 – САБАҚ

ҚАН ТОБЫ ЖӘНЕ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

Жапон ғалымы Иоштаке Номи елдің бір миллиннан астам адамын қатыстырған ұзақ зерттеулерінің нәтижесінде мынандай қорытынды шығарды. Оның пікірінше, адамның қаны қанның қай тобына жататына қарап , мінезі мен жекелей ерекшеліктерін анықтауға болады екен.

1-топ. Сіз басшы болуға ұмтыласыз. Көздеген мақсатыңыз болса, жетпей тынбайсыз. Оған жетудің амал – жолын да білесіз. өз күшіңізге сенімдісіз, сезім ырқында болатын кездеріңіз де бар. Алайда осал жақтарыңыз да жоқ емес, өте қызғаншақсыз, әбігерсіз, бұған қоса кеуде соқтаусыз.

2-топ. Сіздің жаныңыз жарасымдылыққа әуес, тыныштық, жөн – жосық болсын дейсіз. Басқалармен жақсы тіл табысасыз. Бұған қоса сезімталсыз, шыдамды, ақкөңіл адамсыз. Осалдығыңыз – бір беттігіңіз бар, бейжай қалыпқа түсуіңіз қиын.

3-топ. Сіз қашан да өз дегеніңізбен жүретін, даралық қасиетіңіз әбден қалыптасып алған адамсыз. Қандай жағдай болсын бейімделуіңіз оңай, оралымдысыз, қиялдап кетуден де ада емессіз. Алайда тәуелсіз боламын деп кейде артықтау кетуіңіз мүмкін, сондай да осал тұсыңыз да осы болады.

4-топ. Байыпты, байсалды қалпыңызбен жұртқа жағымдысыз. Олардың көңілдерін көтере білесіз, әдепті де әділ адамсыз. Бірақ кейде тым қатты кетесіз, оған қоса, бір шешімге келе алмай ұзақ ойланып толғанатыныңыз бар.

Сөздік

қорытынды - заключение; вывод

жекелей ерекшеліктер - некоторые особенности

тыну - сделать остановку

ырық - воля

осал - слабый; некрепкий; непрочный

қызғаншақ - завистливый, ревнивый

әбігер - хлопоты; суета

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аударыңыздар.

2. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар:

байсалды болу; жекелей ерекшеліктер; осал мінез; даралық қасиет; ұзақ ойлану, зерттеу нәтижесі.

3. Төменде берілген мақалдарды қалай түсінесіздер, жазбаша жауап беріңіздер.

1. Ұлы Абайдың: «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» - деген сөзінің мінезді қалыптастырудағы рөлі қандай?

2. Кейбір боксишы, спортышы стадионға келгенде, өзгеріп кетеді мұның сыры неде деп ойлайсыздар?

3. «Ақылды бала төрге сүйрейді, ақылсыз бала көрге сүйрейді» деген мақалдың мағынасын ашыңыздар?

4. Қазақ тіліне аударыңыздар.

Холерик(от лат. Chole – желчь) – это сильный, неуравновечный тип человека. Как и сангвиник, живо и с большим возбуждением отликается на события, но он часто несдержан, нетерпелв, выпльчив, прямолинеен. Отличается большой настойчивостью, трудолюбием, но с трудом переключает внимание с одной деятельности на другую. На пути к цели преодолевает любые трудности, со всей страстью отдается делу.

14 - САБАҚ

ҚЫЗЫҒУЛАР

Қызығу - өмірдегі заттар мен құбылыстарды танып, білуге бағытталған адамның бір ерекшелігі. Қызығуда бір нәрсені ерекше тандап, соған көңіл бөлінеді.

Қызығулар да бейімдіктер сияқты балалардың кішкентай кезінде байқалады.

Адамда сан алуан қызығулар болуы мүмкін. Бірақ осылардың ішінде басты біреуі болады. Мұндай қызығу оқу әрекетіне өте қажет. Оқу қызығуының күшті, әсерлі болуы баланың білімді терең алуына көп жәрдем береді.

Адамда қызығудың дұрыс болмауы өмірін мазмұнсыз етеді. Мұндайда ол енжар болып, іші пысады.

Қызығулар өзінің мазмұны мен бағытына қарай: материалдық, қоғамдық, кәсіптік, эстетикалық, саяси, оқырмандықт.б. болып бөлінеді.

Адам объектіге түрлі мақсатпен қызығады. Осыдан қызығу тікелей және жанама болып екіге бөлінеді. Тікелей қызығу -айналадағы нәрселердің тартымдылығынан туады. Мәселен, футболға қызығу. Жанама қызығу - бұл әрекеттің нәтижесін керек ету. Мәселен, оқуға, еңбек етуге қызығу. Мұндай қызығуда адам мақсатына біртіндеп жетеді.

Сөздік

қызығу - интерес

әсерлі - влиятельный

енжар - равнодушный

іші пысу - скучать

тікелей – непосредственно

жанама - косвенный

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, мазмұнын түсініңіздер.

2. Сөздікті найдаланып мына сөздер мен сөз тіркестерін аударыңыздар, сөйлем құраңыздар.

Қызығу, көңіл бөлу, бейімділік, объектіге қызығу, мақсатпен қызығу, тікелей қызығу, жанама қызығу

3. Берілген сөздермен сөйлем құраңыздар.

қызығу — интерес

қызығушылық — заинтересованность

қызықтыру — заинтересовать

қызық адам - интересный человек

4. Мәтіннің мазмұнын пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

а) Қызығу дегеніміз не?

ә) Адам өмірінің қай кезінде қызығулар көп байқалады?

б) Қызығулар мазмұны мен бағытына қарай қалай бөлінеді?

в) Адамдардың объектілерге мақсатпен қызығуы қандай түрлерге бөлінеді?

г) Тікелей қызығу дегеніміз не?

д) Жанама қызығу дегеніміз не?

5. Мәтіннен психологиялық терминдерді теріп жазып, есте сақтаңыздар.

15-САБАҚ

ІС-ӘРЕКЕТ

Іс-әрекет адамның өмір жолын анықтайды. Іс-әрекет арқылы адамның рухани өмір байлығы: ақыл-ойы, қиялдау қабілеті мен ерік-жігері, икемділігі мен мінез-құлық сипаты ашылады.

Іс-әрекет үстінде сана калыптасады. Сана іс-әрекет кезінде калыптаса отырып, сол іс-әрекеттен көрінеді.

Іс-әрекет - әлеуметтік категория. Адам өзін табиғаттан саналы түрде ерекшелеп көрсетеді. Ол өз алдына максат қояды, соған жетуге әрекеттенеді.

Іс-әрекеттің қандай түрі болса да қозғалыс күйінде өтеді.

Психика мен іс-әрекет арасында күрделі арақатынас бар. Бір жағынан, психика іс-әрекетті реттеп отырады.

Табысқа жету немесе сәтсіздікке ұшырау адамның ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі іс-әрекетке әкеледі. Мәселен, табысқа жету адамды талаптандырады, екінші жағынан масаттанушылықты туғызады. Сәтсіздік адам бойында қалыптасқан мінезге қарай жұмысын тоқтатуы немесе жаңадан әрекет жасауы мүмкін.

Іс-әрекеттің қандайы болсын адамды қажытады. Қажу — организм күшінің іс-әрекет процесінде табиғи таусылуы. Шаршау - қажыған адамның көңіл күйі. Шаршау сезіміне адамның жұмысқа көзқарасы, дене және ой қызметіне дағдылану дәрежесі де енеді.

Сөздік

іс-әрекет — деятельность

жігер — энергия

икеңділік — способность, ловкость

қозғалыс — движение

табысқа жету — достигнуть успеха

сәтсіздік — неудача, безуспешность

кажу — утомление

таусылу — истощение

масаттанушылық - самодовольство

кажыту — утомить

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, орысшаға аударыңыздар.

2. Төмендегі сөздермен психологиялық мәндегі сөз тіркестерін құрастырыңыздар.

Іс-әрекет, ерік, жігер, икемділік, қозғалыс, сәтсіздік, қажу.

3. Етістіктердің мағынасын түсініп, сөйлем құрастырыңыздар.

Таусылу, шаршау, реттеу, ұшырау, талаптану.

4. Берілген сөйлемдерді толықтырыңыздар.

а) Іс-әрекет арқылы ...

ә) (Сана іс-әрекет кезінде ...

б) Психика мен іс-әрекет арасында ...

в) Табысқа жету немесе сәтсіздікке ұшырау ...

г) Қажу, шаршау адамның ...

5. Мәтінді мағыналық жағынан бөлімдерге бөліңіздер.

а) Жоспар құрыңыздар.

б) Жоспар бойынша мәтінді әңгімелеңіздер.

6. Ерік, жігер, сәтсіздік сөздерін септеңіз (тәуелді септеу) Үлгі: әрекет –

- әрекеті**
- А. әрекеті*
 - І. әрекетінің*
 - Б. әрекетіне*
 - Г. әрекетін*
 - Ж. әрекетінде*
 - ІІІ. әрекетінен*
 - К. әрекетімен*

7. Қорытындылау үшін пікірталас тақырыбы:

а) Іс-әрекет - әлеуметтік категория.

ә) Іс-әрекет адамның өмір жолын анықтайды.

б) Іс-әрекеттің кандайы болсын адамды қажытады.

◆ Өзімізді байқап көрейік!

1. Санаға негізделген іс-әрекет нәтижелі ме, дағды (навык)

арқылы орындалған іс-әрекет нәтижелі ме?

2. Шаршаған бала ойнағысы келе ме, ойнау тек ерігуде (от безделия) пайда бола ма?

3. Оқу мен ойын арасындағы айырмашылықты түсіндіріңіздер.

16-САБАҚ

ЕҢБЕК

Адам психикасын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын әрекеттің бірі - еңбек. Еңбек - адам тіршілігінің басты шарты. Еңбек - адам психологиясын, адамдардың бір-бірімен ынтымақты қарым-қатынасын қалыптастыратын негізгі фактор.

Еңбек процесі қызметкерде арнаулы білім жүйесі, дағды, икемділіктердің болуын және еңбек тәртібін қажет етеді.

Жеке адам қоғамнан тыс жеке еңбек етіп, өз қажеттерін қанағаттандыра алмайды. Қоғаммен байланыстағы еңбек қана адамға зор қуат беріп, психикасын байытады.

Еңбек үстінде адам өзіне, қоғамға қажетті материалдық игіліктерді өндірумен бірге өзінің психологиялық қасиеттерінің жақсы жақтарын (еңбек сүйгіштік, тәртіптілік, ұқыптылық т.б.) қалыптастырып отырады.

Адам өз еңбегінің жұртқа пайдалы екендігін, одан шығатын нәтижені сезіп отыруы тиіс. Еңбек өнімді, пайдалы және шығармашылықты болуы керек. Оған күшті ерік-жігер, қайрат керек. Тұрлаулы, нәтижелі еңбек шыдамды, ұқыпты адамның ғана қолынан келеді. Жалқау адамда шығармашылық еңбек болмайды.

Жас баланың еңбек дағдылары жанұяда қалыптаса бастайды. Мектепке дейінгі баланың үй ішіне көмектесуі - еңбек процестерінің нақты көріністері: Бастауыш сыныптардағы еңбек тәрбиесі - баланы жүйсілі түрде еңбек дағдыларына үйретудің бірінші қадамы.

Сөздік

әрекет - действие

білім жүйесі - система образования

дағды - привычка

қуат (күш-қуат) - сила

өндіру - добывать

ұқыптылық - аккуратность

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, сөздік арқылы аударып, мазмұнын түсініңіздер.

2. Берілген сөздерді орыс тіліне аударыңыз, сөз тіркестерін құрастырыңыздар.

Шешуші, әрекет, тіршілік, арнаулы, игілік, ұқыптылық, тұрлаулы, қадам

3. Берілген сын есімдермен сөйлесім құрастырыңыздар.

Нәтижелі, шыдамды ұқыпты, басты.

4. Төмендегі тіркестердің мәнін мысалмен түсіндіріңіздер.

Тіршіліктің басты шарты, материалдық игіліктерді өндіру, ынтымақты қарым-қатынас.

5. Берілген сөздерге мағыналары ұқсас сөздер табыңыздар.

Жанұя, дағды, қуат, икемділік, жалқау.

6. Мәтіннен психологиялық терминдерді теріп жазып есте сақтаңыздар.

7. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

а) *Адам тіршілігіндегі еңбекті қалай түсінесіз?*

ә) *Әр адамның істеген еңбегі қандай болуы керек?*

б) *Жас балада (нәрестеде) еңбек дағдылары қай уақыттан бастап қалыптасады?*

8. Берілген мақал-мәтелдердің, нақыл сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер.

а) *Еңбек мұратқа жеткізср, жалқаулық абыройыңды кетіреді.*

ә) *Еңбек сүйгіштік - адамның адамдық қасиетінің негізгі өлшемдерінің бірі.*

Ш.Айтматов

б) *Еңбек адамның мінезіндегі өзімшіл сипаттарды жоюға көмектеседі.*

9. Сіздің отбасыңызда кім еңбекқор?

Қысқаша баяндап беріңіз.

10. Мәтіннің төртінші абзацын қайталап оқып, күнделікті өмірден мысал келтіріңіздер.

17-САБАҚ

ЗЕЙІН

Ерте кезде радж өзіне уәзір таңдапты. Ол мынадай шарт қойыпты: «Уәзір боламын деген кісі кең ыдысқа толтыра құйылған сүттің бір тамшысын да төкпей, сарайымды қоршап тұрған қорғанды жағалап жүріп отырып, бұрынғы жеріне қайтып келуге тиіс. Сол кісіні ғана уәзір етіп аламын», - дейді.

Осы сыннан өтем деп талаптанушыларды радж адамдары нұсқау бойынша, түрлі әрекеттер жасап зейінін алаңдатып, тіпті қорқытып шошытады да. Соның салдарынан сүтті төгіп алғандардың бірде-бірі уәзірлікке алынбайды. Соңында бір кісі ғана оның барлық сынынан өтіп шығады. Ол сынау кезінде тіпті, атылған мылтықтың даусын да елең қылмайды, сүтті төкпей әкеледі.

Радж ол кісіден:

- Сен қалайша басқалар сияқты алаңдамадың? – деп сұрайды.

- Сонда ол:

- Менің бар зейінім тек сүтте ғана болды, - деп жауап беріпті.

Осы мысалда айтылған зейіннің қандай процесс екеніне назар аударып көрейік:

Зейін - адам санасының белгілі бір зат немесе шындық құбылысына бағытталуын көрсететін психикалық әрекет. Адамның кез келген іс-әрекетінде зейіннің алатын орны зор. Әсіресе таным процесінде, оның ішінде оқу, білім алу ісіндегі маңызы ерекше. Сабақты түсінбеу, оны есінде сақтай алмау, тапсырманы орындау кезінде қате жіберу зейін қоймау салдарынан болады. Зейін қою көбінесе адамның айналысқан іс-әрекетінің сипаты мен оның сол адамға қаншалықты маңыздылығына байланысты. Сондай-ақ адамның жеке басының ерекшеліктеріне, оның мүддесіне, немен шұғылданатынына мақсат-мұратына, ерік сапаларына, темпераментіне, мінез-құлқына тәуелді. Зейін адамның денсаулығы мен көңіл-күйіне де байланысты.

Зейіннің физиологиялық сипатын былай түсіндіруге болады. Сыртқы

дүниенің көптеген тітіркендіргіштерінің ішінде біреуі миға күшті әсер етеді де, оның бір алабын қоздырады. Мидың осы күшті қозғыш алабы қалған алабтардың әлсіз қозуды өзіне алып отырады. Осыған мидың күшті қозған алабы одан бетер күшейеді. Мұндай жағдайда адам зейіні бір жерге күшті шоғырланады да, басқадай қалған объектілерді байқамайтын болады.

Адамның зейіні ырықты, ырықсыз және үйреншікті болып үшке бөлінеді. Зейіннің негізгі қасиеттеріне тұрақтылық, объектіден объектіге ауысуы, объектілерді қамту көлемі, алаң болмаушылық жатады.

Сөздік

таңдау	- выбирать; отбирать
қорған	- укрепление; защита; замок
нұсқау	- указывать , направлять
алаңдау	- отвлекаться; беспокоиться; тревожиться
шошыту	- испугать
маңызды	- содержательный; значительный , важный
мүдде	- чаяние; желание; интерес; цель
ерік	- воля; свобода
қоздыру	- возбуждаться; раздражаться
күшею	- усиливаться
шоғырлану	- скапливаться; сосредоточиться
ырықты	- вольный; свободный
үйреншікті	- привычный
тұрақтылық	- устойчивость; стабильность
көлем	- объем

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, мазмұнын түсініңіздер.

2. Берілген жоспар бойынша мәтіннің мазмұнын айтып беріңіздер.

а) Уәзір таңдаған радждың шарты мен оның айла амалдары.

ә) Сыннан өткен кісінің жауабы.

- б) Психологиялық әрекеттің бір түрі зейіннің маңызы.
- в) Зейіннің субъектімен қатынасы.
- г) Оның физиологиялық сипаты, түрлері мен қасиеті.

3. Сөйлемдерді толықтырып жазыңыздар.

1. Зейін адам іс-әрекетінің сапалы әрі нәтижелі болуына
2. Оның негізі - жүйке жүйесінің әр түрлі деңгейде тұрған ... қызметі.
3. Миға көптеген ... бір мезгілде әсер етеді.
4. Мәнерлі де әсерлі сөздер адамның ... өзіне еріксіз тартып отырады.

Керекті сөздер: зейін, психикалық әрекет, жәрдемдесу; сезгіштік; тітіргендіргіштер.

4. Берілген етістіктерді қалау рай формасында жіктеніздер.

Еңбек ету, бағыттау, ұғу, қабылдау

5. Сөздікті пайдаланып мына сөз тіркестерін аударыңыз, сөйлем құраңыздар.

Сыртқы дүние заттары, дүниедегі заттардың әсері, адамның қызығуы, зейін аудару, көңіл бөлу.

6. Төмсндегі сөз тіркестері бойынша зейін сөзінің қандай мағыналарда жұмсалатынын анықтаңыздар.

- а) зейінді бала
- ә) оның бар зейіні оқуда
- б) зейін аудару

7. Мәтіндегі психологиялық терминдерді көшіріп жазып, есте сақтаңыздар.

8. Жоғарыдағы мәтіннен сын есімдерді тауып, олардың қандай шырайда қолданылып тұрғанын анықтаңыздар.

9. Мәтінді аударыңыздар, мазмұнын баяндаңыздар.

◆ *Өзімізді байқап көрейік!*

а) Адам объектіге қадала қараса, онда оның зейіні оған шыдамай, басқа нәрселерге бөлінеді. Не себептен солай болады?

ә) Қала көшесінде келе жатып ағылып жатқан машиналардың

сигналдарына көңіл бөлмейміз, ал сол машина дауысын далалы жерде естісек, оған көңіл бөлеміз. Мұның себебі неліктен?

18-САБАҚ

ЕС

Ес - күрделі психикалық процестердің бірі. Ол есте қалдыру, қайта жаңғырту, тану, ұмыту секілді процестерден тұрады.

" Ес процестерінсіз адам баласы мәдениеттің салаларын қалағанынша меңгере де, жан-жақты жетіле алмас еді. Егер біздің есімізде өткенде қабылданған нәрселер сақталмаса, бізге өмірді әр кез қайта жасап отыруға тура келер еді. Немесе өмірдегі заттардың барлығы да әр уақытта белгісіз, не жаңа нәрсе болып көрінер еді.

Ес адамның басқа жан қуаттарымен де (қабылдау, ойлау, қиял т.б.) тығыз байланысты. Ол, әсіресе ойлау үшін аса қажет. Нәрсе есте дұрыс сақталмаса, бұл жай ойлауға қиындық келтіреді.

Ес қозғалыс, образдық, сөз-логикалық және эмоциялық естер болып бөлінеді.

Естің негізгі процестерінің бірі - есте қалдыру. Есте қалдыруда әр кез мақсат қойып отыру маңызды, Есте қалдыру мағыналы болу үшін нәрсенің мәнін түсіну керек. Есте қалдыру арнайы және еріксіз болып бөлінеді. Қайта жаңғырту процсі еріксіз және арнайы жаңғырту деп екіге бөлінеді. Еріксіз қайта жаңғыртуда адам алдына мақсат қоймайды. Мұны іс-әрекеттің барысы туғызып отырады. Арнайы қайта жаңғырту - әдейілеп еске түсіру, ойлаумен тығыз байланысты процесс. Арнайы қайта жаңғырту мақсат қоюмен, арнаулы әдіс, тәсілдер қолданумен жүзеге асады.

Тану - бұрын қабылдағандармен қайтаданк қезіккенде көрінетін процесс. Тану адамдардың қабылдау ерекшеліктеріне қарай түрлі дәрежеде көрінеді.

Ұмыту процесі - есте қалдыру процесіне қарама-қарсы процесс. Есте қалдырудың нашар болуы адамның зейінсіздігіне байланысты болады.

Сөздік

арнайы – специально

жаңғырту - возобновление

әдейі – специально

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, орыс тіліне аударыңыздар.

2. Берілген сөздерді сөздік арқылы орыс тіліне аударыңыздар.

Ес, жаңғырту, тану, ұмыту, меңгеру, қабылдау, қияд, еріксіз, әдейі

3. Берілген сөздер мен сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар.

Меңгерген, қиыңдық келтіру, арнайы, әдейілеп еске түсіру, арнаулы әдіс, есте қалдыру, мақсат крю

4. Берілген етістіктерді бұрынғы өткен шақта жіктеңіздер.

Есте қалдыру, қайта жаңғырту, тану, ұмыту, зейінді болу

5. Мәтіннен психологиялық терминдерді көшіріп жазып, оларды есте сақтаңыздар.

6. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

а) *Ес қандай процестерден тұрады?*

ә) *Ес адам баласының қандай жан құбылыстарымен байланысты?*

б) *Естің қандай түрлері бар?*

в) *Естің негізгі процестері туралы не білесіз?*

7. Сөйлемдерді аяқтаңыздар.

а) *Ес процестерінсіз адам баласы ...*

ә) *Егер біздің есімізде өткенде қабылданған нәрселер сақталмаса ...*

б) *Ес адам басқа да жан қуаттарымен*

в) *Еріксіз қайта жаңғыртуда адам ...*

8. Ұмытудың қандай себептерін білесіз? Мысал келтіріңіз.

9. Мәтіннің мазмұнын айтып беріңіздер.

19-САБАҚ

ОЙЛАУ

Сыртқы дүниені толық тануға түйсік, қабылдау, елестер жеткіліксіз болады. Біз тікелей біле алмайтын заттар мен құбылыстарды тек ойлау арқылы ғана білеміз.

Ойлау - сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс-қатынастарының миымызда сөз арқылы бейнеленуі.

Ойлау - қабылдау, елестермен тығыз байланысты. Ойлау сезім мүшелері арқылы алынған мәліметтерді өңдейді.

Адамның ойы әрқашанда сөз арқылы білдіріледі. Ой -сыртқы дүниені бейнелеудің ең жоғары формасы, сөз - ойды басқа адамдарға жеткізетін құрал. Бала тілі шықпай тұрған кезде де ойлай алады. Ол айналасындағы дүниені бірінші сигнал жүйесінің қызметі арқылы танып біледі. Ойлаудың бұл түрі оның танымын онша кеңейте алмайды. Баланың тілі шығып, сөз арқылы үлкендермен қарым-қатынасқа түскенде ғана оның ойлау шеңбері кеңейетін болады.

Адам сыртқы дүние құбылыстарының сырын көбірек білген сайын оның ойлауы да жетіле түседі.

Ойлау - өзіндік ішкі қарама-қарсы қайшылықтарға толы процесс. Ойлаудың пайда болуында жаңа, белгісіз нәрселерге зер салып, қызығудың да маңызы зор. Немесе белгісіз, түсініксіз нәрсені білуге деген ынтызарлық адамды түрлі іздеп, ой әрекетімен шұғылдануға итермелейді. Ойлаудың ұғым, пікір, ой қорытындылары деп аталатын бірнеше формасы бар. Ал түсіну ойлаудың негізгі белгісі болып табылады.

Ой әрекеті дүниені танып білуде негізгі рөл атқарады.

Сөздік

ойлау - думать, мыслить

елес - представление

құрал - средство

өндеу - обрабатывать
тану - узнать, признавать
ойлау шеңбері - кругозор
тілі шығу - начинать говорить
кеңею - расшириться
жетілу - созреть
зер салу - обратить внимание
ынтызарлық - сильное желание, овладеть чем-нибудь
итермелейді – подталкивает

Тапсырмалар:

1. Берілген сөздердің жуан түбірге негізделгенін бір бағанға, жіңішке түбірге негізделгенін бір бағанға көшіріп жазыңыздар. Сөздікті пайдаланып, орыс тіліне аударыңыздар.

Түйсік, қабылдау, елес, тану, тығыз, сезім, құрал, ой, таным, шеңбер, қайшылық, белгісіз, ынтызарлық, пікір, белгі.

2. Етістіктердегі етіс формасын анықтаңыздар.

Бейнелеу, өңделеді, ойландырады, кеңейтеді, зер салды, итермелейді

3. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

- а) Ойлау дегеніміз не?*
- ә) Ойлау мен сөздің байланысы қандай?*
- б) Ойлаудың сыртқы ортамен қарым-қатынасының сыры неде?*
- в) Ойлаудың қандай формалары бар?*

4. Кестенің екінші жағын өз ойыңызша толтырып көріңіз. Ойлаудың қандай сапасы болады?

ОЙЛАУ	
Түрлері	Сапасы
Практикалық ойлау	
Нақтылы, бейнелі ойлау	
Теориялық ойлау	

5. Берілген сөздермен зат есім мағынасында бір, стістік мағынасында бір сөйлем құрастырыңыздар.

Қабылдау, жетілу, тану, қызығу.

6. Мәтінді оқыш, мазмұныш баяндаңыздар. Психологиялық терминдерді көшіріп жазып есте сақтаңыздар.

7. Өлеңнің мазмұнын түсініп, жаттап алыңыздар.

Ой деген у -

Ауызға алсаң қандырар.

Ой деген у —

Жанды есінен тандырар.

Ой деген у —

Ішсең, мас боласың.

Ой деген у —

Ішесің де соласың.

Ой бір теңіз —

қап-қара боп тебіренер.

Ой бір теңіз —

Толкындана күңіренер.

Ой улады -

Жүрскте зар, көзде жас,

Ой улады —

Жүректе зар, ессіз жаным мас.

Ой улады —

Көмір болды жүрегім.

Ой улады -

Сарғаямын сенемін.

М.Жұмабаев

20-САБАҚ

СӨЙЛЕУ

Адам өзінің өмір қажетін өтеуге байланысты басқа біреулермен пікірлеседі, ой алмасады. Бұл үшін сол ұлттың тілдік грамматикалық ережелеріне сәйкес сөз тіркестерін пайдаланады.

Адамзаттың сана-сезімінің дамуында дыбысты тілдің пайда болуының маңызы зор болды. Сөйлеу - адам санасының басты белгісі. Ол бізді жануарлар дүниесінен срекшелендіріп тұратын жан қуаты. Сөйлеу мен сананың пайда болып, біртіндеп қалыптасуы биологиялық жағдайларға ғана байланысты емес, сонымен қатар қоғамдық-әлеуметтік, тарихи факторларға да байланысты. Сана мен тіл —' адамзат қоғамының тарихи дамуының, олардың іс-әрекетпен айналысуының, еңбек құралдарын жасап, пайдалана білуінің нәтижесі.

Адамдар арасында қатынас құралы ретінде тілдің қызмет атқаруы, оның негізгі қызметі, Тіл — адам сана-сезімінің, психологиясының көрсеткіші. Тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткізуді сөйлем деп атайды. Сөйлеу — пікір алысу процесінде жеке адамның белгілі тілді пайдалануы. Сөзді қабылдау және оны ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты. Сөзді дұрыс қабылдамай тұрып, оны ұғынуға болмайды. Қабылдау мен ұғыну бір мезгілде жүріп отырады, бір-бірінсіз іске аспайды.

Сөздік

қабылдау — принимать

ұғыну — понимать

пікірлесу —обмениваться мнениями

ой алмасу — обмениваться мыслями

нәтиже — результат

құрал — орудие

көрсеткіш — показатель

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, сөздікті пайдалана отырып, мазмұнын түсініңіздер.

2. Берілген етістіктерді өткен шаққа жіктеңіздер.

Пікірлесу, қалыптасу, білу, қатынасу

3. Сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыздар.

Саналы адам, тәжірибесі мол, негізгі қызметі, қатынас құрал, жеке адам, жан қуаты

4. Берілген сөздермен психологиялық мәнді сөз тіркестерін құрастырыңыздар.

Ойлау, ой алмасу, сөйлеу, қабылдау, ұғыну

5. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

а) *Пікірлесудің қандай түрлері бар?*

ә) *Сөйлеудің негізгі түрі қандай?*

б) *Ауызша сөйлеудің негізгі түрлері қандай?*

в) *Жазбаша сөйлеу әдісі қай уақыттан бастап дамиды?*

г) *Ішкі сөйлеу дегенді қалай түсінесіз?*

6. Мәтіннен психологиялық терминдерді көшіріп жазып, оларды есте сақтаңыздар.

7. Мәтіннің мазмұнын айтып беріңіздер.

8. Нақыл сөздерді түсініп оқып, есте сақтаңыздар.

а) *Адамның сөйлеу өнерін дамытуда жазба сөйлеу ерекше маңызды.*

Өйткені мұнда созді санамен өндеуге мүмкіндік көбірек болады.

ә) *Сөйлеу мәдениеті өспейінше жоғары ақыл моде-ниетіне жетуге болмайды.*

Б. М. Теплов — психолог, академик

б) *Білімділіктің ең басты факторы туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады.*

Г.Гегель — философ-идеалист

9. Төмендегі тіл туралы ойларды жалғастырып көріңіздер:

а) *Тіл — адам сана-сезімінің, психологиясының көрсеткіші.*

ә) Тіл - ...

б) Тіл - ...

10. Төмендегі берілген үзіндіні орыс тіліне аударыңыздар. Асты сызылған сөздердің қолданылуына назар аударыңыздар.

Сөйлесу - табиғи, яғни, пікір алысуға байланысты қажеттілік. Тіл мен сөйлеу бір емес. Адам сөйлегенде тілді пайдаланады. Тіл деген көзге көрінбейтін, әр адамның басында қалыптасқан қатынас жасау мөлшері. Ал сөйлеу сол қатынас мөлшерлерін жүзеге асырушы адамның әрекеті.

♦ **Өзімізді байқап көрсейік!**

а) Сөзді қолданбай, мысалы, қол бұлғап немесе көздерін қозғалту арқылы екі адам өзара қатынас жасай ала ма? Егер қатынас жасай алса, онда бұл қатынастың қандай түріне жатады?

ә) Психолог маман М.М.Мұқанов: «Тіл - көлік, ой — жолаушы, әркімнің басы — станция», - дейді. «Әркімнің ойы тіл көлігіне мініп, бір кісінің басынан екінші кісінің басына көшіп жүреді», - дейді. Осы пікірді қалай түсінесіздер?

21-САБАҚ

ЭМОЦИЯЛАР МЕН СЕЗІМДЕР

Сезімдер - өте күрделі психикалық процестер. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адамның қажеттеріне сәйкес келу-келмеуінің нәтижесінде пайда болып отыратын психикалық процестің түрін сезім дейміз. Сезімдерден эмоцияларды айыра білу қажет. Сезім адамның бүкіл өмірімен, адамның жеке басының ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Адамның әр түрлі эмоциялары мен сезімдері оның қажеті мен қызығу ерекшеліктеріне, дүниеге көзқарасы мен сеніміне, мінез-құлқы мен білім көлеміне, саналы мен ерік сапаларына байланысты қалыптасып отырады.

Эмоцияларды бірнеше топқа жіктеуге болады. Олардың бір тобы жағымды не ұнамды эмоциялар деп аталады. Мәселен, қуаныш, сүйіспеншілік, көңіл қоштық т.б. эмоциялардың енді бір тобы жағымсыз не ұнамсыз эмоциялар делінеді. Мұндай эмоцияларға қорқыныш, қайғы, долдану, абыржу, үрейлену, үмітсіздену, т.б. жатады. Осы айтылғанмен қатар қарапайым және күрделі эмоциялар болып бөлінеді. Күрделі түрлеріне: көңіл, аффект, құмарлық эмоциялары кіреді. Адамның көңіліне айналасын қоршаған дүние әсер етіп отырады. Аффект дегеніміз қысқа уақытқа созылса да, бұрқ етіп қатты көрінетін эмоцияның бір түрі. Құмарлық - адамның ойы мен әрекетінің негізгі бағытына із қалдыратын күшті, терең эмоция.

Жоғарғы сезімдер адамға ғана тән. Осы топқа адамгершілік, эстетикалық, интеллектілік деп аталатын сезімдер кіреді. Адамгершілік сезіміне достық, жолдастық, адалдық, ар-намыс, борыш, жауапкершілік, ұят т.б. жатады. Эстетикалық сезім дегеніміз адамның шындықтағы қандай болмасын бір сұлулықты сезінуі. Интеллектілік сезімдер адамның тану процестерімен, ақыл-ой әрекетімен тығыз байланысып жатады. Сезімнің осы түрлері оқу процесінде, ғылыми-зерттеу жұмыстарында адамға зор ләззат беретін жаңалықтар ойлап табуда пайда болады.

Сезімдер мен эмоциялардың адамның практикалық әрекетінде алатын орны зор. Алдағы мақсатты орындау жолында, өмір үшін күресте күшті

сезімдерсіз табысқа жету қиынға соғады. Адам не үшін күрессе, соны жан-тәнімен жақсы көріп, неге қарсы күрессе, соны жек көріп отыру керек.

Сөздік

табысқа жету - достигнуть успеха

қарапайым — простой

жауапкершілік — ответственность

үрейлену — тревожиться

ләззат — удовольствие

абыржу — беспокоиться

Тапсырмалар:

1. Төмендегі өоздердің мағынасын түсініп, сөйлем құраңыздар.

Құбылыс, сана, үрейлену, адамгершілік, ләззат

2. Мына создердің синонимін табыңыздар.

Күшті, зор, қиын, көзқарас, әрекет, алдағы.

3. Сұраққа өз бетіңізше жауап беріңіздер:

«Сезімді ақылға жеңдіріңіз» дегенді қалай түсінесіз?

4. Мотінді түсініп оқып, мазмұнын айтып беріңіз.

5. Төмендегі сұрақтарға жауап бершіз.

а) Сезім деген не? Оның қандай түрлері бар?

ә) Эмоциялардың түрлерін айтыңыз.

б) Эстетикалық сезімді қалай ояту керек?

6. Қорқу эмоциясы кезіндегі адамның сыртқы бейнесін сын есімнің түрлерін пайдалана отырып суреттеңіздер.

7. Мәтіннен психологиялық терминдерді көшіріп жазып, есте сақтаңыздар.

8. Мәтіннің соңғы абзацын қайталап оқып, тірек сөздер мен сөз тіркесін табыңыздар.

9. Үйден Абай өлеңдерінде кездесетін эмоциялық жағдай кезінде адамның денесінде байқалатын әр түрлі мәнерлі қозғалыстарды тауын жазып келіңіздер.

♦ Өзімізді байқап көрейік!

а) Бір адам өзі келген тоқтамына (решение) сын көзбен қарап, басқалардың сөзіне сене бермейді. Осы сезімнің қандай түріне жатады?

ә) Кейде мынадай оқиганы кездестіруге болады: кейбіреулер қатты ашуланып, беті бозарып-көгсереді, жұдырығын түйіп, кейдс айқайлайды. Эмоцияның бұл түрі қалай пайда болады, не деп аталады?

22-САБАҚ

ТЕМПЕРАМЕНТ

Темперамент — нерв жүйесінің тума қасиеттерінен туындайтын адамның жеке өзгешеліктерінің бірі. Ол адамдардың эмоциялық қозғыштығынан, қимыл-қозғалысынан, жалпы белсенділігінен жақсы байқалады.

Темперамент туралы алғашқы ой-пікірлер ғылымда өте ерте кездің өзінде-ақ айтыла бастады. Ежелгі Грецияның белгілі ғалымы, дәрігер Гиппократтың еңбектерінде бұл жөнінде біраз пікірлер айтылған. Гиппократтың ойынша, әр түрлі темпераменттер адамдар мен жануарлардың денесіндегі төрт түрлі сұйық заттарға байланысты. Олар: денені жылытып тұратын қан, салқындататын — шырын (слизь), құрғататын бауырдағы сары өт және оған дымқылдық беретін қара өт. Осы төрт түрлі сұйықтың араласуының пропорциясын грекше «красис» деп атаған. Ал латынша бұл термин «темпераментум» деп аталып кеткен.

Темпераменттердің физиологиялық негіздерін ғылыми тұрғыдан түсіндірген академик И.П.Павловтың ілімі темперамент туралы түсінікті ғылыми жолға түсірді.

Нерв жүйесінің типтері ми қабығындағы қозу, тежелу процестерінің үш негізгі белгісінің (күші, тепе-теңдігі, қозғалғыштығы) жиынтығынан құрастырылады.

Нерв процестерінің күшіне — ми қабығының жұмыс істеу қабілеттілігі, яғни сыртқы ортаның түрлі тітіркендіргіштеріне мидың төзімділігі жатады.

Темперамент жеке адамның жалпы сипаттамасы, әрбір индивидумның барлық әрекетіне белгілі кейіп беретін нерв жүйесінің жалпы сипаттамасы.

И.П.Павлов ашқан нерв жүйесінің негізгі типтері темпераменттердің физиологиялық негіздерін жақсы түсіндіреді. И.П.Павлов сангвиниктерді — ширақ, нерв жүйесі күшті, қозуы мен тежелуі тең, қозғалғыш адам; холериктерді - ұстамсыз, нерв жүйесі күшті, қозуы тежелуінен басым; флегматиктерді қозуы мен тежелуі бір-біріне тең болғанмен, қозғалысы баяу адамдар десе; меланхоликтерді - нерв жүйесі әлсіз типті адамдар деп

сипаттады.

И.П.Павлов осы айтылған негізгі типтерден басқа да аралас, көшпелі типтердің кездесетіндігін айтты.

Сөздік

дымқылдық - влажность

ғылыми тұрғыдан — ио научному аспекту

өт — желчь

белгі — знак

қозғалғыш — подвижный

қозу — возбуждение

тежелу — торможение

ми қабығы — кора мозга, кожура мозга

тітіркеңдіргіш — раздражитель

сипаттама — описание

кейіп — форма

ширақ - бодрый


әлсіз — слабый

көшпелі — подвижный

тума қасиет - врожденное качество

қозғыштық - возбудимость

белсенділік — активность



Тапсырмалар:

1. Берілген сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңіздер.

Тума қасиеттер, адамдардың белсенділігі, эмоциялық қозғыштық, алғашқы ой-пікірлер, ғылыми тұрғыдан, нерв процестері, мидың төзімділігі, адамның жалпы сипаттамасы.

2. Сөздердің жасалу жолын анықтаңыздар.

Қозғыштық, белсенділік, төзімділік, дымқылдық, қозғалғыш, қабілеттілік, тітіркендіргіш, жиынтық

3. Мәтінді оқып, сөздікті пайдалана отырып, мазмұнын түсініңіздер.

4. Мәтіннің соңғы абзацын қайталап оқып, темперамент типтерін ауызша сипаттаңыздар.

5. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

а) Темперамент неден байқалады?

ә) Темперамент жөнінде Гиппократ қандай пікір айтқан?

б) Темпераменттердің физиологиялық негіздерін ғылыми тұрғыдан түсіндірген кім?

- в) Темпераменттің қандай түрлерін білесіз?
- г) Өзіңізді темпераменттің қай түріне жатқызасыз?
- д) Сізге темпераменттің қай түрі ұнайды?
- ж) Досыңның мінезін сипатта, ол темпераменттің қай түріне жатады?
- з) Холерикалық темпераменттің атақты өкілдерінен кімді білесіз?

6. Мәтіннен кірме сөздерді тауып, олардың қазақ сөздерімен тіркесу қабілетіне назар аударыңыздар.

7. Мәтіннің мазмұнын айтып беріңіздер.

8. Төмендегі мәтінді орыс тіліне аударыңыздар. Сын есімдерді табыңыздар. Сын есімдердің антонимдерін табыңыздар. Осындай мінезді адам несің қазақта қандай адам дейді?

Сангвиникалық темпераментіндегі адамдар ширақтығымен, байсалдылығымен ерекшеленеді. Олар жаңа жағдайға, қызмет түріне тез көнігеді, өкпелемейді. Жүрген ортасында жарқын жүзді, нақты әрі қызықты іске қызу араласады. Әйтсе де күштарлығын жоғалтып алса, бастаған ісін тастап, тез жалығады. Кезекте тұру не болмаса көп бейнетті қажет ететін еңбекпен айналысу олар үшін барып тұрған азап. Ұсақ-түйекке көп шашыла бермейді, көздеген мақсатына жетуге тырысады, шыдамды, ұқыпты.

9. Төмендегі сөйлемдерді тиісті жұрнақ-жалғаулармен толықғырып көшіріңіздер.

- а) Темперамент жайында арнайы сөз етіп адам ... мінез-құлқы мен әр алуан қимыл әрекетіндегі көріністері, ... тәлім-тәрбие істері ... ұштастыра отырып іздестірген - қазақ халқы ... көрнекті жазушы Жүсіпбек Аймауытов.
- ә) Қазақ халқы ... қарапайымдылық пен кішіпейілділік. ашық-жарқын көңіл мен кеңпейілділік, ер ... нәсілді адамдар ... деген достық пен сыйластық көзқарас, қонақжайлылық пен пайымшылдық сияқты қасиеттер тән.
- б) Қазіргі заманғы психологтар сіз мінезіңіз бен қайсыбір ерекшеліктеріңізді, ... қолдарыңыз ... қалай ұстай-ғыныңыз ... қарап білу ... болады дейді.
- в) Адам мінезі ... еліктеу оның іс-әрекетіндегі үлгілі жағы болса ғана пайдалы

болмақ.

10. Берілген нақыл сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер.

а) Байыптылық - мінездің негізі.

О- Бтъзак

ә) Мінезі бірқалыпты адамдардың өмірі де жайма-шуақ болады.

Демокрит

б) Адамның баласына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты.

Әл-Фараби

в) Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып екеуі біріккенде — бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады.

Әл-Фараби

23-САБАҚ

МІНЕЗ

Әр адамға сыртқы дүниенің тітіркендіргіштеріне өз әлінше түрліше жауап қайтарып отырады. Әр адамда әр түрлі мінез болуы — оның сыртқы ортамен түрліше қарым-қатынас жасауының нәтижесі.

Адамның кейбір мінез бітістері оның темпераментіне, тума қасиеттеріне байланысты болады.

Мінез — кең мағыналы ұғым. Мінез адамның даралық өзгешелігін көрсетеді. Мінездің моральдық жағынан тәрбиелігі, бірқалыптылығы, салмақтылығы — оның негізгі сапалары болып табылады.

Моральдық жағынан тәрбиеленген мінездің адамдарға қамқорлық, гуманизм, жұртшылық пікірімен санаса білушілік, адалдық сияқты сапалық компоненттер болады.

Рухани дүниесі бай, қажеттері мен қызығулары, талғамы мен ой өрісі кең

адамдарды толық мінезді адам дейді. Кімнің мінезі толық болса соның мінезі бірқалыпты келеді.

Бірқалыпты, тұрақты мінезі бар адам басқалардың жетегінде кетпейді, оның белгілі көзқарасы, принципі, өзіндік мінез-кұлқы болады.

Мінез адамның басқа психикалық қасиеттерімен, қабілетімен, темпераментімен тығыз байланысты. Жақсы мінездің ықпалымен темпераменттің де кейбір нашар жақтары өзгеріп отырады. Адамда қабілеттің дамуы кейбір тиісті мінез бітістерінің болуын қажет етеді.

Сөздік

тәрбиелі — воспитанный

бірқалыпты — уравновешенный

салмақты — спокойный

рухани дүние — духовный мир

ұғым — понятие

мінез-кұлқы — поведение

талғам — вкус

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, сөздікті пайдалана отырып аударыңыздар.

2. Берілген сөздермен сөз тіркесін құрастырыңыздар.

Мінез, салмақты, тәрбиелі, қабілетті, талғам, көзқарас, қорлық, тітіркендіргіш, кемшілік.

3. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

а) Адам бойындағы қандай мінезді ұнатасыз?

ә) Ер адам бойындағы қандай мінезді бағалайсыз?

б) Әйел адам бойындағы қандай мінезді бағалайсыз?

4. Досыңның мінезі туралы шағын эссе жазыңыздар.

5. Мәтіндегі психологиялық терминдерді көшіріп жазып, есте сақтаңыздар.

6. Төмендегі сөз тіркестерінің мәнін қалай түсінетіндігіңізді айтып беріңіздер.

Басқалардың жетегінде кетпеу, жұрт пікірімен санаса білу, толық мінезді адам, рухани дүниесі бай адам, тума қасиеттер.

7. Мәтіннің соңғы абзацын қайталап оқып, мысал келтіре отырып баяндаңыз.

8. *Адамның мінезі* мен *адам бойындағы қасиеттер* деген ұғымдарда қандай айырмашылық бар? Мәтіннен адамның мінезін білдіретін сөздерді бір бағанға, қасиетін білдіретін сөздерді бір бағанға теріп жазыңыз. Өзіңіз тағы қандай сөздерді білесіз?

9. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- а) Мінездің әр түрлі болуы неге байланысты?*
- ә) Мінездің қандай сапалары бар?*
- б) Мінез бен темперамент арасында қандай байланыс бар?*
- в) Мінезді тәрбие арқылы өзгертуге бола ма? Сіз қалай ойлайсыз?*
- г) Өз бойыңызда кездесетін кемшіліктеріңіз бар ма? Болса, түзеткіңіз келе ме?*
- д) Қазақ халқында мынадай мақал бар: «Түсі игіден түңілме». Осы мақалды қалай түсінесіз? Адамның бет- әлпетіне қарап оның мінезін, қасиеттерін байқауға болады ма?*
- ж) Қазіргі заман адамы қандай болуы керек? (Өңгімелеңіз.)*

Берілген слайдтарға назар аударыңыздар!



Жоспар

- **Мінез дегеніміз не?**
- **Моральдық жағынан тәрбие**
- **Рухани дүниесі**
- **И. П. Павловтың пікірі**



Мінез – адамның негізгі өмірлік бет алысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешілік. Ол — көп қасиеттің бірлігі, түрлі өзгешіліктердің қосындысы, сонымен қатар, адамды әр қырынан көрсететін қасиет. Мінез бітістері көп. Олардың бәрі де жеке адамның қасиеттері болып табылғанмен кез келгені мінездің бітістері болып саналмайды.



Мінезді даралық өзгешеліктің өзегі, адамның негізгі тіршілік бағытының өрнегі деуге болады. Мінезде адамның сыртқы ортамен қарым – қатынасының тарихы бейнеленеді. Мінез — кең мағыналы ұғым. Онда түрлі сапалар тоғысып жатады. Мінездің моральдық жағынан тәрбиелілігі, бірқалыптылығы, толықтылығы, күші мен айқындығы, салмақтылығы оның негізгі сапалары болып есептелінеді.


Моральдық жағынан тәрбиеленген мінез адамды мінез-құлық тұрғысынан да, оның айналасымен байланысы тұрғысынан да сипаттап отырады. Инабаттылық, гуманизм, адамдарға қамқорлық, жолдастықты қадір тұту, жұртшылық пікірімен санаса білушілік, өзі міндетін орындаудағы жауапкершілік пен адалдық — мінездің осы сапасының негізгі компоненттері.



Рухани дүниесі бай қажеттері мен қызынулары, талғамы мен ой-өрісі кең адамдарды толық мінезді адам дейді. "Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты" (Әл-Фараби). Мінез сапаларының бірі -- оның бірқалыптылығы. Мұндай адам құйындай ұйтқып тұрмайды, оның қастерлейтіні ылғи да сөз бен істің бірлігі. Кімнің мінезі толық болса, соның мінезі бірқалыпты да келеді. Бұл екеуі мінездің егіз қозыдай, бірінен екіншісі ешқашан ажырамайтын бітістері. Мінездің тұрақтылығы адамның саяси моральдық ұғымынан, түсініктерінен туындайды. Бұл қасиеттер адамның өмір сүруінің мән-мағынасын, әрекетінің мазмұнын белгілейтін мінездің сапасы.



И. П. Павлов адамның мінез бітістерін жоғары жүйке қызметінің тұма типтері мен өмір сүру барысында қалыптасатын уақытша жүйке байланыстарының өзіндік "құйындысы" деп түсіндірді. Бұл жөнінде ол былай деп жазды: "...адамның мінез-құлқының бейнесі жүйке жүйесінің туа біткен қасиеттеріне ғана байланысты болып қоймайды, сонымен бірге, организмнің жеке өмір сүру барысында болатын ықпалдарға да байланысты, демек, кең мағынасында айтқанда, үнемі тәрбиелеу немесе үйрету жұмыстарына да байланысты болады"



Қолданылған сайттар

http://bestreferat.kz/extra_rkd/show/552
referat.kz/home?page=shop.product_details...id=41
referat.kz



24-САБАҚ

ҚАБІЛЕТ

Қабілетсіз адам болмайды, тек әркімнің қабілеті әр түрлі деңгейде болады. Қабілеттіліктің өлшемі белгілі бір істің нәтижелі болып орындалуында. Белгілі бір істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әр түрлі жеке қасиеттерінің қиысып келуін қабілет дейміз. Қабілет негізінен екіге бөлінеді. Адамның ақыл-ой өзгешеліктерінің жеке қасиеттерін көрсететін кез келген адамнан табылатын қабілет жалпы қабілет деп аталады. Ақылдың орамдылығы мен сыншылдығы, материалды еске тез қалдыра алу, зейінділік пен бақылағыштық, зеректік пен тапқырлық, т.б. осы секілді ақыл-ой әрекетінде көрінетін өзгешеліктер жалпы қабілет болып табылады. Іс-әрекеттің жеке салаларында ғана көрініп, оның нәтижелі орындалуына мүмкіндік беретін қабілетті арнаулы қабілет деп атайды. Бұған суретшінің, музыканттың, актердің, спортшының, математик - ғалымның, ақын-жазушының қабілеттерін жатқызуға болады.

Адамның кейбір өзгешеліктері ана құрсағында жатқанда-ақ пайда болады. Мұны нышан дейміз. Нышанның ықпалымен қалыптасқан қабілеттің түрін дарындылық дейміз. Дарынның дамуына қолайлы жағдай туса, ол срте көзге түсетін болады. Мысалы, 9 жасар Гете неміс, латын, грек тілдерінде өлең жазатын болған. Шопен 11 жасында үлкен концерт қоюға қатысқан. Қабілеттіліктің ең жоғарғы дәрежесін талант деген сөзбен белгілейді. Таланттың дамуы еңбек ете білумен, еңбек сүйгіштікпен тығыз байланысты. А.М.Горький «талантты өсіретін нәрсе — істі сүйу» деп бекер айтпаған.

Қабілет адамнан әрекеттің бір түрімен айналысуына мүмкіндік беретін бейімділікте байқалады. Өйткені адамның бір нәрсеге қабілеттілігі оның бейімділігіне орай қалыптасады. Бейімділік — оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Баланың бейімділігін дамытып отыру оның дамуына, ақыл-ой қабілетінің қалыптасуына жағдай жасайды. Адам қабілеттілігі әр қилы, тек оны үнемі жан-жақты дамытып отыру қажет.

Сөздік

Өлшем — мера

зейінділік — внимательность

бақылағыштық — наблюдательность

зеректік — сообразительность

тапқырлық — находчивость

мүмкіндік — возможность

өзгешеліктер — особенности

ана құрсағында — в утробе матери

Тапсырмалар:

1. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрастырып, мәнін түсініңдер..

Жеке қасиеттер, жеке салалар, арнаулы қабілет

2. Мына сөздердің синонимін табыңыздар.

Қабілеттілік, қолайлы, орай, әрекет

3. Сұрақтарға өз бетіңізше жауап беріңіздер.

а) «Алуан-алуан жүйрік бар. Әліне қарай шабатын» дегенді қалай түсінесіз?

ә) Қабілетті жолдастарыңыз бар ма? Оларды неге қабілетті деп ойлайсыз?

4. Мәтінді оқып, түсінгеніңізді айтып беріңіздер.

5. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

а) Қабілет деген не? Оның қандай түрлері бар?

ә) Нышан қай уақытта пайда болады?

б) Таланттың дамуы неге байланысты?

в) Бейімділік дегенді қалай түсінесіз?

6. Берілген сөйлемдерді мәтін бойынша толықтырыңыздар:

... - оянып келе жатқан алғашқы белгісі. Адам қабілеттілігі ..., тек оны үнемі ... дамытып отыру қажет.

7. Мәтіннен психологиялық терминдерді көшіріп жазып, есте

сақтаңыздар.

8. Мәтіннің 2-абзацын кайталап оқып, тірек сөздер мен сөз тіркесін табыңыздар.

♦ Өзімізді байқап көрейік!

Ерте жаста дамымаған қабілет ересек жаста дамитыны да болады. Мысалы, Е.М.Гусева деген әйел 40 жаста болғанда рабфакқа түсіп, 50 жаста орта мектеп бітіреді. Ал 55 жасында институт бітіреді. 60 жасында кандидаттық, ал 70 жасында докторлық диссертация қорғайды. Осындай фактілерді қалай түсінуге болады?

25-САБАҚ

Ж. АЙМАУЫТОВ – ПСИХОЛОГ

Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы Павлодар облысының Қызылтау ауылында дүниеге келген. Ол "Керекудегі мектеп-интернатта, Семейдегі мұғалімдер семинариясында білім алған.

Ж.Аймауытов. психология саласында алты кітап жазған. Оның «Психология» атты оқу құралы осы саладағы қазақ тілінде жазылған құнды еңбектердің бірі. Бұл кітаптың бірінші тарауында психология ғылымының екі мың жылдық тарихынан біраз мәлімет береді. Ал екінші тарауында адамның жан-дүниесін, мінез-күлкын зерттеу әдістерін айтады. Бақылау, анкета, әңгімелесу, тәжірибе әдістері туралы түсінік береді.

Бесінші тарауда эмоция мен сезім, адамның бет-әлпетіндегі ым т.б. қазақ өмірінен алынған қызықты деректер арқылы жазылған. Ал психологиялық ғылыми категориялар ойлау мен сөйлеу, ұғым мен сөз, елестету мен ұғым т.б. психологиялық тұрғыдан түсіндіріледі.

Түйсік пен қабылдау, ынта, ес псн елес, қиял мен шығармашылық мәселелері - алтыншы, сегізінші тараулардың бас тақырыптары.

Оның «Жан жүйесі мен өнер тандау» (Мәскеу, 1926) еңбегі психологиялық зерттеу әдістерінің нәтижесі негізінде жазылған.

Ж.Аймауытов мамандық тандауда адам өзінің жеке қасиеттері мен кейбір тумысынан берілетін ерекшеліктерін (темперамент, нышан т.б.) ескеру қажеттілігін, бұл жерде кісі өзін-өзі басқарып, жеке басын жетілдіру керектігін айтады.

Ж.Аймауытовтың психологиялық еңбектері ұлттық психологиялық терминдердің қалыптасып, жүйеге түсуіне негіз болған.

Сөздік

сала - отрасль

әдіс - метод

тәжірибе - эксперимент

жан-дүние - внутренний мир

бет- әлпет - облик

ым - мимика, жест

елестету - представлять

қабылдау - восприятие

ынта - желание

ес - память

қиял - воображение

нышан - знак

тумысынан берілетін - передаваемое от рождения

ескеру – учитывать

Тапсырмалар:

1. Сөздерді берілген үлгі бойынша оқыңыз. Себебін түсіндіріңіздер.

дүние - [дүнүйө]

күнды - [күндү]

мінез-құлық - [мінез-құлқ]

ұғым - [үғұм]

түйсік — [түйсүк]

жүйе - [жүйө]

ұлттық - [ұлттұқ]

2. Берілген сөздермен зат есім және етістік мағынасында екі сөйлемиен құрастырыңыздар.

Ойлау, сөйлеу, таңдау, бақылау, зерттеу, қабылдау

3. Берілген сөздерден сын есім жасаңыздар.

Сөз, қиял, сезім, тәжірибе, ынта, ес, жүйе, нәтиже

4. Мәтінді оқып, мазмұнын түсініңіздер. Сөздікті пайдаланыңыздар.

5. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

а) Жүсіпбек Аймауытов кім?

ә) Ж. Аймауытовтың қандай еңбектерін білесіз? Қандай еңбегін оқыдыңыз?

б) Ол қандай психологиялық зерттесу әдістеріне түсінік берген?

в) Оның "Психология" атты еңбегінің бесінші тарауы не туралы?

2) *Ж.Аймауытовтың этнопсихологиядағы орны қандай?*

6. Мына кестені мәтінде кездесетін психологиялық терминдермен толықтырыңыз, оларды есте сақтаңыздар.



7. Мәтінде кездесетін мамандық таңдауда адам өзінің жеке қасиеттері мен кейбір туыстан берілетін ерекшеліктерін ескеру қажет, адам өзін-өзі басқарып, жеке басын жетілдіру керек деген тіркестердің мәнін түсіндіріңіздер.

8. Төмендегі сөздерге тиісті жалғауларды жалғап, сөйлем құрастырыңыздар.

а) *Ж.Аймауытов, білім алу, мұғалімдер семинариясы, Семей.*

ә) *кітап, адам, екінші тарау, әдіс, айту, зерттеу, жан-дүние, мінез-құлық.*

б) *кітап, бұл, психология ғылымы, тарих, мәлімет, беру, екі мың, жыл.*

♦ **Есте сақтаңыз!**

Нашар жаннан осал мінездер туады?

Ж.Аймауытов

Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт -жас күнде көрген өнеге.

Ж.Аймауытов

26-САБАҚ

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

Мағжан поэзиясында адам жан-дүниесінің сыры мені қыры маңызды орын алады. Оның «Педагогика» (1922) атты еңбегі педагогикалық психологияны қамтиды. Бұл еңбегінде Мағжан жан көріністерін білу, сезім, қайрат деп үшке бөледі. Олардың өзара табиғи үйлесімін Абай тұжырымдарымен байланыстырады.

Кітапта «зейін» туралы да біраз деректер бар. Автор шәкірттерде зейін даму үшін әсердің күшті, жаңа болуы керек дейді. Ол кейбір оқушылардың зейінсіз болуының себептерін де ашады. Бұған дененің немесе жанның шаршауын бейғамдықты т.б. жатқызады. Бейғамдықты болдырмау үшін терең, ұзақ тәрбие қажет.

Ол бұл еңбегінде ойлау, ұғым, ой қорытындылары, ішкі сөйлеу т.б. мәселелерді, ерік-жігер, рефлекс, әдет категорияларына да талдау жасаған. Ақын тілдің адам өміріндегі маңызы жайлы былай дейді: «Ұлттың тілі кеми бастауы, ол -ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Бұл ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады».

Ол педагогика мен психологияның тығыз байланыста екендігін, яғни шәкірттердің жан-дүниесі ерекшеліктерін (зейін, ес, ойлау т.б.) ескеру керектігін ескертеді.

Сөздік

қыр - сторона

зейін - внимание

шаршау - уставать

бейғамдық - беспечность

ой қорытындылары — заключительные идеи

ерік-жігер — воля

Тапсырмалар:

1. Берілген сөздермен сөз тіркестерін құрастырыңыздар.

Сыр, сезім, ерекшелік, әсер, зейін, бейғамдық, тәрбие, әдет, ерік, жігер,

себеп

2. Берілген сөздерді орфографиялық ережеге сай етіп жазыңыздар.

Жан көрүнүстері, үйлөсүм, түжүрүм, үзүм, сөйлөу, өмүр, түрмүс

3. Берілген етістіктермен сөйлем құрастырыңыздар.

Қамту, бөлу, байланыстыру, шаршау, талдау, ескерту

4. Мәтінді оқып, мазмұнын түсініп, баяндаңыздар.

5. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

а) Мағжан Жұмабаев туралы не білесіз?

ә) Оның «Педагогика» атты еңбегі қай ғылым саласына арналған?

б) Мағжан жан көріністерін қалай жіктейді?

в) М.Жұмабаев зейін туралы не айтқан?

г) Мағжан тілдің адам өміріндегі маңызын қалай көрсеткен?

6. Берілген конструкциялардағы асты сызылған сөздердің жасалу жолдарына назар аударыңыз, олардың қай сөз табына жататындығын анықтаңыздар.

Бейғамдықты болдырмау үшін, дененің немесе жанның шаршауы, табиғи үйлесім, оқушылардың зейісіз болу себептері, ой қорытындыларына талдау жасаған.

7. Мәтіннен психологиялық терминдерді көшіріп жазып, есте сақтаңыздар.

8. Жан-дүниесінің сыры мен қыры, шәкірттердің жан-дүниесі ерекшеліктері, жан көріністері деген ұғымдардың мәнін мысалдармен түсіндіріңіздер.

9. М. Жұмабаевтың төмендегі қанатты сөзінің мәнін түсініп, есте сақтаңыздар.

Ұлттың тілі кеми бастауы оның құри бастағанын көрсетеді. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын саспайтын мінезі көрініп тұр.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗ БЕТТЕРІНШЕ ОРЫНДАУҒА БЕРІЛГЕН ҚОСЫМША МӘТІНДЕР

ҚАЙ ХАЛЫҚТЫҢ ДА БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ – ТІЛ

Республиканың әрбір азаматының ұлтына, нәсіліне, дініне қарамастан, бүкіл өркениетті дүниедегідей азаматтық құқы қорғалуға тиіс деп жиі айтамыз. Алайда жекелеген бір адам жайлы айта отырып тұтас бір халық, оны қандай да бір басқа халықтан ерекшелер өзіндік айырмашылығы ұлттың көп ғасырлық тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрлері жайлы ұмытуға болмайды. Әрбір халықтың өзіндік бет-бейнесі, мінез-құлқы, психологиясы, өмір сүру тәсілі, рухани қазыналары және ең бағалы да қымбат байлығы – тілі бар. Сондықтан біз екі тілді – мемлекеттік және ана тілін бірдей меңгерген азаматтарды даярлау мақсатында жалпы білім беретін мектептерде мәдениетаралық білім беруді енгізуді ұсынамыз. Бұл оқушыларға өз халқының тарихын, мәдениетін тыңғылықты оқып, үйренуге мүмкіндік береді. Мұның өзі олардың өздерін қоғамның төл баласындай сезініп, оның дамып, гүлденуіне барынша күш-жігер жұмсауына бірден-бір негіз болмақ. Көптеген елдерде, әсіресе Латын Америкасы елдерінде, сондай-ақ батыстың бірқатар дамыған елдерінде, мәселен Швейцарияда, Канадада осындай мәдениетаралық қос тілділік жүзеге асырылып келеді.

Бұл мақсатқа жету үшін мемлекеттік құрылымдар тарапынан айтарлықтай күш-жігер жұмсалуды, оның ішінде ұйымдастырушылық және қаржылай көмектің қажеттігі сөзсіз. Дегенмен, ең алдымен этнопсихология, этнопедагогика, этнология, диаспорология сияқты ғылымдардың қалыптасуы үшін тиісті ғылыми қолдау қажет.

(«Ана тілі» газеті, 1977.)

ТАЛАПТЫҢ ПАЙДАСЫ

Орыстың ұлы патшасы Ұлы Петр деген кісінің бір күні шіркеуде тұрғанда, көп адамның артқы жағында үңіліп патшаға қарап, бөркімен қалқалап қана бір

нәрсені сызып тұрған балаға көзі түседі. Мұнымен басқа кісінің ісі жоқ, жалғыз-ақ ақылы кемел патша сол бала екеш балаға көзі түсіп тұрған екен. Шіркеуден шығарда, жұрт екі жарылып, Петрге жол беріпті, сонда Петр тұп-тура манағы балаға барады. Бала қолындағы сызумен алданып тұрып, тіпті Петрдің келгенін байқамай қалыпты. Сонда жұмсақ шыраймен Петр сұрады.

- Не қылып тұрсың?

- Сіздің суретіңізді салып алайын деп едім.

- Оны не қыласың?

- Даңқтысыз, дабылыңыз жер жүзіне жайылған кісісіз, суретіңізді сызып алмақшы едім.

- Кәне, көрсетші сызғаныңды?

Сол уақытқа дейін қорықпай жауап беріп тұрған бала сызғаныңды көрсет дегенде қысылайын депті. Сүйтсе де, сызған қағазын әдеппен Петрдің қолына беріпті.

Қараса, сурет әдемі де емес, әйтеуір өз білімінше сызған сызық, бала ол күнде сурет салуды қайдан білсін.

Солай да болса, Ұлы Петр баланың талапты, зерек екенін аңғарып, оқуға бергізіп, ақырында, сол бала бүкіл орыс жұртына даңқы шыққан... суретші болған.

(Ы. Алтынсарин)

КОЛУМБТЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Хрисъофор Колумб Америка құрлығын ашып, Испанияға қайта оралғанда (1492 ж), сол елдің королі уәзірлерін шақырып алып, Колумбтың жасаған ісі батырлық іске жатама деп сұрайды. Уәзірлер: «Колумбтың ісі түкке тұрмайды, бұл іс кім болса соның қолынан келеді», - дейді. Колумб орнынан атып тұрып, тәрелкеге салған бір жұмыртқа әкеп беруді өтінеді. Ол уәзірлерге қарап: «Қане мықтыларыңыз осы жұмыртқаны құлатпай тәрелкеге тік қойыңыздаршы», - дейді. Уәзірлердің бірде – бірі бұл тапсырманы шеше

алмайды. Жұмыртқа тәрелкеде тік тұрмай, құлай береді. Сонда Колумб: «Сіздер Американы ашу оңай дейсіздер, ал жұмыртқаны тәрелкеге тік қою бірде – біріңіздің қолыңыздан келмейді, сіздер қорқақсыздар», - деп жұмыртқаны тәрелкеге шамалы ұрып тік қояды.

ПСИХОЛОГТЫҢ БОЛЖАМЫ

Қазіргі заманғы психологтар сіздің мінезіңіз бен қайсібір ерекшеліктеріңізді қолдарыңызды қалай ұстайтыныңызға қарап білуге болады дейді. Қолдарыңызды кеудеңізге айқастырып тұратын болсаңыз сіз өте сақ адамсыз, тағдырыңызға қарсы күресіп жүресіз. Өзгелердің көмегін күтесіз, тәуекелге басуыңыз сирек, дегенмен жаратылысыңызда мүмкіндік – қарымыңыз мол. Рас, өзіңізге деген сеніміңіз кемшін.

Қолдарыңызды төменге салып бос ұстайтын болсаңыз, байыпты да байсалды адамсыз. Жұртқа шын пейілді ниетпен қарайтындығыңыз себепті жолдастыққа таптырмайтын кісісіз. Жалпы алғанда отбасына адал, оптимистсіз. Қолдарыңызды қалтаңызда ұстап тұратын болсаңыз жігерлі, бастамашыл болғаныңыз. Кейде жігеріңіз тасып тұратын болар.

Төңірегіңіздегілер мен жалпы дүние туралы пікіріңіз сәл – кем қиғаштау, әзіл – қалжыңға үйірлігіңіз бар, тез қозатын шапшаң мінезділігіңіз де жоқ емес.

Қолдарыңызды артыңызға салып айқастырып тұратын әдетіңіз болса, сылбыр, енжар, комплексіңіз көп адамсыз. Күйгеліктікке бейімсіз, өте – мөте әсершіл адамсыз.

ПСИХОЛОГТЫҢ АҚЫЛ-КЕҢЕСІ

Қазіргі заманғы қарбалас тіршіліктің қам – қаракеті қажытатын кездер жиі болады. Бір шаруаңыздың орайы келіп, сәті түссе, енді бір шаруаңыздың қиюы кетіп жатады. Мұның бәрі адамның жүйке жүйесіне, өзіне деген сеніміне сын. Таныс, жақын, жора – жолдастарымыздың арасында қашан көрсең де қажып – шаршап жүретін адамдар кездесетінін қайсымыз болсын айта аламыз. Мұндай адамдар келер күндерге де таусылмайтын міндеттер тізбегі деп қарайды.

Ондай адамдарға көмектесудің, амалы бар ма ? Өзіне деген сенімді нығайтудың жолы қандай ? Мұның бір мынандай бір тамаша әдісі бар, дейді психология ғылымының докторы А.Спиваковская. – Таңертен өзіңіз атқаруға тиісті барлық шаруаны тізіп жазыңыз, жазғанда да үшке бөліп тізіңіз. Шұғыл шаруалар – қалай да істелуге тиіс, атқармаса болмайтын істер бірінші бағанда. Екінші бағанда орайы келген сәтте, күш – қуат жетсе атқарылуы керек істер. Маңызды болып көрінгенімен, кейінге қалдыра тұруды көтеретіндерді үшінші бағанға тізіледі. Бір – екі күннен кейін соңғы топтағы шаруалардың біразы сізсіз – ақ тынғанын көріп жеңілдеп қаласыз.

ӨЗІҢЕ-ӨЗІҢ СЕНІМІҢДІ НЫҒАЙТУ

Психологтарға өзіме өзімнің сенімімді қайтсем нығайтамын деп ақыл сұрап келетіндер аз емес. Сіз ондай емес шығарсыз ? Ал егер....

Ондай болсаңыз, бұйығып үндемей отыратын жағдайларыңыз көп болатын болар. Жұмыс орнын ауыстыру сіз үшін бір қиямет, жаңа әріптестермен ұғынысып кету қиынға соғатынын ойлайсыз. Әйтсе де керемет біреу келіп сізді мұның бәрінен арылтады деп ойламаңыз. «МЕН» дегендегі сеніміңізді нығайту үшін күш – жігер керек. Ағылшын психологы Клер Райнер ойластырған төмендегі қарапайым он қағиданы ұстасаңыз, ұтымды болары анық.

Бірінші қағида. Таңертен үйіңізден мінсіз болып шығу үшін күш салыңыз. Бәрі де сайма – сай екенін айнадан түсте бір, түнде жатар алдында бір көріп көз жеткізіп алыңыз.

Екінші қағида. Дене – бітіміңіздегі кемшіліктеріңізді ойлай беруіңізді қойыңыз. Кемшілік кімде жоқ дейсіз. Төңірегіңіздегілердің көбі бұл кемшіліктеріңізді байқамайды, не бар деп те ойламайды. Кемшіліктеріңізді неғұрлым ойламайтын болсаңыз соғұрлым қысылмайсыз.

Үшінші қағида. Сіз анық білгенді жұрттың байқамайтыны есіңізде болсын. Жұрт алдында сөйлегенде сұмдық қызарып кетемін деп ойлайтын

шығарсыз, басқаларға бұл жүзіңіз нұрланғандай ғана болып көрінеді. Өзіңіз қысылатындай жағдайда жұрттың назарын бұрмасаңыз, оған сізді ешкім ұялтпайды.

Төртінші қағида. Басқаларға мін тақпаңыз. Басқалардың мінін үнемі тез көріп, мұндай көргіштік әдет болып кетсе, одан дереу арылу керек. Әйтпесе менің бітімімді, киімімді сынап тұрғандар көп болар деген ой басыңыздан шықпайды. Өзіңізге деген сеніміңізге мұны⁴ пайдасы жоқ.

Бесінші қағида. Жұрт өз сөзін біреуге тындатқанды жақсы көреді. Сондықтан ұнауға тырысып шешенсіп суырылудың қажеті жоқ. Басқалардың сөзін ыждағатпен тыңдасаңыз, оларға ең ұнамдысы да сол.

Алтыншы қағида. Әр қашан ағынан жарылыңыз. Бірдемені білмесеңіз де ашығын айтыңыз. Біреудің ашық – жарқын жайдарлығы, жетістігі, ибалыға ұнаған болар ? Оны да айтыңыз. Міз бақпай салқын қарап тұрған адамға ешкім жуымайды.

Жетінші қағида. Жиын тойда пікірлесетіндей біреуді тауып алыңыз. Оны сөзге шақырып сұхбатсаңыз, екеулеріңіз үшін де ұтыс.

Сегізінші қағида. Арақ ішсем батылданамын деп ойламаңыз. Батылдық шөлмекте емес. Қызыңқырағанда еркін, бауырмал болсаңыз, ж айшылықта мұндай қасиетіңіз жұртқа одан бетер ұнар еді.

Тоғызыншы қағида. Кейбіреулер «аузында әзілі жоқтың қолында шоқпары бар» деген секілді болып жүреді. Мұндайлардан да, мұндайдан да өзіңіз де аулақ болыңыз.

Оныншы қағида. Мақтағанда бір кемістігіңізді байқатып алдыңыз дейік. Жұрт соның өзінде сізге іштартатын болады. Өйткені оларға мұндай кемістігі жоқ екенін білдіріп, көңілдерін тоғайттыңыз емес пе.

АДАМНЫҢ ЖҮРІС-ТҰРЫСЫНА ҚАРАП МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН ҚАЛАЙ БІЛУГЕ БОЛАДЫ

Әрбір тіршілік иесінің өзгеде қайталанбайтын, өздеріне тән ерекшеліктері болатыны белгілі. Мысалы, керіктің, зебраның ала – құла жолақ – теңбілдері

бір – біріне ешқашан дәлме – дәл ұқсас болмайды. Сол сияқты саусақ бедері, даусы бір – біріне дәлме – дәл ұқсас екі адамды кездестіру де мүмкін емес. Адамның осындай дара ерекшеліктерінің қатарына ғалымдар кісілердің кәдімгі жүріс ерекшеліктерін де қосады. Қанша әрекеттенсе де адам өзінің жүрісін айтарлықтай өзгерте алмайды. Ілгеріде айтылған ерекшеліктер секілді, адамның жүрісі де өмір бойы өзгермейді екен.

Орта ғасырлық Сирия дәрігері әрі жазушы Абдул Фарадж былай деп жазыпты: «Егер адам екі иығын жұлып жегендей екпіндеп жүретін болса, оны айға ұмтылған арыстандай адуын деп біліңіз. Аяғын кере адымдайтын адамның бірсыпыра қаракеті ерсі болып жүреді, сөйтіп жүріп ол өзін адам біткенің ақылдысымын деп ойлайды. Бұған оның қолы басы бірге сөйлейтін әдетін қоссаңыз, пікіріңіз орныға түседі».

Тіршілік салты, кәсіп мамандығына байланысты жүрістің белгілі қалып алатыны белгілі. Биші балериананың, теңізшінің жүріс ерекшеліктерін барша біледі. Даяшыда тізесін бүкпей кеудесімен алға ұмтылып жүретін дағды қалыптасады. Жарасымды, бәрі де үйлесімді жүріспен спортшы кетіп бара жатады. Иегін көтере, қолын сермей түсіп келе жатқан кісіні ел басқарып дағдыланған адам деп ойлайсыз.

Жаяулауға әдеттенбегендігін с ірескен аяғынан да аңғаруға болатындай әсер қалады.

Сырын ішіне бүгіп, өзіне көңілі толмай жүрген кісілер қолдарын қалтасына салып жүреді екен. Еңсесі көтерілмейтіндердің де жүрістері осыған ұқсас. Аяғын сүйрете басып, өзімен – өзі болып келе жатқан мұндай адамды бөгеп, онымен кейбір мәселені шешуге болады – ау деген ойдан аулақ болыңыз.

Ал екі қолы жанына жабысқандай болып, асыға басып жүретін жүріс мінезі аумалы – төкпелі адамның бір белгісі секілді болып қабылданады. Онымен мәмілесіп, мәселе шешердей болсаңыз, шапшаң шешімге келу керек екен де, дегенінен қайтып қалмай тұрғанда ол шешімді жүзеге асыруға асығу қажет болады екен.

Аяғын санап басып, басы салбырап, жиі – жиі тоқтап, екі қолын арқасына салып келе жатқан адамның қайсыбір қиын мәселенің қиюын таба алмай келе жатқанын онша аңғарымпаз болмай-ақ білуге болады.

Өзіне-өзі сенімді, қадір-қасиетін білетін адам денесін тік ұстап, екі көзі алдында, нық басып жүреді. Тіпті асыққан күннің өзінде жеделдете адымдаса да, көп ұзамай әдеттегі жүрісіне басады. Мұндай адамдар қашан да өз дегендерімен болып, басқаның ыңғайына көне қоймайды.

АДАМ БОЙЫНДАҒЫ ЖАҒЫМСЫЗ ҚАСИЕТТЕР

Кейбір адамдардың мінез-құлықтарында жағымсыз қасиеттер болады. Мысалы, біреуді-біреу көре алмаушылық, іштарлық, екіжүзділік, тәкаппарлық, жағымпаздық, пайдакүнемдік, қызғанушылық, өзімшілдік, жемқорлық, жалақорлық, бұзақылық және т.б.

Атаққұмарлық пен мансапқорлық жайлы Р. Шеридан: «Ең құдіретті құштарлық – атаққұмарлық. Міне осы құштарлықтан құтқарар болса, қалғандарынан мен өзім-ақ құтылар едім» – депті. Атаққұмарлар пен мансапқорлар атақ пен даңққа және мансапқа қызыққыш, айлакер, өркөкіректеу және өзімшіл болып келеді. Ондай адамдардың алдарына қойған басты мақсаты – шен-шекпенге, сый-құрметке бөлену, оңай даңққа, жеңіл атаққа және мол табысқа қол жеткізу, сондай-ақ лауазымды қызметке көтерілу. Олар өз бойындағы іскерлік пен білімділік, парасаттылық қабілеттерінің бар-жоғына қарамай атақ пен мансапқа қарай ұмтылады, ал қоғамдық жұмыстарға немқұрайды, атүсті қарайды және халықтың мұң-мұқтажымен санаспайды.

Қоғамдық жұмыстарға қабілеті аз, білімі мен талабы жоқ, бірақ қалталылар мен сүйеніші мықтылар көздеген мақсаттарына, аңсаған армандарына жетіп жатыр. Мұндай атаққұмарлық пен мансапқорлық адамдар арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың қалыптасуына кері әсер етіп және қоғамның ілгері басуына кедергі келтіреді.

Көлгірлік (екіжүзділік) адам бойындағы ең жаман жағымсыз қасиет. В.А.Сухомлинский былай деген екен: «Жамандықтың зоры – екіжүзділік, жағымпаздық ырқына жүру. Осынау сан құбылып тұратын жамандықты тани біл, оған төзбейтін, ымырасыз адам бол». Екіжүзді адамдар өзгелермен қарым-қатынас жасағанда өз бас пайдасын ойлап қулық, айлакерлік, зымияндық сияқты жаман қасиеттерге барады. Мысалы, қызметі жоғары кісіге бас пайдасын ойлап жағымпаздану, оған бағынышты болу. Ондай адамдарға бастық қалағанын тауып беріп, жұмысын оң шешіп берсе, жағымпаздығын жалғастыра береді. Ал көңілін таппаса, бетін ары бұрып, теріс айналып кетеді де, неше түрлі құйтұрқы әрекеттерге барады. Көлгірсіген жандар өз бойындағы жаман қасиеттерді бүркемелеп, өзін өнегелі, көргенді етіп көрсеткісі келеді. Олар өз пайдасын ғана ойлап, біреуге жалған айтып жағынып, өтірік айтып көлгірсіп, өсек тасып жамандап, біреуді шағыстырып, ұрыстырып жүреді. Ал өз шаруасын тындырып алғаннан кейін, бұрынғы таныстары, қызметтестерін танымай кетеді. Міне, осындай адамдардың бет-пердесін тану, ондай жандардан аулақ жүру кімге де үлкен олжа екенін ескере жүру қажет. (Қ. Өрісбаев. «Адам бойындағы жағымсыз қасиеттер», «Қазақстан-Заман» газеті, 27 желтоқсан, 2007ж.)

ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ

Әке мен бала, аға ұрпақ пен жас буын арасындағы сабақтастықты сақтау оңай емес. “Біз жаңа заманда өмір сүріп жатырмыз”, – деп кешегісін кемсітіп, өз ұлтының рухани құндылықтарынан алыстап, батыстың жабайы салтына бой ұрушылық жастардың санасына сіңіп, орнығып алған. “Ата-ананың ақылы сайрап жатқан жолмен тең” деген бұрынғылардың өсиетіне мойын бұруға жас толқынның мұршасы жоқ. Неге? Жастар тәрбиесімен айналысып жүрген

Қазақстан-Жапон адам ресурстарын дамыту мәдениет орталығының директоры Накамура Ешикацу бұл жөнінде мынандай пікір айтады.

– Бүгінде халықтардың салт-дәстүрі де, таным-білігі де қатты өзгеріске ұшыраған заман. Барлығы отбасына байланысты ғой. Мысалы, менің бала кезімде әке-шешемнен бастап, отбасы мүшелері кешке төрт көзі түгел дастархан басына жиналып, бірге тамақтанатынбыз. Ал мен есейген кезде тіршілік асығыс боп кетті ме, ата-ананың баласын қасына отырғызып, әңгімелесуге де уақыты жатпей жатады. Өздеріңіз білесіздер, Жапонияда жұмыс уақыты ұзақ. Адамдар түннің бір уағына дейін қызмет орталығында болады. Мысалы, мен жұмыстан сағат 11-де қайтамын. Сондықтан түскі ас та, кешкі ас та үйде емес, жұмыс орнында. Балаларыммен тек демалыс күндері бірге боламын. Жұмыс күндері әке мен бала кездеспейді десе де болады. Мен бұған қатты қамығамын. Өйткені, ата-ана баласына дұрыс тәрбие беру үшін онымен жиі-жиі сөйлесіп, ақыл-кеңестерін айтып, қоғамдық мәселелерден сөз қозғап, баласының ой-танымына ықпал етуі керек. Амал не, ата-анасының ақылына жарымай жүрген кейінгі жас буынды аяймын. Ана ақылы мен бірге әке өсиеті кез келген жас балаға қажет. Баланың қоғамда өз орнын табуына әке өнегесінің тигізер ықпалы зор.

Бүгінгі заманның жастары қабілетті, талантты. Адамның сыртқы келбетімен бірге іс-әрекеті, ортада өзін-өзі ұстауы да өзгелерге әсер береді. Мәселен, бүгінде қоғамдық көліктерде, көшеде кетіп бара жатып та тамақ жейтін жастарды көріп қаламыз. Көрінген орында, жұрттың көзінше шайнандау, әсіресе, қыз балаларға жараспайды. Кісілік келбет әркімнің өзіне байланысты десек те, бұл өте қауіпті құбылыс екенін жасыруға болмайды. Күрделі мәселелер осындай қарапайым нәрселерден шығады.

Бет-аузын талғамсыз бояп алып, қалай болса солай киініп алып, көліктің ішінде тамақ жеп отырудың өзі әдепсіздік. Мұндай көргенсіздікті артықшылық санайтындар да бар. Бұл – біз үшін жат, тосын нәрсе.

Арман – мен үшін өте қымбат сөз. Арман мен үміт адамдарды алға жетелейді. Жетістікке жеткізетін де арман емес пе? Кісі бір биікке қол созады

да, соған жету үшін ұмтылыс жасайды. Ұмтылыс дегеніміз – оқу, еңбектену, іздену.

АДАМНЫҢ БЕТ-БЕЙНЕСІ МЕН МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ СЫРЫ НЕДЕ?

Қазақ “түсі игіден түңілме” дейді. Шынында да адамның бет-бейнесі мен мінез-құлқы өзара тығыз байланысты. Бір сәт әйеліңіз, досыңыз, қызметтес жора-жолдас, бастығыңыздың бет әлпетіне назар салыңызшы. Олардың жүзіндегі әжім, қас-қабак, тіпті құлақтағы сырғасына дейін іште бұғып жатқан әлдебір жұмбақ сыр, ақталмаған үміт, құпия арман-тілектерінен қандай да бір мағлұмат беретінін сезіну қиын емес.

Шашы құлпырып тұратын адамдар басқаға шапағат тигізу үшін энергияны бойына үнемдеп жинап, кенжелеу өсіп жетіледі. Керісінше, қараторы адамдар өзгелердің энергиясын көбірек сіңіру үшін той-жиын, ойын-сауыққа құмар келеді. Жирен шаштылар қолпаштап, мақтағанды жақсы көреді.

Ерік-жігері мол, өз-өзіне сенімді адамдар шаштарын қысқа қидырады.

Сопактау бет-әлпет адамның текті, жан-дүниесі бай, парасатты екенін танытады. Беті трапеция формалас әйелдер айналасына нұр сеуіп, жұртты үйіріп жүреді. Беті ірі сүйекті, квадрат формалы жандар барынша тәуекелшіл, табыстан табысқа жете бергенді қалайды. Сондай-ақ олардың қатыгез, дөрекі болуы да ықтимал. Дөңгелек жүзділер сәнді тұрмыс құрып, көңілді жүргенді ұнатады.

Қастың түзу болуы – жұмсақ мінез белгісі. Мұрынға қарай дөңгеленіп біткен қас-қатыгездік нышаны. Қастардың ортасы бірігіп тұрса, ол пақыр мейліше қызғаншық деген сөз. Ұзын әрі қалың қас – ақыл-ой, мінез-құлық, эмоциялық сезімнің жарастық табу белгісі. Егер қалың қастың үш жағы күрт жоғары көтеріліп тұрса, ол адамды қашанда табысты болу үшін жаралған деуге болады. Ал қастың үш жағының төмен қарай бітуі – жан жұмсақтығы,

сыпайылық пен қарапайымдылық көрінісі.

Орақ мұрындылар ескі көзқарастан оңай қайтпайды, тәкәппар, сезімге берілгіш. Қоңқақ мұрын иелері өркөкірек, менмен, тәкәппар, паң, өзгенің пікіріне құлақ аспайды. Алмұрт тәріздес етжеңді мұрын иелері – жолы болғыш, қолдарынан бәрі келетін, епті, қай салада да биік мансапқа жетуге бейім. Сүйір мұрындылар күдікшіл, қатыгез жараланғыш, ұстамсыз, тұрақсыз. Бүркіт мұрындылар – тұрақсыз, сараң, кекшіл, т.б.

Адам ерні де үлкен мәнге ие. Үстіңгі ерні үлкен адамдардың мінезі тұрақсыз, өз-өзіне шамадан тыс сенімді. Төменгі ерні салбыраңқы адамдар – өзімшіл, кінәмшіл.

Түрік ерінділер – көргенінен жазбайтын, ойы тайыз, болмашы қиындықтарға төтеп бере алмайтын дәрменсіз. Томпақ ерінділер қызу қанды, қиялы жүйрік, тың идеялары мол, жұмыс орнында да, отбасында да кез келген шаруаны тез бітіреді, сезімтал, тез еліккіш, бірақ онша адал емес.

Жұқа, қаймақ ерінділерге тән қасиеттер: кінәмшілдік, тұйықтық, бірбеттік, күдікшілдік. Төменгі жақ сүйегі шығыңқы жандар – қашанда өзімшіл, менмен.

Көздері кішкентай адам – тұйық, түнеріңкі, жабырқау, бірақ қашанда тұрақты, табандылығымен ерекшеленеді. Әдемі үлкен көзді адамдарға ақыл-ой, ерік-жігер, қызу қандылық басым. Қара, қызыл, қоңыр, жасыл көз – бойда қуат көзінің көптігі, көгілдір көз – сезімталдық, сұр көз – адалдықтың белгісі болып саналады.



ЖАСТАР ЖӘНЕ НАШАҚОРЛЫҚ

Бабаларымыз “Аурудың алдын ал, жаудың алдын ал, қайта көтерілген даудың алдын ал” деген екен.

Ғасыр дертіне айналған есірткі және оны тұтынудан аулақ болу, кеселдің алдын алу қажеттілігі бүгінгі күн тәртібіндегі ең басты өткір мәселелердің бірі болып отыр. Соңғы он жылда еліміздегі нашақорлар

тобы молайып, оның ішінде балалар арасындағы есірткіге құмарлар қатары 13 есе өскен екен. Соның ішінде есірткі дертіне шалдыққандардың жасы отыз жастан жоғары емес. Бұл жағдай күннен-күнге есірткі пайдаланушылардың “жасарып” келе жатқандығын дәлелдейді. Талай жеткіншек нашақорлық салдарынан қауіпті кеселдің құрбанына айналып, жыл сайын ата-ана, туған-туыстарына қайғы-қасірет әкеліп жатыр.

Алматы қаласында есірткілік және психотропты, сонымен қатар әсері күшті басқа да заттарды медициналық емес мақсатта пайдаланғандығы үшін 6 мыңнан астам адам есепте тұр. Мұның жартысы жасөспірімдер. Наркологтар қазіргі кезде нашақорлықпен сырқаттанатын адамдардың саны маскүнемдікке шалдыққандар санымен теңесіп қалды деген мәліметті айтады.

Нашақорлық - бұл есірткі заттарды (гашиш, марихуана, героин және басқа) қолдану салдарынан пайда болатын ауру. Нашақорлық, яғни наркомания ежелгі гректің “нарко” деген сөзінен шыққан, ол “қозғалыссыздық”, ал “мания” “ессіздік” деген мағынаны білдіреді. Осы ұғым бұл аурудың нағыз мәнін сипаттайды. Есірткі қабылдайтын барлық адамдар есірткі заттарға тәуелді болып, соның салдарынан оларға барған сайын үлкен доза керек болады.

Есірткі заттарға апиын (опий), кокаин және басқалар жатады. Апиынға құмарлық- адамзат тарихындағы ең ежелгісі. Ол көкнөрдан жасалған заттарды қабылдаумен байланысты. Морфий 1806 жылы опийдан алынған. Оны Наполеон әскерінің әскери химигі ашқан. Ағылшын ғалымы Вуд морфийды ауруды басатын дәрі ретінде теріге енгізуді ұсынады. 1875 жылы “морфийшілдік” деген термин пайда болды. Апиынға құмарлық өте жылдам дамидынын айта кеткен жөн. Кокаин де бізге ежелден жеткен препараттардың бірі болып саналады. Неғұрлым көп тарағаны кенеп шөп немесе қара сора (конопля), гашиш, анаша, марихуана препараттарын қолдану.

Есірткінің адам организміне әсерін зеттеуге австралиялық дәрігер Зигмунд

Фрейд үлкен үлес қосқан. Ол алғаш рет кокаинді қолданудан кейін дамитын “кокаиншілдік” ауруының белгілерін сипаттап берді. Өткен ғасырдың ортасында кокаиншілдік толқыны Солтүстік Америка елдерінде кеңінен тарады.

Нашақорлықты емдеуден гөрі алдын алу жеңілірек болады. Нашақорды емдеу үшін 3-6 айдан бастап 2 жылға дейін уақыт қажет. Мәліметтер бойынша нашақорлардың тек 5%-ы ғана өздігінен қалыпты өмірге оралатыны мәлім. Ал қалған 95%-ы не болады? Егер бұрын жағдайы нашар ортадан шыққандар ғана нашақор болса, ал қазір бұл эпидемия қоғамның барлық деңгейін қамтып келеді. Нашақорлық ұлт таңдамайды. Есірткіге құмарлық өмір бойы сақталуы мүмкін. Тек санаулылары ғана есірткіге тәуелділікті жеңе алады. **Қауіптен құтылудың ең дұрыс тәсілі – оларды ешуақытта татып көрмеу.**

(Р.Ә.Көзденова, Н.Қ.Сейтмамбетова.
Медициналық валеология. «Бастау» ЖШС,
Алматы,2004)



ЕСІРТКІНІ ҚАНДАЙ МАҚСАТҚА ПАЙДАЛАНҒАН?

Ежелгі палеолит дәуірінің өзінде-ақ (біздің дәуірімізге дейінгі 40000-10000жыл) адам баласы есірткінің не екенін білген. Мысалға, шумерлер, қытайлар мен гректер, ацтектер, сібір тайпалары адамды қоздыратын кейбір есірткілердің қасиетін түсінген. Олар есірткі заттарын діни мақсатта және медицинада пайдаланған.

Егер тарихқа үңілер болсақ, есірткілердің ішінен алғаш қолданылған зат – көкнәр. Осыдан 5 мың жыл бұрын қазіргі Ирак жерінде өмір сүрген

шумерлер көкнәрді тұрмыста пайдаланған. Олар көкнәр өсімдігінен апиын дайындап, оны “гиль” деп атайтын болған. Бұл сөз “шаттық” деген мағынаны білдіреді. Шумерлер көптеген есірткі өсімдіктерінің психофармакологиялық әсерлерін білген.

Әйгілі саяхатшы Марко Поло парсы елінен Хасан ибн ас Сабах жөнінде аңыз жазып әкелген. Бұл әміршінің сарбаздары өздерінің ерлігімен әрі қатігездігімен белгілі болған. Оларды ерлік істерге дайындау үшін Хасан гашиш беріп бастарын шырмап, діни уағыздарын айтып, нағыз жанкештілерге айналдырған.

Сібір тайпалары есірткі рахатына бату үшін мухомор деген саңырауқұлақты қолданған. Сол сияқты бұл саңырауқұлақты соғысқа шығар алдында викингтер де жейтін болған.

Азияда апиынды пайдалану тарихы мыңжылдықтармен есептелетін болса, ол тек XVIII ғасырда ғана жаппай қолданысқа ене бастаған. Осы кезде құрлықтың бұл аймағында ағылшындық “Ост-инд” компаниясы пайда болған. Аталмыш компания Бенгалияда апиын өндірісімен айналысып, орасан көлемдегі өнімін Қытайға сатып отырған. Осы британ апиынына Қытай өкіметінің тыйым салуы 1842 және 1857 жылдардағы “апиын” соғысына әкеліп соқты. Бұл соғыста Қытай жеңілгендіктен, миллиондаған қытайлықтар ұзақ жылдар бойына есірткіден уланды. Ал есірткі сатушылар байи түсті. «Алматы ақшамы», 2006.

ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ЖАСТАР

Білімді, сауатты адамдар – бұл XXI ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Сондықтан күні ертең ғалым, қазақстандық компаниялардың менеджері болатын студенттер мұны жақсы түсінуі тиіс.

Кім дамымаса, алға қарай жүрмесе, өз орнын басқаға, әлдеқайда бәсекеге қабілетті маманға беруіне тура келеді.

Жетекші халықаралық консалтингтік “МакКинси” компаниясының консультанттары айқандай: “Алға қарай жүр немесе жол бер”. Қазіргі бәсекелі дүниеде нақ осы қағидат басшылық етеді. Және бұл қағидат көп ретте өмірлік ұстанымдарды анықтауы тиіс.

Шын мәніндегі бақытты кезеңде өмір сүріп жатқан жастарға өзін таныту үшін мүмкіндіктер өте көп, бұл туралы аға ұрпақ жастық жылдарда армандай алмайтын. Бүгінгі күн – талантты, жігерлі, өзіне сенетін адамдардың, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері бар адамдардың уақыты. Мемлекет жастар үшін барлық жағдайды жасап отыр. “Жастық шақ-бұл тамаша нәрсе; оны рәсуа ету қылмыс...”, - деген екен Бернард Шоу. Тек оқу, күш-қуатыңды аямастан еңбек ету керек, сонда ғана ойлаған арманға жетуге болады.

“Қазақстан” сөзі көне еліміздің жаңа жастық шағын, халқымыздың жаңа тарихтағы нық қадамын бейнелей отырып, әлемдік аренада қуатты естілуі тиіс.

Қазіргі жастар тәуелсіз Қазақстанда өсті, олардың көз алдында мемлекетіміздің қалыптасуы жүрді. Олардың ана сүтімен бойында патриотизм және өз тәуелсіз Отандарына деген сүйіспеншіліктің терең сезімі дарыған.

Қазақстанның әлемдегі барынша дамыған 50 мемлекеттің қатарына кіру жөніндегі барлық ойлар мен жоспарларды қисынды қорытындысына жеткізетін де жастар болмақ.

Жастардың білімдері, күш-жігерлері мен еңбектері күшті де өркенді Қазақстанды орнатуға жұмыс істейтініне сенім мол.

Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады. (Н. Ә. Назарбаевтың “Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына” атты лекциясынан ықшамдалып алынды. Егемен Қазақстан, 27 мамыр, 2006жыл).

БОС УАҚЫТ ЖӘНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ

Полилогті оқып, әңгіме не туралы екенін қысқаша баяндаңыз.

Үзілісте

Дина: Осы сенде бос уақыт бола ма?

Ильяс: Бос уақыт дегенде мен жұмыстан, сабақтан басқа уақыттарды ресми түрде солай атайды деп түсінемін. Менде бос уақыт мүлде жоқ десе де болады.

Дина: Менде солай түсінемін. Сабақтан босай қалсаң кітапханаға барасың, басқа да шаруаларың толып жатыр.

Ильяс: Менің кешкі уақытым теледидар көрумен кетеді.

Дина: Мен көбіне кітап, газет-журнал қараймын.

Ильяс: Теледидардан көп жаңалықтар естисің, демаласың. Кейде интернетпен жұмыс істеймін.

Дина: Білмеймін, менің ойымша теледидар, бейнетаспалар, компьютерлік дискі, интернеттің кең таралуына қарамастан кітап жеке адамның рухани өсуінде маңызды құрал болып қала бермек. Тіпті компьютерлік технология ғасырында кітапты ешнәрсе ауыстыра алмайды.

Ильяс: Әрине, оған дауым жоқ, бірақ мен компьютер немесе теледидардан бір нәрсе көру керек болса, жібере алмаймын. Содан кітапқа уақыт қалмай да қалады.

Оқытушы: Сәлеметсіздер ме?

Студенттер: Сәлеметсіз бе?

Оқытушы: Мен сіздердің топты іздеп жүрмін. Сабақ аяқталған соң спорттың пайдасы жөнінде маман дәрігермен кездесу болады. Сұрақтарыңызды дайындап, міндетті түрде №2 оқу залына келулеріңізді сұраймыз..

Студенттер: Жарайды, Кенжебек Сағиұлы келеміз.

Кездесуде

Дәрігер: Стрестен қорғанудың ең басты әдісі – қызғылықты, өзіңіз қалағандай өмір сүруге тырысу. Жақсы дем алу, спортпен айналысу, денсаулықты күту. Күнделікті тірлік қана емес, өмірдің көптеген жағына қызығушылық таныту, ақыл-ой көкжиегін кеңейту, көп оқу, көп іздену, күйгелек болмау – өзге жол жоқ.

1-студент: Дене жаттығуларының денсаулыққа әсері қандай?

Дәрігер: Біз дене жаттығуларымен айналысқанда ағзаның оттегімен жабдықталуы артады. Нәтижесінде ағзаның барлық мүшелерінің өміршеңдігі артады, тері, денсаулық жақсарады.

Бұлшық еттер шынығады, жақсы демалады, қатайды, нәтижесінде сымбатты да ширақ дене мүсіні, жеңіл де әдемі жүріс, жақсы көңіл-күй пайда болады. Дене жүктемесі арқылы тамаққа деген тәбетті де реттеуге болады. Дене жаттығулары арқылы адам бойына күш, ширақтық, шыдамдылық сияқты қасиеттер жинақтай алады.

Дене шынықтырумен айналысуды ғылыми тұрғыдан ұйымдастырудың маңызы зор. Мұндағы ұстанатын басты принциптер: тұрақтылық (аптасына 2-3 рет), жүйелілік (спорттың бір түрінен екіншісіне ауыса бермеу) және дене жүктемесін біртіндеп арттыру. Жүктемелер адам ағзасының физиологиялық мүмкіндіктеріне лайық болу керек. Керісінше жағдайда оның пайдасынан зияны артық болады. Ағзаны шынықтыру үшін аптасына 1-2 рет қана жаттығулар жасау аз, ол тек қол жеткізген деңгейді ұстап тұруға ғана мүмкіндік береді.

2-студент: Дене жаттығулары адам өмірін ұзарта ма?

Дәрігер: Әрине, жүйелі дене жаттығулары кепілді түрде адам өмірін ұзартады деп мәлімдеуге болмас, бірақ шыныққан, белсенді өмір салтын ұстанатын адамдар аз қозғалатындарға қарағанда тең жағдайында артық та сапалы өмір сүретіні анық. Тұрақты түрде жаттығатын, шыныққан салауатты өмір салтын ұстанатын адамдар өз қатарынан 10 жасқа жас көрінетіні жасырын емес.

3-студент: Жаттығулар үшін қай кез қолайлы?

Дәрігер: Тәулік бойында адам ағзасының физиологиялық белсенділігі жоғары үш кезеңі бар: 5-8, 10-12, 16-20 сағат аралығы. Осы уақытта жаттығулардың әсері барынша тиімді болмақ.

4-студент: Дене жаттығуларының интенсивтілігі адам өмірін ұзарта ала ма?

Дәрігер: Спортпен шұғылданатындардың өмір жасының ұзақтығы В.М. Зациорский шетелдің жалпы көрсеткіштеріне қарап анықтайды. 1828-1928 жылдар ішінде спортпен шұғылданған адамдардың өлім шығыны азайды. Спортпен айналысқан студенттердің орта жасы 67 жас, спортпен айналыспаған студенттердің жасы 61,6 жас болады.

Спорттық жаттығулармен айналысқан адамдардың жүрек қан тамыр ауруларынан біршама айығатынын айтады. Америкалық ғалымдар Купер мен Даллас тұрғындарынан 10000 ер мен әйелдерді 10 жыл бойы тексеріп, оның барысында өлім шығыны 64-ке жеткен. Олар физикалық жаттығулармен аз айналысқан. Ал осы сандағы спортпен жақсы айналысқан адамдардың өлім шығыны 18 болған. Нәтижесін көріп отырмыз. Адам өмірінің ұзаруына дене жаттығуларының әсері мол екен.

5-студент: Сізде хобби бар ма?

Дәрігер: Дәрігер: Хобби деп кейде адамдар өзіне ұнайтын іспен айналысқанды айтады.

Хобби деуге келе ме, келмей ме, өзім ауылды жерде өскесін бе, ауыл шаруашылығын қатты ұнатамын. Біле білгенге он үлкен өнер, ғылым. Біз адамдар қанша жасанды дүние құрастырып шығарғанымызбен табиғаттың жасаған кереметін қайталай алмаймыз. Кез келген шөп болсын, ағаш болсын, жеміс болсын, жидек болсын өте әдемі, жетік қой. Солармен үндестік таба білу ғажап қой!

ЕЛ БОЛАШАҒЫ – БІЛІКТІ МАМАН ҚОЛЫНДА

Біз жоғары білікті маман болсақ және еліміздегі ақпараттық технологиялар саласының дамуына үлесімізді қоссақ дейміз. Ал білімін әрі қарай ұштап, оны ғылыммен байланыстырамын дейтін түлектерге магистратура мен аспирантура толық мүмкіндік береді. Кейбір студенттер ізденістерге қадам жасайды. Олар ақпарат алмасу ұстанымдарын қорғау үшін өздері жасап жатқан жобалар мен нұсқауларды ғылымға енгізуге талпынады.

Қазіргі заман талайына сай, бүгінде ақпараттық технологиялар даму үстінде. Бәсекеге қабілетті болу үшін елімізде техникалық мамандарды көбейту қажет. Сол себепті мемлекет тарапынан жоғары оқу орындарына қолдау жылдан жылға көбейтіп, шәкіртақы да өсіп отыр. Жақсы оқимын, білікті маман боламын деген талапкерге жоғары оқу орындарында материалдық база мол мүмкіндік береді.

Ал оқу – студенттің өз қолында, талап-тілегіне, ізденісіне байланысты. Егер студент қауымының белсенділігін, ізденімпаздығын, кез келген ортаға бейімділігін аскерсек, қай заманда болмасын олар қоғамның үлкен қорғаушы күші.

Оқу орнын бітіргеннен кейін қызметке орналасу мәселесі қашанда алдыңғы кезекте тұратыны белгілі. Кейде оқу орнын бітірген жас маман жұмыс таппай сенделіп жүріп қалады. Мұндай келеңсіздіктерді болдырмас үшін тиісті мекеме қандай мамандықтарға сұраныс бар, қандай оқу орнын бітірген тиімді деген сауалдар төңірегінде сараптама, зерттеулер жүргізуі тиіс. Соған орай ең керекті деген мамандықтардың тізімі жариялануы және жұмыс беруші мен жоғары оқу орны арасында осы мәселе төңірегінде насихаттық жұмыс қолға алынуы керек.

Ертеңгі маман – бүгінгі студент өздерінің оқитын пәндерінің ғылыми бағыттылығына үлкен мән беріп отырады. Ғылыми зерттеулер жүргізу барысында сабақтастық, мүдделілік, басым бағыттар мен көкейкесті

мәселелерді айыра білуге ұстаздар көмектеседі. Әр пән бойынша ғылыми жаңалықтарға уақтылы көңіл бөлініп, қажетінше қолданысқа енгізу жолдары мен мүмкіндіктері қарастырылады.

Иә, еркін елдің ертеңі – білікті де білімді маман қолында. Оған Сіздің қосар үлесіңіз қандай? Әңгіме өзіңізде!

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ

Біз жүйелік экономикалық реформалардың күрделі кезеңінен өтіп, ТМД-ның басқа елдерінен көп нәрседе алда келеміз. Бүгінде Қазақстанда нарықтық экономиканы еркін дамыту үшін негізгі жағдайлар жасалған.

Жүргізілген реформалардың нәтижелері ашық та айқын. Қазақстандағы экономиканы еркін дамыту үшін негізгі жағдайлар жасалған.

Жүргізілген реформалардың нәтижелері ашық та айқын. Қазақстандағы экономика әлемдегі ең жедел дамушы экономикалардың біріне айналды. Біз еліміздің экономикалық өсуі негізінен өндіруші секторлардың дамуына байланысты екенін түсінеміз. Алайда үміттендіретін үрдістер де бар, өйткені өсудің жоғары қарқынын басқа салалар да, соның ішінде қаржы секторы, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік және байланыс салалары да көрсетіп отыр.

Бірақ та біздің экономика, негізінен, экстенсивті тұрғыда дамып келе жатқанын мойындау керек, қазақстандық кәсіпорындар үшін энергияны шығындаудың жоғары деңгейі мен еңбек өнімділігінің төмен деңгейі тән.

Сондықтан бүгінгі күні біздің алдымызда өнімдері сыртқы рыноктарда сұраныс туғызатын жаңа бәсекеге қабілетті өндірістерді дамыту міндеті тұр. Ал бұған жаңа технологияларсыз, осы заманғы менеджмент модельдерін

енгізбейінше қол жеткізу мүмкін емес.

Біз Қазақстанда өмір сапасы мен стандартын бәсекеге барынша қабілетті болудың деңгейіне жақындатуға ұмтылуға тиіспіз. Қазақстанның әлемдік рынокта шешуші бәсекелік басымдығы жоғары білікті, жұмылған адами капитал, сондай-ақ инновацияларды тұрақты ендіру болуы тиіс.

2010 жылға қарай біз жан басына келетін ІЖӨ-ні 7000 долларға дейін, ал сатып алу қабілетінің паритеті (СҚП) бойынша 15000 долларға дейін арттырып, халық өмірінің күтіп отырылған ұзақтығын 68 жасқа дейін жеткізбекпіз. Таяудағы үш жылда Қазақстан білім беруге арналған мемлекеттік шығындарды ұлғайтуы тиіс, олар ІЖӨ-нің 4,1 пайызынан кем болмауы керек.

Біз 2005-2015 жылдарға арналған Ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру мен дамыту жөніндегі бағдарламаны талдау жасап, индустриялық-инновациялық даму стратегиясын қабылдадық. 2004 жылдан бастап қазірдің өзінде 520 инвестициялық жоба іске асырылды.

Біздің негізгі міндетіміз – жоғары технологиялардың әлемдік рыногына тезірек кіру және өз тауашамызды алу. Елдің географиялық жағдайы бізге өңірлік рынокқа бағдарланған жоғары технологиялық өндірісті дамытуға мүмкіндік береді, мұнда Қазақстан болашақта өңірдің сервистік-технологиялық орталығына айналуы тиіс. Ол үшін бізге өз ғылымымызды дамыту керек.

Жаңа ғылыми-техникалық бағыттар-биотехнологиялар, нанотехнологиялар, ғарыштық қызмет пен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – бұлар отандық және трансұлттық бизнеспен әріптестік жағдайында нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндігіміз бар салалар.

Нақ осы бағыттар бойынша бізге мамандар мен дипломды ғалымдар қажет болады.

(Н.Назарбаев)

ПСИХОЛОГИЯҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТЕРМИНДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ

ЕЛЕС, зат. 1. Белгілі бір нәрсенің бұлдыр бейнесі (психикалық кұбылыс). 2. Өткен күннің (істің) қым-қуыт оқиғасы, шым-шытырық көрінісі. 3. **Ауыс.** Түс сияқты кұр алданыш, бос қиял; шын емес, жалған дүние.

Елес берді. а) Көз алдына келді, елестеді. ә) Бір көрінді де жоқ болды; шаңын көрсетті.

Елес ұрды. Елестеді, көз алдына келді, елес берді.

ЕРІК, зат. 1. Ықтияр, ырық, билік,

2. Хақы, кұқы, кұқығы. 3. Адам бойындағы психологиялық сезім; жігер, қайрат.

Бас еркі. Бас бостандық, тең кұқықтық.

Еркі күшті. Мақсатына жетпей қоймайтын, жігерлі, қайратты.

Еркін алды. Ықтиярсыз етті, бойын биледі.

Еркіне бағынды. Ырқына көнді, жетегіне жүрді.

Еркіне жіберді. Еркін берді, дегеніне көнді.

Еркінен айырды, заң. Бас бостандығын жойды.

Ерік алды. а) Еркіндеді, асқақтады, серпідді. ө) Тендікке жетті, бостандыққа ие болды.

Ерік берді. Ырқына жіберді, ықтиярлы етті.

Еркіне қоймады. Ырық бермеді. Өз еркі өзінде. Билігі бар, ықтиярлы.

ЕРІК-ЖІГЕР, зат. адамның қабілеттілік қасиеті, еркі күшті болушылық.

ЕС, зат. 1. Адамның естіген, көрген-білгенін ойда сақтау қабілеті; ақыл-ой. 2. **Ауыс.** Сүйеніш, медеу, серік.

Ес болды. Медеу қылды, тірек етті, арқаланды.

Ес білгелі. Есейгелі, ер жеткелі, күні бүгінге дейін.

Ес білді. Есейді, ер жетті, оң-солын таныды.

Ес білдірді. Дем берді, рухтандырды, жәрдемдесті.

Ес біліп, етек жапқалы (жиғалы). Есейгелі, ер жеткелі.

Ес біліп, етек жапқанша. Жасынан есейгенше.

Ес біліп, етек жапты. Есейді, есі кірді, өзіне өзі келді.

Ес жиғызды. Қамқорлық жасады, пана болды, қолұшын берді.

Ее жиды (жинады). а) Талққсыған адам өзіне өзі келді; ақылы кірді.

ә) Ауыр тауқыметтен кұтылды, қорқыныштан арылды.

Ес жоқ. а) Жастыққа, албырттыққа бой ұрған, масаң. ө) Қуанышында не қорқынышында шек жоқ; асып-сасулы, есі шыққан.

Еске (есіне) алды. Ойына түсірді, ескерді, еледі.

Еске (есіне) келді. Ойға түсті, жаңғырды, ескерілді.

Еске (есіне) салды. Ойына түсірді, елетті, ескертті.

Еске (есіне) түсірді. Аңғарды, ұқты.

Ес кетті, жан шықты дегенде. Өлдім-талдым дегенде, эзер, әрең-әрең.

Ес көрді. Медеу тұтты, сүйеніш қылды.

Ес (есі) кірді. а) Есі ауған адам өзіне- өзі келді, түзелді, айықты. ө) Ақыл

кірді, есейді, ер жетті.

Ес калмады. а) Барынша ынтықты, құмарланды. ө) Қатты қорықты, зәре-құты калмады.

Ес қатты. Есі кірді, есейді.

Ес қылды. Көңілге демеу қылды, арқа тұтты.

Ес таптырмады. Ес жиғызбады, абыржытты, састырды.

Есте (есінде) жоқ. Ойда қалмаған, ұмытылған.

Есте жоқ ескі мезгілде, фольк. Баяғыда, баяғы заманда.

Есте (есінде) қалды. Жадында сақталды, ұмытылмады.

Естен (есінен) кетпеді. Ұмытылмады, ойдан шықпады.

Естен қалмады (қалдырмады). Жадынан шықпады, ұмытылмады.

Естен (есінен) танды (тандырды). а) Ойлау, тану қабілетінен айырылды, есеңгіреді. ә) Күйінші-сүйініштен асып-састы, абыржыды. б) Береке-құты калмады, састы, мәңгірді. в) Ынтықтырды, елітті, құмарттырды.

Естен (есінен) шығарды. Ұмытты, ойда қалмады, еленіп ескерілмеді.

Есте (еске, есіне) сақгады. Ойда ұстады, жадынан шығармады, ұмытпады.

Есте (есінде) тұтты (ұстады). Ұмытпады, жадында сақтады.

Ес тоқтатты. Ақылы кірді, есейді, толысты.

Ес тұтты. Арқа тұтты, сүйеніш, пана көрді.

Ес түсті. Ақылына келді, сабасына түсті.

Есті қашырды. Абдырады, асып-састы.

Есі ауды. а) Ақыл-естен айырылды, талып қалды. ө) Аңсары ауды, құмар болды.

Есі ауысты. Ақылынан адасты, есеңгіреді, жынданды.

Есі бар. Есті, ақылды.

Есі бүтін. Ақылы бүтін, ойлау қабілеті дұрыс.

Есі дұрыс. Ақылы түзу, дені сау, ойлау қабілеті бар.

Есі енді. Өз-өзіне келді, ес жиды.

Есі жарым. Ақылы кем, жарымес.

Есі кетті. а) Зәре-құты калмады, үрейі ұшты. ә) Берекесі кетті, састы, абдырады. б) Ынтықты, елітті, құмартты.

Есі кірелі-шығалы. а) Ақылы толыспаған жас. ө) Ақылы кем, жарымес.

Есі кіресілі-шығасылы. Есі ауған, талықсыған, шала есті.

Есі қатты, жерг. Басы қатты.

Есінде тұрмады. Ұмытты, есінде калмады.

Есін алды. а) Ынтықтырды, елітті, мас қылды. ө) Мазасын кетірді, есеңгіретті, мезі етті.

Есінен адасты. а) Ақылынан жаңылысты, есеңгіретті. ө) Абдырады, састы.

Есінен айырылды. а) Ақылынан алжасты, мәңгірді. ә) Есі шықты, үрейі ұшты, абдырады.

Есінен жаңылды. а) Ақыл-есін жоғалтты, есеңгіреді. ө) Есі кашты, мәңгірді.

Есінен тастамады. Ұмытпады, жадынан шықпады.

Есіне (еске) түсті (түсірді). Ойына алды, елестеді.

Есін жиып, етегін жапты. Өзіне өзі келді, қалыпты өмірге кірді, теңелді.

Есін шашты, жерг. Ақылы пышырады, берекесі кетті, құты кашты.

Есің барда елің тап. Дер кезінде қимылда, мүмкіндікті пайдалан.

Есің барда етегің жап. Арабыройынды сақта.

Есі шықты. а) Зәресі зәр түбіне кетті, үрейі ұшты, қатты састы. ө) Қуанышы қойнына симады, есі калмады. б) Ынтызар болды.

ЖАД, ар. зат. Адам баласына тән ой, ес, қапер.

Жадына алды. Еске түсірді, ойлады.

Жадынан шықты. Естен шықты, ұмыт болды.

Жадына сақтады. Есте тұтты, ұмытпады.

Жадында тоқыды. Ұғып-біліп, есте тұтты.

Жадында тұтты. Есінен шығармай, ойында сақтады.

Жадына түйді. Ұмытпастай ұғып алды.

Жадына түсірді. Есіне келтірді.

Жадында жок, Ойында болмады, есінен шығып кетті.

Жадында қалды. Ойдан кетпеді, естен шықпады.

Жадында ұстады. Ойдан шығармады, есте тұтты.

ЖАН, зат. 1. Адамның психологиялық ішкі сарайы, ой-санасы, рухани қасиеті. 2. Жүректің бойға тараған қан, жүрек соғысы. 3. *Діни.* Жан-жануарларға тіршілік беретін рух. 4. Қадір-қасиет тұту ретінде айтылатын сөз.

Жан алар. а) Жаналғыш, өлтіруші. ө) Кәнішер, жауыз, құзғын.

Жаналғыш. Жан алушы, әзірейіл.

Жан алды. а) Тірі қалдырмады, өлтірді. ө) Әжуалай мазақ етті, күлкі етіп, жер қылды.

Жаналқымға алды. а) Мұршасын келтірмеді, бұрылтқызбады. ө) Қыспаққа алды, қысым көрсетті, зорлады.

Жаналқымға келді. Қысылтаяң, қауіп-қатерге ұшырады.

Жаналқымға (таянды) тақалды. Өлім халіне жетті, өлермен болды.

Жаны алқымға тығылды. а) Ажал тақалды, әлі құрыды. ө) Қысым көрді, қыспаққа түсті.

Жаналқымға тірелді. Қыспаққа түсті, қысылтаяңға кездесті.

Жаналқымда. Қысылтаяңда, асығыста.

Жан алушы. Жаналғыш, әзірейіл.

Жан алыс, жан беріс. Қантөгіс, қырғын.

Жаны ауырды. Жанға батты, азабын тартты. ө) Көңіліне ауыр алды, ренжіді. б) Жаны ашыды, қамын ойлады, аяды.

Жаны ашыды. а) Есіркеп-мүсіркеді, аяды. ө) Қамқорлық жасады, қамын жеді.

Жанашыр. а) Ет жақын, туған-туыс. ө) Жанкүйер қолдаушы, жақтаушы.

Жанашырлық. Ниеттестік, тілектестік.

Жан аямады. а) Іске белсене кірісті, жанын салды, тартынбады. ө) Ер жүректі, батыл.

Жан аяспас. а) Кимас, қадірлес. ө) Бігіспес, өшпес.

Жан бақты. а) Күн көрді, тіршілік етті. ө) Жан күтті, күтінді. б) Жанын түсінді, ойын аңғарды.

Жан бала. Туған перзент.

Жан баласы. Ешкім, ешбіреу.

Жан бауыр. а) Ең жақын, туған. ә) Ыстық; жақын.

Жан берді. а) Жантәсілім етті, өлді. ә) Жанын салды, аянбады. б) Ант-су ішті, қарғанды. в) Өң берді, жайнатты, құлпыртты,

Жан берісіп, жан алды.. Қырылысты, қырқысты.

Жан бітті. а) Жүректен бойға қан тарады. ә) Әрекет жасады, іске қосты.

Жан бітірді. Жарқыратты, жайнатты.

Жанға батты. а) Аурудан мазасы кетіп, қатты қиналды. ә) Қайғыда қиналды, налыды. б) Жанына тигізе айтты, қатты сөкті.

Жанға жайлы. а) Көңілге қонымды, жағымды. ә) Алаңсыз, тыныш, жым-жырт.

Жанға жылы тиді. Жарасыммен жанға жақты, көңілге ұнады.

Жан далбаса. Асыға-масыға, тездете.

Жан далбасалады. Жанұшырып әлек болды, әуреленді.

Жан дауысы шықты. Құлындағы дауысы құраққа шықты, шыңғыртты.

Жан дәрмен. а) Жанталас, арпалыс. ә) Амал-айла, тәсіл.

Жан дегенде жалғыз. Ең жақын, адал, сенімді.

Жан дүние. Психологиялық ой-сана, сезім.

Жан есірік. Есуас, ессіз.

Жан жолдас. а) Жұбай, жар, зайыбы. ә) Ең жақын, сыйлас адам.

Жан жүйке. Жүйке тамыр, нерв жүйесі.

Жан жүрек. Шын көңіл, таза сезім.

Жан игі. Ардақты, қасиетті, бағалы.

Жан керек. Өлгісі келмеді; тіршілік еткісі келді.

Жан кетті. а) Бойға қан жүрмеді, жүрек соқпады. ә) Ауырғаны сезілмеді, ауырмады.

Жан жары. Сүйген жары, жұбайы, қосағы.

Жанкешті. а) Батыл, ержүрек. ә) Дүние салды, өлді.

Жанкештілік. Өжеттік, батылдық.

Жанкүйер. а) Жанашыр, туыс, жақын. ә) Жақтаушы, қолдаушы.

Жан күйтеді. Жан бақты, жанын күтті.

Жан кірді. а) Жан бітті, тірілді, есін жиды. ә) Құлпырды, жайнады. б) Риза болды, рахаттанды, сүйсінді.

Жанқайғы. Бейнет, азап, арпалыс.

Жанын қиды. а) Құрбан болды, жанын пида қылды. ә) Жанын салды, аянбады.

Жанқияр. Ержүрек, өжет, батыл.

Жан қинады. а) Жанына батты, қиналды. ә) Бейнеттенді, азаптанды.

Жан қысылды. Не істерін білмей састы, қиналды.

Жаннан (күйді, түңілді) безді. Өмірден үміт үзді.

Жанпида етті. Жанын аямады.

Жанпида қылды. а) Құрбан болды, өлді. ә) Аянбады.

Жан сақтады. а) Өмір сүрді, тіршілік етті; күнелтті. ә) Қорғаныш етті, пана қылды.

Жан салды. Тірілтіп алды, есін жинатты.
Жан сарайы. Жан дүниесі.
Жансауға. Бас амандық, есеп-салық.
Жан сауғалады. Жеке басын қорғады, қауіп-қатерден қашқалақтады.
Жансауғалаушылық. Жан сақтау.
Жан саялады. Жан сауғалады.
Жан сезімі. Жан дүниесі.
Жан серік. а) Сүйген жары, қосағы, жұбайы. ә) Сүйеніш, тірек, жұбаныш.
Жан созды. Шыдады, төзді.
Жан сүйсінді. Көңілі толды, риза болды.
Жан (сөз) сыры. Шындық, ақиқат.
Жан тапсырды. Өліп кетті, дүние салды.
Жан таптырмады. Дамыл бермеді, тыным таптырмады, жанын қоймады.
Жан тартты. Жаны ашыды, аяды.
Жантәсілім. Ажал, өлім.
Жантәсілім берді. Көз жұмды, дүние салды.
Жан тәтті. Өлгісі келмеді, жанын қимады, қорықты.
Жан тебірентті. Елжіретті, егілті, жанға батты.
Жан терге түсті. Қара терге түсті, катты қиналды.
Жан түршікті. Зәресі ұшты, шошыды, қорықты.
Жан тыныштық. Жанға жайлылық, рақатқа батушылық.
Жан тітіркенді. Төбе шашы тік тұрды, сескенді, қорықты.
Жан ұшырды. Дегбірсізденді, асып-састы.
Жан үзді. Жантәсілім етті, қайтыс болды.
Жан шақырды. а) Тамақ ішіп, бойы жылынды. ә) Өзіне өзі келді, есін жиыды.
Жан шошыды. Зәресі ұшты, қорықты.
Жан шошырлық. Жантүршігерлік, қорқынышты.
Жаны байыз таппады. Тықыршып шыдамады.
Жаны бар. а) Демі біткен жоқ, тірі. ә) Намысқор, ұятты.
Жаны барында. Тез, жылдам.
Жаны басқа. Ерекше, өзгеше.
Жаны берік. Қуатты, мықты.
Жаны бір. Тату-тәтті, сыйлас.
Жаны еріді. Жақсы көрді, ұнатты, елжіреп сүйсінді.
Жаны жадырады. Жайдарыланды, көңілденді.
Жаны жай тапты. а) Тынышталды, тыным тапты. ә) Көңілі тынды, көңілі орнықты.
Жаны жоқ. Ықыласы басқа, ерекше.
Жаны жүдеді. Уайымдады, қайғырды.
Жаны кетті. Өлсіреді, жансызданды.
Жаны көрінді. Қатты қиналды, қысылды.
Жаны күйді. Ызalandы, күйінді.
Жаны қалады. Жанына жақты, ұнатты.
Жаны қалды. Тірі қалды, өлмеді.
Жаны қалмады. Асты-үстіне түсті, бәйек болды.

Жаны қара. Қараниетті, арам.
Жаны қара бақайына кетті. Зәресі ұшты, шошынды.
Жаны қас. Жек көрді, жактырмады, ұнатпады.
Жаны қасам болды. Зәресі кетті, үрейі ұшты.
Жаны құмар (күштар). а) Ынтық, ынтызар. ә) Сүйікті, қадірлі, қымбатты.
Жаны қысылды. Жанына батты, қиналды.
Жанымен берілді. Шын ықыласымен, бар ынтасымен істеді.
Жаны мұрнының ұшына келді (тақалды). а) Зәресі ұшып, құты кашты, жаны қысылды. ә) Қатты қысылды, қатты қорықты.
Жаны мұрнының ұшында. а) Үрейленуде, жанталасуда. ә) Шошыды, зәресі қалмады.
Жанына балады. Ардақтады, құрмет тұтты.
Жанына жакты. Тәуір көрді, ұнатты.
Жанына жара салды. Қайғы-қасірет тартқызды, уайымға түсті.
Жанын алды. а) Жоқ қылды, өлтірді. ә) Састырды, тықсырды.
Жанынан қорықты. Тірі қалмайды, өледі деп шошыды.
Жанынан түңілді. Дүниеден безді, шошыды.
Жанына тиді. Келемеж қылды, ренжітті.
Жанын берді. Ант ішті, карғанып-сіленді.
Жанын далаға тастай алмады. Өз қадірін білмеді, өзін-өзі бағаламады.
Жанын жағасынан алды. Жаналқымға алды, әуреге салып қыстады.
Жанын жалғады. Күн көрді, пайда түсірді.
Жанын жалдады. Жанын беріп алдап-арбау, қулыққа салу.
Жанын жегідей жеді. Жанға батты, уайымдады.
Жанын жеді. а) Өзін өзі азапқа салды. ә) Қиналды, жанына батты, азап тартты. б) Уайым жеді, қайғыдан мазасы кетті.
Жаиын көзіне көрсетті. Қатты қиналды, жанға батты.
Жанын күтті. Баппен жүрді, күтінді.
Жанын қарманды. Әрекеттенді, талаптанды.
Жанын қорғады. Жан бақты, басын сақтады.
Жанын қоярға жер таппады. а) Шыдамы кетті, безек қақты. ә) Дегбірсізденді, сасқалақтады. б) Есі шығып жанталасты, арпалысты.
Жанын құрбан (қылды) етті. Жан қиды, өлімге басын байлады.
Жанын қыстады. Азапқа салды, қинады.
Жанын ортаға салды. Қиындыққа төзді, бас байлады.
Жанын отқа салды. Жанын пида қылды, өлімнен тартынбады.
Жанын (бар жанын) салды. Аянбады, бар ықыласымен істеді.
Жанын сатты. Құныға салынды, аянбады.
Жанын сықты. Қыспаққа алды, қысты.
Жанын тындырды. Көмектесті, қолғабыс қылып дем алдырды.
Жанын ұрды. Жанына батты, кайғырды.
Жанын шүберекке түйді. а) Жанұшырды, аласұрды. ә) Зәресі ұшып шошыды, үрейленді.

Жаныңа не керек? а) Нең жетіспейді, не мұқтажың бар? ә) Жоқ емес зат жоқ, барлығы түгел.

Жанын шығарды. а) Жанға батты, қатты ауыртты. ә) Екі аяғын бір етікке тықты, қысты.

Жаны өртенді. Күйінді, жанына батты.

Жаны сая тапты. Көңілі тынды, жаны жай тапты.

Жаны сүйді. Жақсы көрді, ұнатты.

Жаны сірі. Шыдамды, мықты, төзімді.

Жаны тойды. Қанағат қылды, тояттанды.

Жаны тынды. Тынышталды, демі бітті.

Жаны шығып кете жаздады. Қорықты, қатты састы.

Жаны шығып кетті. Шыдай алмады, төзбеді.

Жаны шықсын. Өзіне де сол керек, өлмесе өме қапсын.

Жаны шықты. а) Өлді, демі таусылды. ә) Шамына тиді, ашуланды.

Жаны шыдамады. Төзбеді, көнбеді.

Қатынның (қыздың) қырық жаны бар. Ит жанды, төзімді, жаны сірі.

Не жаны. Қалайша, қалай, қайтіп.

Өлі бойға қан жүгірді. Өшкен үміті жанды, бойға қуат-жігер бітті.

Сөзінің жаны бар. Айтқаны рас, шындық.

Шыбын жан. Тіршілік, өмір.

Шығарда жаны басқа. Ерекше жақсы көру.

ЖАН, зат. 1. Еңбек процесінде құрал-сайман өндіретін күш иесі, адам. 2.

Бірде бір адам, ешкім.

Жан басына. Әр адам баласына.

Жан біткен. Еш адам, ешкім.

Жан біткенді. Түгел, тегіс, бірін қалдырмай.

Жаннан асқан. Баскалардан ерекше, өзгеше.

Тірі жан. а) Адам баласы, адамзат. ә) Еш адам, ешкім.

ЖАН-ЖҮЙЕ, зат. Бүкіл сезім дүниесі.

Жан-жүйесін босатты. Көңілді толқытты, елжіреп сүйсіндірді.

Жан-жүйені тебіrentті. Жан сезімін тербеп, көңіл күйіне әсер етті.

ЖАН-ОЖДАН, зат. Жаны мен ары, адамгершілік қасиет.

ЖАНСЕБІЛДІК, зат. Ит жандылық, көнбістілік, төзімділік.

ЖАНСЫЗ, зат. 1. Астыртын жұмыс істейтін адам, тыңшы. 2. Жасырын, құпия, астыртын.

ЖАНСЫЗДАНДЫРУШЫ, зат. Жанын кетіруші, нерв жүйесін өлтіруші.

ЖАНСЫЗДЫҚ, зат. 1. Астыртын әрекет жасаушылық, жасырын іс істеушілік. 2. Жаны жоқтық, қимыл-қозғалыссыз қалғандық.

ЖАН-ТӨН, зат. Бар жаны, бар ықыласы.

Жан-тәнін аямады. Бар ынтасымен істеді, бүкіл ықыласын салды.

Жан-тәнін салды. Бар күшін жұмсады, аянбады.

ЖАНЫ-ДІНІ, зат. Ынта-ықыласы, бар ниеті.

ЗЕЙІН, зат. 1. Ынта, ықылас, көңіл, ниет, зерде. 2. **Психол.** Адам санасының айналасындағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алып, соған бағыттала тұрақталу процесі.

Зейін аударды. Көңіл қойды, ынтасын салды.

Зейін қойды. Көңіл бөлді, ықылас аударды.

Зейін салды. Ынта қойды, кеңіл бөлді.

ЗЕЙІНДІЛІК, зат. Алғырлық, зеректілік, зерделілік, ұғымталдық, қабілеттілік.

ЗЕЙІН

ЗЕРДЕ, зат. Ақыл-ой, ынта-жігер.

ЗЕЙІНСІЗДІК, зат. Ынтасыздық, ықыластасыздық.

ЗЕРДЕ, зат. Ақыл-ес, сана; зейін.

Зерде (қойды) салды. Зейін қойды, көңіл бөлді, ынта салды.

Зердесі (зердесіне) жетті. Санасы, ойы жетті; ақылына қойды.

Зердесіне құйды. Санасына жеткізді, көкейіне қондырды.

Зердесіне тоқыды (тұтты). Көңіліне түйді, есіне сақтады.

Зердесіне түйді. Зердесіне тоқыды, көкейіне түйді.

ЗЕРДЕ-ЗЕЙІН, зат, Ақыл-ес, сана-сезім.

ЗЕРДЕЛІК, зат. сөйл. Зерделік.

ЗЕРДЕЛІЛІК, зат. Ақылдылық, естілік, саналылық.

ЗЕРДЕСІЗДІК, зат. Ақылсыздық, санасыздық, зейінсіздік, ессіздік.

ЗЕРЕКТІК, зат. Алғырлық, ұғым-талдық, зейінділік, аңғарғыштық.

ЗЕРЕКТІЛІК, зат. сөйл. Зеректік.

ИНАБАТ, ар. зат. 1. Адамгер-шілікке төн сезім, ізгі қасиет, өдеп, өнегелі ізет, ілтипат. 2. Ар, ұждан, ұят.

Инабат тұтты. Өдеп сақтады, ізет білдірді.

КӨҢІЛ, зат. 1. Адамның мінез-құлқына байланысты жалпы эмоциялық сезім (сана, ой, зерде, назар, т.б.). 2. **Ауыс.** Қиял, арман.

Ақ көңіл. Аңқылдақ, таза ниетті, ақ жарқын.

Адал көңіл. Таза ниет, ақ пейіл.

Арам көңіл. Жаман пиғыл, зұлым ойлы.

Ер көңіл. а) Мойымайтын; ашық-жарқын ниет. ә) Бірбеткей, өр мінезді.

Жас көңіл. Балауса қиял, ой.

Көңіл алданарлық. Ермек етерлік, алданыштық.

Көңіл аударды. Назар аударып, зейін қойды.

Көңіл бөлді. Назар аударды, зер салды.

Көңіл білдірді. а) Сезімін білдіріп, ойындағысын айтты. ә) Басу айтты.

Көңілге қонды. Нанымды, орынды болды, ойдан шықты.

Көңілге қылау түсті (түспеді). Реніш туды.

Көңілге медет (медеу). Жұбаныш, таяныш, дәтке қуат.

Көңілге тоқ санады. Өзіне өзі күш беріп, демеу етті.

Көңілге тоқыды. Жақсылап түсінді, мықтап ойға сақтады.

Көңілге ұялады. Ұнады, орынды көрінді.

Көңілге шайтан кірді. Бұзылды, бүлінді.

Көңіл жұбатар. Демеу болар, тірек етер.

Көңіл жықпастық. Ренжітпеу, бетін қайтармау.

Көңіл көзі. Ой, парасат, сана.

Көңіл көтерді. Көңілін жадыратты, ойын сергітті.
Көңіл қойды. Зер салды, назар аударды.
Көңіл қосты. Қосылды, жарасты, ой-пікірлері бір жерден шықты.
Көңіл қошы. Көңілдің жай-күйі, шаттығы.
Көңіл құсы. Арман, мақсат.
Көңіл өксігі. Өкініш, реніш.
Көңіл соқырлығы. Білімсіз, надан; сезімсіз.
Көңілі алаңдады (алаң болды). Қобалжыды, бірдеңені күтумен болды.
Көңілі ауды. Ниеті түсті, сыңайын байқады.
Көңілі бар. Жақсы көреді, ұнатады.
Көңілі бекіді. Ойы орнықты, жай тапты.
Көңілі босады. Мұңайды, жылағысы келді.
Көңілі елжіреді (еріді). Жан-дүниесі босады.
Көңілі жадырады. Көңілденді, шаттанды.
Көңілі жай. Қамсыз, уайымсыз, кайғысыз.
Көңілі жай тапты. Көңілі орнықты.
Көңілі жақын. Ниеттес, сырлас, пікірлес.
Көңілі жарым. Қайғы-қасіретті.
Көңілі жасыды. Мойыды, уайымға батты.
Көңілі жарасты. Бір-бірімен түсіністі; сыйласты.
Көңілі жүқарды. Уайым басты, кайғырды.
Көңілі желікті. Көңілденді, жүрегі алып-ұшты.
Көңілі көтерілді. Шаттана түсті, қуаныш тапты.
Көңілі күпті. Сенімі аз, күмәнді.
Көңілі қайтты (қалды). Наразы болды, торықты, өкпеледі.
Көңілін ашты. Сана-сезімін оятты.
Көңілін басты. а) Өзін-өзі тежеді, дегенінен қайтты. ө) Дегені болды.
Көңілін бір демдеді. Тынышталды, көңілі орнықты.
Көңілінде сайрап тұр. Бөрі жадында, есінде тугел сақталған.
Көңіліне дық түсірді (қаяу салды, жара салды). Ренжітгі, наразы қылды.
Көңіліне күдік алды. Бірдеңеден секем алды, күмөнданды.
Көңілінен шықты. Ойынан табылды, ұнады.
Көңілін жұбатты. Тоқтау айтты, басты.
Көңілін жықпады (жыртпады). Ренжітпеді, қапа етпеді.
Көңілін күпті қылды. Күдік тудырды, мазалады.
Көңілін қимады. Ренжіткісі келмеді.
Көңілін сұрады. Науқастың жай-күйін білді.
Көңілі соқпады. Ұнатпады, немқұрайды болды.
Көңілі суыды. Түнідді, беті қайтып, үмігін үзді.
Көңілі өсті. Шаттанды, жадырады.
Көңілі пәс. а) Көңілсіз, ойда, уайымда. ө) Арам ойлы, пікірі теріс.
Көңілі сап болды. Ойындағысы орындалды, көңілі орнықты.
Көңілі сергіді. Бой жазып, жадырады, көңілденді.
Көңілі соқыр. Еш нәрсені аңдамас, ойсыз, мақсатсыз.

Көңілі судай тасыды. Шектен тыс рақаттанды, масаттанды.

Көңілі толды. Разы бодды.

Көңілі торықты. Қамкөңіл болды. **Көңілі түршікті.** Зересі үшты, қорықты.

Көңілі түсті (түспеді). Ойы, пікірі болды, ниет етті.

Көңілі тынды. Ойындағысы болды, тыйылды.

Көңілі шайлықты. Беті қайтты, мысы құрыды.

Көңілі шалқыды. Куанышқа бөленді.

Көңілі шапты. а) Қызықты, құмартты. ө) Тәбеті тартты.

Қамкөңіл. Көңілі жарым, жабыраңқы.

Кара көңіл. Қасіретті, қайғылы, шерлі.

КІСІ, зат. 1. Адам, пенде, жан.

2. Білікті азамат, жарамды жігіт.

3. Бөтен біреу, бөгде адам. 3. **Ауыс.** Қонақ, мейман, 5. **Ауыс.** Қол, әскер.

Ауқатты кісі. Шаруашылығы күшті, өлді, бай адам.

Бар кісі. Барша адам, адамзат.

Басынан базары өткен кісі. Асарын асап, жасарын жасап біткен адам.

Біздің кісі, этногр. Ертеде өйелдердің ерлерінің аттарын айтпай,

"үй иесі" дейтін тыйым сөзі.

Бір кісі. Біреу, өлдекім.

Бір кісіден кем істемеді. Ешкімнен де олқы атқармады.

Бір кісіден туғандай. Бір анадан, адамнан тарағандай, бір ата-ананың баласындай.

Кісі алатын бурадай бұрқылдады. Шымбайына жете қатты ашуланды.

Кісі алдына барды. Ісі түсіп біреуге жүгінді, тәуелді болды.

Кісі алдында. Біреудің көзінше, бөтен адам тұрғанда.

Кісі аты. Адам есімі.

Кісі аяғы басылды. а) Адам жүрісі азайды. ө) Беймезгіл уақыт болды.

Кісі аяғы саябыр. Тыныштық кез.

Кісі басы. Адам сайың, өрбір адам.

Кісі беті. Адам жүзі, келбеті.

Кісі бетіне қарамады. Ұялды, қысылып-қымтырылды.

Кісі бетіне күліп қарап көрмеген. а) Әдепті. ө) Мінезі тұйық.

Кісі бойы. Кісінің бойымен бірдей ұзындық.

Кісі болар бала. Өсетін, келешегі бар жеткіншек.

Кісі болады. Келешегі бар, адам болады деп үміт арту.

Кісі болды. Өсті, адам дәрежесіне жетті.

Кісіге сенді. Адамға иланды, нанды.

Кісі ғұрлы көрмеді. Адам орнына санамады, адам деп есептемеді, менсінбеді.

Кісі еді. Бөтен жер, бөгде жұрт.

Кісі емес. Адамдық қасиеті жоқ.

Кісі еңбегін қанады. Біреудің ақысын жеді.

Кісі есігін ашып көрмеген. Біреудің үйіне бармаған, бас сұқпаған, қатыспаған.

Кісі есігінде жүрді. Біреудің үйінде жалшылыққа жүрді.

Кісі жұтып қойғандай. Сүп-сүйкімді, өте өдемі, келісті, әрлі.
Кісіні өлтіріп жіберді. Адамды қатты ұялтты.
Кісі қолына қараған. Біреудің арқасында күн көрген.
Кісі кызығарлық. Адам қызықтайтындай, назар аударарлық.
Кісімен шағыстырды. Араға от салып, басқа біреумен ұрыстырды.
Кісі орнына көрмеді. Адам орнына санамады.
Кісі салды. Араға адам жүргізді, елші жұмсады.
Кісі санатына кірді. Адам қатарына қосылды.
Кісі соттау. Адамды жазалау, жазаға кесу, айыптау.
Кісі сыртынан тән пішті. Біреудің үстінен өзінше сөйледі, мінеді.
Кісі тонаушы. Қарақшы.
Кісі тіліне ерді. Басқа біреудің сөзіне сеңді, нанды.
Кісі үйі. Біреудің үйі, бейтаныс, бөтен үй.
Кісі шақырды. а) Адам әкелді, басқа жерден кісі келтірді. ә) Қонақ шақырды.
Кісі шаптырды. Хабаршы жұмсады.
Көпті көрген кісі. Көрген-білгені мол адам.
Қор кісі. Адам қатарына қосылмаған адам.
Қырық кісі. Көп адам.
Сырт кісі. Бөтен, бегде адам.
Өлген кісі. Ол дүниеге кеткен адам.
Үлкен кісі. Жасы толған, егде адам.
КІСІ-КАРА, зат. Кісі-қолаң, әр-түрлі адам.
КІСІ-ҚОЛАҢ, зат. Адамдар, қа-льщ, көп.
КІСІЛІК, зат. 1. Адамгершілік, азаматтық қасиет, адамшылық борыш. 2. Адамдық игі қасиет, парыз. 3. Кісімсіген, дандайсып, өзін жоғары ұстаған мінез. 4. Кісіге тән, қатысты, кісіге, адамға лайық, татитын.
Кісілігі жоқ. Менменсіген төкаппар, адамгершіліктен жұрдай.
Кісілігі ұстады. Төкаппарлығы келді, менменсіді.
Кісілік дәуір. Есейіп, кемелденген кез.
Кісілік жасады. а) Адамгершілік істеді, адамдық көрсетті. ө) Кісімсіп мінез көрсетті, өлдеқандай болды.
Кісілікке ілінді. Адам болды, есейді,
Кісілік қылды. Жақсылық істеді, шарапат жасады.
Кісілік құрды. Басшылық етті, басшы, ақылшы болды.
ҚИЯЛ, зат. 1. Заттар мен құбылыстардың субъективті образдарын қайтадан жаңартып, өңдеп бейнелеуде көрінетін тек адамға тән психикалық процесс. 2. Өзіндік жаңа образдар, жаңа туындылар жасаудағы тереңнен топшылайтын ой көзі, творчестволық көрегендік; фантазия. 3. **Ауыс.** Ой, пікір, ұғым. 4. **Ауыс.** Арман, тілек, мақсат. 5. **Ауыс.** Қиялданудан туған ой жемісі, елес; жалған, өтірік.
Бос қиял. Өнімсіз ой, алдамшы үміт.
Қиялға шомды. Қиялға батты, қиялданды.
Қиял құсы, поэт. Жүйрік ой, сана.

ҚҰЛЫҚ, зат. Адамның мінез-құлқын, ойын, пікірін білдіретін психологиялық және рухани қасиеттердің жиынтығы; ниет, пиғыл.

Құдай құлқын алды. Араны ашылды, қанағаттан айырылды.

Құлқы кетті. Ниеті, ынтасы ауды.

Құлқы сүймеді. Ұнатпады, көңілі қаламады.

ҚЫЛЫҚ, зат. 1. Кісінің жеке басынан байқалатын мінез-құлық. 2. Біреу тарапынан істелген ұнамсыз іс-өрекет.

Қылығы өтті. Қатты қинады, көресіні көрсетті.

Қылығы тәтті. Іс-өрекеті жағымды, сүйкімді.

Қылық көрсетті. Әдеміленді, майысып бұралды.

Қылық шығарды. а) Оқыс мінез білдірді. ө) Назданып, қылымсыды.

МІНЕЗ, зат. Әр адамның өзіндік әрекетінен, тәртібінен байқалатын психикалық және рухани қасиеттерінің жиынтығы.

Ашық мінез. Тұйық емес, жайдары.

Бала мінез. Аңқау, көп нәрсені аңғармайтын аңғал.

Бұйығы мінез. Көп ашыла бермейтін ұяң.

Бірмінез. Бірқалыптан аумамайтын, өзгермейтін.

Ер мінез. Батыл, қайсар, бірбет.

Есек мінез. Қасарыспа, кертартпа.

Ит мінез. Мінезі жаман, мінезсіз.

КИСЫҚ мінез. Айтқанға көнбейтін, қыңыр.

Мінезі ауыр. Мінезі салмақты, байыпты.

Сырмінез. Әртүрлі іс-әрекетіне қанық, сыралғы.

Томырық (тоң) мінез. Ырыққа көнбейтін, дүңкетпе.

Тік мінез. Бетке тура айтып салатын әдет.

Шайпау мінез. Мінезі шатақ, ашушаң.

Шырт етпе мінез. Болар-болмасқа ашу білдіретін, ашушаң адам.

Мінезге бай. Салмақты, жоқтан өзгеге күйгелектенбейтін.

Мінез көрсетті. Оқыс қылық, ашу шақырды (шығарды).

Мінезі түйеден түскендей. Бір нәрсені төтесінен қойып қалатын.

НИЕТ, зат. Бір нәрсеге бейіл, ықылас білдіруде алдын-ала қалыптасатын мақсатты ой, ынта, тілек.

Караниет. Ниеті жаман, арам.

Ниеті ақ (жақсы, түзу, дұрыс). Көңілі, ықыласы адал, ойы таза.

Ниеті ауды. Ықыласы түсті, көңілі кетті.

Ниет білдірді. Ықыласын аңғартты, көңілін танытты.

Ниеті жаман (кара). Көңілі бұзық, ықыласы теріс, арам ойлы.

ПСИХОЛОГИЯ, зат. 1. Ой, сезім, түйсік, елес, тілек, ерік, қабілет, мінез, әдет сияқты психикалық өрекеттердің заңдылықтары туралы ғылым, пән. 2.

Адамның мінез-құлқы, сана-сезімі, ой-өрісі.

САБЫР, зат. Шыдам, тағат, төзім.

Сабыр етті. Абыржып, саспады, тоқтама жасады.

Сабыр сактады. Өзін ұстады, шыдамдылық жасады.

Сабыр таппады. Тағат қылмады, дегбірі қалмады.

Сабыры қалмады. Шыдамы қалмады, дегбірсізденді.

Сабыры таусылды. Әбігерге түсті, шыдамсызданды.

СЕЗІМ, зат. 1. Сыртқы дүние мен құбылыстардың адамға еткен әсер-әрекетіне байланысты ішкі жан дүниесінде пайда болатын психологиялық процесс. 2. Түрліше түсінудің өсерінен пайда болатын түсінік, ұғым, ой.

Жан сезімі. Жан дүниесі.

Сезім мүшесі. Сыртқы дүниені, табиғатты танудағы, құбылыстарды түйсіне білудің көзі.

Сезімі оянды. Түсінігі артты, ой-санасы жетілді, көзі ашылды.

Соқыр сезім. Ақыл таразысына түспеген, ғылыми негізі жоқ наным.

СЕНІМ, зат. 1. Жеке адамдар арасындағы не жеке адамдар менқоғам арасындағы қатынастың сапалық өлшемі, наным. 2. Күткен үміт, ықылас, ниет.

Сенім артты. Үміт күтті, сенді.

Сенім жоқ. Сенуге болмайтын, сенімсіз.

Сенімге ие болды. Өз адамына айналды.

Сенім қағаз. Расталған куәлік қағаз.

Сенімін ақтады. Күткен жерден шықты, үмітін ақтады.

Соқыр сенім. Санасыз, қараңғылық; жоққа сену, иланушылық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақылдың кені. Алматы, Қазақстан, 1981
2. Алдамұратов З. Қызықты психология. Алматы, Қазақ университет. 1992.
3. Балақаев М., Серғалиев М. «Тіл мәдениеті», Алматы, 1995
4. Бектұров Ш., Бектұрова А. Қазақ тілі (ана тілі деңгейінде үйрету құралы) Алматы, 1998.
5. Егізбаева Н., Есжанова Г., Әмірова М. Қазақ тілі. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті, 2003.
6. Жарықбаев Қ. Психология. Алматы, Білім, 1993.
7. Жақыпов С. Жалпы психология негіздері. Алматы, Қазақ университеті, 2008.
8. Иманқұлова С., Егізбаева Н. т.б. Қазақ тілі. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті. 2008.
9. Исанова А. Қазақ тілі. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті. 2009.
10. Қарабаева Қ. Қазақ тілі. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті. 2004.
11. Құралұлы А. Философия, педагогика және психологияға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, Өнер, 2006.
12. Интернет материалдары.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
1- сабақ . Сөз әдебі	5
2 – сабақ. Әдептілік	8.
3 – сабақ. Психология	12
4 – сабақ . Этнопсихология	18
5 – сабақ . Қазақ халқының дүниетанымы	20
6 – сабақ. Қонақжайлылық	25
7 — сабақ . Мақал-мәтелдер – халық психологиясының айнасы	27
8 –сабақ . Шешендік өнер	29
9 – сабақ. Психологияның маңызы	32
10 – сабақ. Адам және қоғам	34
11 – сабақ. Қабылдау	37
12 – сабақ. Ақыл	40
13 – сабақ. Қан тобы және мінез-құлық	42
14 – сабақ. Қызығулар	44
15 – сабақ. Іс-әрекет	46
16 – сабақ. Еңбек	49
17 – сабақ. Зейін	51
18 – сабақ. Ес	55
19 – сабақ. Ойлау	57
20 – сабақ. Сөйлеу	60
21 – сабақ. Эмоциялар мен сезімдер	63
22 – сабақ. Темперамент	66
23 – сабақ. Мінез	71
24 – сабақ. Қабілет	77
25 – сабақ. Жүсіпбек Аймауытов – психолог	80
26 – сабақ. Мағжан Жұмабаев	83
Студенттерге өз беттерінше орындауға берілген қосымша мәтендер	85
Психологияға байланысты терминдер	
мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі	106
Пайдаланылған әдебиеттер	119